

Үлмекен ТӨЛЕШОВА

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖЕКЕ АДАМ ДИАГНОСТИКАСЫ



Оқу құралы

Ұлмекен Төлешова

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЖЕКЕ АДАМ  
ДИАГНОСТИКАСЫ

*Оқу құралы*

63-707-

Алматы  
«Қазақ университеті»

2012 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік

педагогикалық институты

КІТАПХАНА

*Баспаға әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің жанындағы  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және  
жаратылыстану ғылымдары мамандықтары  
оқу-әдістемелік секциясы мәжілісінің және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№2 хаттама 17 маусым 2011 жыл)*

### **Пікір жазғандар:**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры,  
психология ғылымдарының докторы **О.Х. Аймағамбетова**  
«Қайнар» университеті психология және педагогика факультетінің деканы,  
психология ғылымдарының докторы **З.Б. Мадалиева**  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы және этникалық педагогика кафедрасының менгерушісі,  
педагогика ғылымдарының докторы **А.Қ. Мыңбаева**  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің жалпы психология кафедрасының менгерушісі,  
психология ғылымдарының кандидаты **Ж. Бейсенова**

### **Төлешова Ұ. Б.**

Т 53 Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 142 б.

**ISBN 978–601–247–436–7**

Оқу құралында жеке адамның даму факторлары, қалыптасу жолдары мен оның педагогикалық-психологиялық диагностикасын жүргізу әдістері мен тәсілдері қамтылған.

Ұсынылып отырған оқу құралы «психология», «психология және педагогика» және «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарының студенттеріне арналған. Оқу құралындағы материалдар студенттерге, магистранттар мен оқытушыларға және осы мәселені оқуға құмарлығы бар жандарға септігін тигізеді.

**ӘОЖ 66.3.я 73**

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға бағдарланған болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті мен педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына объективті жағдай туғызуда. Бүгінгі білім саласында Республикалық білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс барысында оқушыларға педагогикалық-психологиялық дайындықтың қажет екендігі мәлім.

Олай болса, қазір қоғам алдындағы негізгі міндеттердің бірі – заман сұранысына сай оқу-ағарту, тәрбие мәселелерімен айналысатын педагог-психолог қызметін дамыту. Ауыл және кейбір қала мектептерінде педагог-психолог қызметін сағат саны жетпей қалған пән мұғалімдері мен басқа сала мамандары атқарады. Бұл мамандар педагог-психолог қызметін өз деңгейінде атқара алмайтыны кімге болса да мәлім.

Осындай себептерден кейін оқушылармен педагогикалық-психологиялық жұмыс жасайтын, психологиялық кеңес беретін, тұлғалық, адами құндылық қасиеттерін қалыптастыруда мектепте педагог-психолог маманның қажеттілігі туындап, штаттар мен арнайы бөлмелер ашыла бастады.

Педагогика-психология маманы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелеріне педагог-психолог мамандығын енгізу туралы нұсқау хаты негізінде, еңбекақы қорынан жалақысы бекітілген, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің бұйрықтары мен қаулыларына сүйеніп жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасы егемен ел болғалы педагогикалық білім беру мазмұнына да біршама өзгерістер енуде. Қоғамдағы жаңа әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайларға байланысты оқу пәндерінің барлық түрлеріне де жаңаша талаптар қойылуда. Осы



орайда педагог-психолог мамандарды дайындауда «**Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы**» – кәсіби білім беру жүйесіндегі оқу пәндерінің бірі болып табылады.

**Курстың мақсаты** – студенттердің болашақ кәсіби қызметтерін меңгерту мақсатында оқушылардың тұлғалық, жеке басының дамуының диагностикасы туралы мәлімет беру.

**Курстың міндеттері:**

- оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасу факторларымен танысу;
- мектептегі оқушылардың жан-жақты қалыптасу мәселелерін зерттеуді студенттің игеруі;
- оқушылардың дүниетаным, таным үрдістерінің, танымдық қызығушылықтарының қалыптасу жолдарын анықтау үшін диагностикалық жұмыстар жүргізуі.

«**Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы**» арнаулы курсы барысында студенттер мынадай **білімдерді игеруі тиіс**: тұлғаның дамуы, қалыптасу мәселелері туралы зерттеген отандық және әлемдік ғалымдар еңбектері туралы мәліметтер; мектепте оқушылармен жүргізілетін сабақтан тыс іс-шаралардың түрлерімен, олардың оқушы тұлғасын қалыптастыруға әсері, педагогикалық-психологиялық кеңес беру, психодиагностикалық көмек беру, зерттеу диагностикасы туралы және тағы басқа мәселелерді меңгеруі тиіс.

Мемлекеттік стандартқа сәйкес жоғары кәсіптік білім беруде «**Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы**» арнаулы курсын оқыту барысында студенттердің міндетті түрде меңгеретін **білімдері**:

- оқушының жеке басын дамыту педагогикасының теориялық-әдіснамалық негізі бойынша;
- оқушы тұлғасын қалыптастыру мен дамыту процесі негізінде;
- студентке терең білім беру.

**Психология-педагогикалық диагностика** – жеке ғылыми психологиялық пән, ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады және жеке адамның жеке-психологиялық ерекшеліктерін меңгереді.

**Пәннің негізгі зерттеу әдістері**: бақылау, эксперимент,

іс-әрекет негізгі зерттеу амалдары, диалогиялық техникалар, көрсеткіштерді математикалық-статистикалық анализдеу әдісі және сапалы өңдеу.

«Тұлғаны педагогикалық-психологиялық диагностикалау» пәнінің оқыту процесінде болашақ педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетін қалыптастырып, психодиагностикалық теориялық білім негіздерімен қаруландыру. Адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін бағалау амалы мен жолдарын, психологиялық практиканың әр түрлі облыстарында педагогикалық-психологиялық диагностикалауды ұйымдастыру құрылымын ашып көрсету. Тұлғаны педагогикалық-психологиялық диагностикалау ғылымының негізгі саласынан білім бере отырып, психологиялық көмек көрсету кезінде маманның практикалық дайындығын және кәсіби дағдыларын меңгерту. Қазіргі кездегі психодиагностиканың теориялық және әдіснамалық мәселелерін, оның негізгі принциптерін таныстыру.

«Тұлғаны педагогикалық-психологиялық диагностикалау» курсының игеру нәтижесінде болашақ педагог-психолог мамандарының шығармашылық-танымдық қабілеттері дамып, тәжірибеде кеңінен қолдануды үйренеді.

## 1-бөлім

---

### ПСИХОДИАГНОСТИКАҒА КІРІСПЕ

- Психодиагностика түсінігі және курстың мазмұны мен міндеттері.
- Психология-педагогикалық диагностиканың психология салаларымен байланысы.
- Педагог-психолог қызметіндегі психодиагностиканың орны.

**Ұғымдық түсініктеме сөздер:** диагностика, профессиограмма, психодиагностика, патопсихология, сурдопсихология, типлопсихология, жас-ерекшелік психологиясы, психопрофилактика, психокоррекция, психологиялық кеңес беру, психотерапия және т.б.

#### 1.1. Психодиагностика түсінігі және курстың мазмұны мен міндеттері

Психодиагностиканың ең алғаш дүниеге келген жері – Греция. VIII ғасырдан бастап психикалық мәселелерді зерттеу ба-рысында көптеген ғалымдар жұмыс жасады. XVIII ғасырда дүниеге танымды жактаған кейбір буржуазиялық көзқарастар насихатталды. Психодиагностика психология ғылымының бір саласы ретінде XX ғасырда дами бастады. Психодиагностиканың көзі эксперименталды психологиядан қалыптасты. Ол Германияда 1879 жылы В. Вундттың ең алғашқы эксперименталды лабора-ториясымен тығыз байланысты. Бұл пәнге қызығушылық пси-хологиялық жұмыстың кеңеюі әрі дамуынан туындап отыр.

Сол кезден бастап Советтік педагогикада экономиканың және қоғам дамуына байланысты адамның психикалық, физикалық ерекшеліктерінің қабілеті мен дарыны қалыптасады. XX ғасырдан

бастап эксперимент ретінде психологиялық-лабораториялық жұмыстар жүргізілді. Мұндай жұмыстар Москвада, Харковте, Казанда болып өткен психологиялық съездерде талқыланды. Съездер 1906, 1909, 1910, 1913, 1918 жылдары өтті.

Сол кезден бастап психология сұрақтары, «Весник психология» журналдары шықты. Совет психологиясының өз алдына ғылым болып бөлініп шығуына үлесін қосқан Лапатин, Лоски, Введенский болды. Сонымен қатар жаратылыстану ғылымының негізін салушы Павлов, Лазурский, Сечников, Лесковтардың үлесі ерекше болды. Москвадағы психология институтының директоры Шелпанов аты әйгілі лабораториялық аппараттармен жабдықталған кабинеттерде эксперименталдық зерттеу әдісін жүргізуі ерекше маңызды.

Қазіргі заман психодиагностикасының тарихы ХІХ ғасырдың І жартысынан бастау алады. Яғни, сол кезеңнен бастап, ең алдымен, психология білімінің дамуы басталды. Бұл кезең адам туралы психологиялық эмперикалық білім деп аталады. Талдауда және оны қолдануда шешуші рөлді дәрігердің ойымен сипаттайды. Ал мұнымен негізінен философтар мен жазушылар шұғылданды. Дәрігерлерді емделуі қиын аурулар және аурудың неден пайда болғандығы, сондай-ақ сол жылдары әлемдік дамыған елдерде еңбек еткен жан күйзелістерінен болатын аурулар және невроз себептері қатты қызықтырды. Психиатр дәрігерлер Европа клиникаларында ауруларға жүйелі түрде бақылау жүргізе бастады және өз басқару нәтижесін талдап жазып отырды. Бұл уақытта психодиагностика әдісінің бақылау, сұрау, талдау сияқты әдістері жүзеге асады. Бірақ бұл жылдары психодиагностика тұтастай толық құрылды деп айта алмаймыз. Өйткені мұнда тек дәрігерлерге бір ауру түрін ғана бақылауы және бірдей әдіспен қорытындылауы, оның зерттеу нәтижесінде дәрігерлер қорытындысы жасалды. Бұл кезеңде психодиагностика әдістемелері тек сандық жағынан сипатталатын.

Психодиагностика әдістемелерінің сандық көрсеткіштерін алу ХІХ ғ. ІІ жартысында жүзеге аса бастады. Осы жылдары атақты неміс психологы Вундтың жетекшілігімен әлемде алғаш рет тәжірибелік психология лабораториясы ашылды. Мұнда психодиагностикалау мақсаттары үшін әр түрлі құралдар мен жабдықтар қолданыла бастады.



Л.С. Выготский психологиялық диагнозды түйін деп атады. Диагноз кою барысында адамда жас ерекшелігі ескерілуі қажет. Қазіргі заманғы психологиялық диагноз терминін түсіндірудің қосымша бірнеше түрлері пайда болды:

1. Психологиялық диагноз – бұл жеке адамның психологиялық даму ерекшеліктерін, белгілі бір психологиялық қалыптасуын, жас ерекшелігіне сай дағды, іс-әрекеттің сәйкестігін зерттейді. Психологиялық диагноз – тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне сандық және сапалық түрде баға беру. Бұл іс-әрекеттің объективті және субъективті көрсеткішіне байланысты.

2. Психологиялық диагноз – практик психологтың теориялық, эксперименттік, практика сызбасы негізінде психологиялық білімді қолдану фазасы.

3. Психологиялық диагноз – адамның іс-әрекет жағдайындағы жүріс-тұрыс заңдылықтарын зерттеу.

4. Психологиялық диагноз – нақты бір адамның немесе топ туралы психологиялық ақпараттарды табу.

5. Психологиялық диагноз – тұлғаның жас және дербес ерекшеліктерін, таным процестерін, оқу және даму деңгейлерін, тұлғаның күштілік жақтарын, жеке-дара қасиеттерін, кәсіби ептілігін және т.б. мәселелерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бақылау.

6. Педагог-психолог әрекетінің ақырғы нәтижесі тұлғаның жеке-даралық психологиялық күйін бағалау мақсатында айқындалады.

7. Адамның белгілі бір өмір жолындағы психиканың және тұлғаның ашық бейнеленуі.

8. Психологтың аналитика-синтетикалық әрекеті, адамның белгілі өмір ситуациясында тұлғаның психологиялық дамуының толықтай бейнелену күйінің мақсаты. Ол тұлғаның сыртқы әрекеті арқылы орындалады және адамның жеке қасиеті туралы негізгі қорытынды болып табылады.

Мектептің диагностика, коррекциялық жұмыстар психологының іс-әрекетінде олар бір ғана жұмыс түрі болып саналады: диагностика-коррекциялық немесе диагностика-дамушы.

«Диагностика» оқыту тәжірибесінде «білім, білік, дағды, іскерлікті тексеру» ұғымын қамтығанымен, одан мазмұны, мақсаты жағынан ауқымды. Білім, білік, дағды, іскерлікті тексеру тек нәтижені, фактіні ғана көрсетеді.

Ал «*Психологиялық диагностика*» термині алғаш рет ХХ ғ. 20-жылдарында пайда болып, алғашқыда медициналық ғылым-да (психиатрияда – Г. Роршах «*Психологиялық диагностика*», 1921 ж.), содан кейіннен индивидтің немесе кіші топтың психологиялық күйін анықтауды сипаттайтын психологиялық түсінік ретінде қолданыла бастады.

Дәлірек айтқанда, *Психодиагностика* (психо... және *diagnostikos* – айырып тануға қабілетті) – адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы.

Көптеген адамдар адамның тәніне тәуелсіз жаны болады дейді. Бұл психология ғылымының дамуына да себепші болды.

Психологиялық диагностика тек қана жалпы заңдылықтарды бекітіп, сипаттап қоймай, жағымсыз сәттерді жоюға да нақты көмек көрсетеді. Психологиялық диагностика адам психикасының ерекшеліктері туралы информация жинақтауға бағытталған. Қазіргі психологиялық диагностика психологиялық пән ретінде жеке психологиялық және жеке психофизиологиялық адам ерекшеліктерін зерттеуді, анықтау әдістерін өндейді. Психодиагностика дегенде психологиялық практика облысы, яғни әртүрлі сапаларды (психикалық, психофизиологиялық ерекшеліктер, жеке бас белгілері) анықтаудағы психолог жұмысын есепке алады.

Психологиялық диагностика психологиялық пән ретінде жалпы психологиялық зерттеулермен практика звеносын біріктіру қызметін атқарады. Оның теориялық негізі психологиялық ғылымдардың сәйкес облыстарымен байланыстылығында (жалпы, дифференциалды, жас ерекшелік, медициналық, т.б.). Әдістемелік құралдары ретінде жеке психологиялық ерекшеліктерді анықтау, өңдеу жолдарын және алынған мәліметтерді интерпретациялау үшін нақты тәсілдерді қолдану қажет.

Психологиялық диагностиканың негізгі міндеті екіге бөлінеді: *теориялық және практикалық.*

*Диагностика* дидактикалық процестің нәтижесін анықтау үшін қолданылады. Сондықтан да педагогикалық диагностиканың мазмұнына келсек, «диагностика» түсінігінің мәні «білім,

ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді.

Диагностикалау кезінде нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар-бағытын, ілгерлі не кері қозғалысы анықталады.

*Педагогикалық диагностика* – педагогикалық мақсатты жетілдіру үшін алынған зерттеу қорытындысының талдауы негізінде жаңа ақпарат алуға, білім берудің (оқу, тәрбие) сапасын жақсартуға және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған процесс.

*Педагогикалық процесте диагностика келесі функцияларды орындай алады:*

1. Констатациялау – белгілеу (ақпараттық).
2. Болжау.
3. Құндылық – бағдарлану (бағалау);
4. Өзіндік оқып-үйрену, өзіндік даму.
5. Дамытушылық (тәрбиелеуші).
6. Конструктивті.

Адамның тәніне тәуелсіз жаны болатынын жоғарыда айттық. Жан барлық психикалық тіршілікке негізгі себеп. Осының өзі сол кездегі адамның табиғат сырын дұрыс түсіне алмауына байланысты. Олардың айтуынша табиғатқа табынбайтын ерекше күш бар дейді. Адамның дамуын зерттейтін жеке бір сала ретіндегі бір пән пайда болды.

**Диагностика** – зерттеу процесі немесе объект туралы толық ақпарат алудың жалпы тәсілі.

Диагностика әлеуметтік технологияның маңызды компоненті болып табылады (мақсат – диагноз – болжам – бағдарлама – енгізу және талдау). Осыған байланысты әлеуметтік қызметтің практикасында әртүрлі зерттеу әдістерінің принциптері, алгоритм процедуралары және тексеру тәсілдерін қосатын өзіндік диагностикалық технология қалыптасады.

**Оқыту диагностикасы** – қандай да бір жүйенің күйін сипаттайтын белгілерді нақтылау және үйрену кезіндегі мүмкін ауытқуларды айту, олардың жұмыс тәртібінің бұзылуының алдын алу жолдарын айқындау болып табылады.

**Тәрбие диагностикасы** – тәрбиені тәрбиешілер мен



тәрбиеленушілердің өзара әрекеттерінде, тек қана тәрбие объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып табылатын тәрбиеленушілердің өздерінің өзара әрекеттерінде іске асатын процесс.

Студенттердің болашақ кәсіби қызметтерін меңгеру мақсатында оқушылардың тұлғалық, жеке басының дамуын түсіне алу қабілетін қалыптастыру диагностикасы туралы мәлімет беру арқылы төмендегідей міндеттер туындады:

- оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасу факторларымен танысу;

- мектептегі оқушылардың жан-жақты қалыптасу мәселелерін зерттеуді студенттің игеруі;

- оқушылардың дүниетаным, таным үрдістерінің, танымдық қызығушылықтарының қалыптасу жолдарын анықтау үшін диагностикалық жұмыстар жүргізуі.

## 1.2. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың психология салаларымен байланысы

**Арнаулы психология.** Мұның өзі патопсихология, олигрофренопсихология, сурдопсихология, тифлопсихология болып бөлінеді. **Патопсихологияда** – адамның психологиясының зақымдануын, психиканың әр түрлі күйзеліске ұшырауын, оларды бір жүйеге келтіріп, оқытып, тәрбиелеу мәселесімен шұғылданады. **Олигрофренопсихология** – бала іштен туылған кезде психологиялық ауытқуларға байланысты өзгешеліктері бар, яғни ақыл-ойы кемтар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесімен шұғылданады. **Сурдопсихология** – есту мүшесі кем балалардың, саңыраулардың, мылқаулардың психологиясын бір жүйеге келтіріп, оқытып тәрбиелеу мәселелерін зерттейді. **Тифлопсихология** – нашар көретіндердің, соқырлардың, су қараңғылар психологиясын зерттейді. Психологияның келесі саласы **жас ерекшелік психологиясы**. Бұл адамның тіршілігінің психикасы мен даралық ойларын әрі даму заңдарын зерттейді. Жас психология өзі бірнеше салаға бөлінеді. Балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы, геронтопсихологиясы, педагогикалық психологияның оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін қарастырады.

**Оқыту психологиясы** – баланың ойлау процесін дамыту мен



оқу мотивациясын тиянақты меңгеруін жүйелі түрде басқарып, баланың ақыл-ой, т.б. дағдыларын қолдану мәселесін іздестіреді. Оқу тәрбие жұмысының тиімді болуына жол ашады. Оқыту психологиясы – жалпы дидактиканың жеке пәндерді оқыту методтарының негізін басшылыққа алады, ал тәрбие психологиясы жас ұрпаққа компоненттік тәрбие беру негізін және ой-санасы кеміс балаларды оқыту мәселесімен шұғылданады. Тәрбие психологиясы өзі психология болып жеке бір тармаққа бөлінеді. Осы психологиялар ішінде жалпы психологияның алатын орны ерекше. Мұны сауда психологиясы мен медицина психологиясы және инженерлік психологиямен қатар қоюға болмайды.

**Жалпы психологияны кейде эксперименталдық психология** деп атайды. Жалпы психология – психикалық құбылыстардың пайда болуы мен дамуын, адамның дүниетануы мен психикалық іс-әрекетін зерттейді. Сол сияқты түйсіну, қабылдау, ес, қиял, ойлау, мінез, қабілет, темперамент ерекшеліктерін зерттейді. Бұл барлық психологиялық салалардың дамуының негізгі тірегі деп есептейді. Сондай-ақ жалпы психология көптеген қоғамдық ғылымдармен, саяси экономия мен қоғамтану, тарих, өнертану, медицина ғылымымен де байланысты. Өйткені бұл ғылымдардың бәрі адам санасына қызмет атқарады. Психологияның айналысатын мәселелері зерттеледі. Психология барлық ғылымдармен де байланысты. Психиканың математикалық негізі ми мен нерв жүйесінің негізін зерттейтін анатомиямен, физиологиямен тығыз байланысты. Психологияның педагогика үшін маңызы зор. Адамның жас мөлшеріне байланысты даму заңдылықтарын, жеке бас ерекшеліктерін, білім беру мен тәрбиенің тиімді әдістерін пайдалануға толық негіз болады. Негізінде психологияның зерттейтін мәселесін топтасак, мынандай 3 түрін көреміз:

- 1) психикалық процестер;
- 2) психикалық қалып немесе жағдай;
- 3) психикалық қасиеттер.

Психологиялық процестерге – түйсік пен қабылдау жатады. Осылар бойынша заттар мен құбылыстар сезім мүшесіне әсер етеді. Ал ес процесі арқылы болмыстағы бейнелер адам санасын тікелей танып-білуге болмайтын заттар мен құбылыстарды мәнді және жанама түрде бейнелейді. Ал эмоциялық процестер

арқылы адамда әр түрлі сезімдер пайда болып, оның қажетін қанағаттандыруы тиіс деп есептейді. Психикалық жағдайға адамның сезім көріністері, көңіл күй өзгерісі, ашуланып күйіп-пісу жатады. Адамның еркі, сенімі, тартыншақтығы, ойлаудағы күмәнденуі психикалық жағдайға жатады. Әр адамның өзіне тән ерекшелігі, психикалық қасиеті болады. Кейбір адамның сурет салуға, кітап оқуға ықыласы күшті болады. Екінші бір адамның әрекеттің басқа түріне қабілеті болады. Біреулер қызба, темпераментті болады. Ал кейбіреуі бірқалыпты, байсалды болады. Сонда ықылас, қабілет, темперамент, мінез адамның психикалық қасиеттері деп есептелінеді. Психикалық процесс, психикалық жағдай, психикалық қасиет бір-бірімен тығыз байланысты. Үшеуінің жиынтығы **психика** деген ұғым береді.

Сонымен қатар психологиялық диагностиканың *арнайы салалары: жалпы және жеке психологиялық диагностика.*

Қазіргі кезде диагностика әлеуметтік практиканың мынандай салаларында кеңінен қолданылады.

1. Кәсіби таңдау мен кәсіби бағдар. Психологиялық-педагогикалық диагностика шаралары жеке сапа ерекшеліктерін, кәсіби маңызды сапаларын, кәсіби жарамдылығын, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін жақсартуын зерттеуге бағытталған.

2. Әлеуметтік мінез-құлықты болжау (қылмыс себептерін зерттеу, некені диагностикалау).

3. Оқыту мен тәрбиені оптимизациялау (мектеп диагностикасы). Психологиялық-педагогикалық диагностиканың бұл саласы халыққа білім беру міндеттерімен тығыз байланысты.

4. Психотерапевтік жәрдем клиникалық психиатрияның әдістемелерімен қамтамасыз етеді (клиникалық психодиагностика). Бұл соттық психологиялық-психиатриялық экспертизамен және т.б. тығыз байланысты.

Диагностикалық қызмет жүйесінде өзінің принциптік ерекшеліктері бар. Зерттеу қатарында бірінші кезекте психодиагностиканы «ғылыми-зерттеу» мен «ғылыми-тәжірибеден» ажырату жатады. Егер бірінші тапсырма – психикалық дамудың белгілі бір заңдылығын тіркеу болса, онда екінші мақсат – нақты сұраққа жауап беру нақты психиканың пайда болуымен байланысты. Сондықтан да диагностика белгісі практик-психолог

үшін өз мақсаты болып табылмайды, ол әрқашанда басты тапсырмаға сүйенеді – ол баланың психикалық дамуын өңдеу немесе түзету.

### **1.3. Педагог-психолог қызметі және оның психодиагностикадағы орны**

Педагог ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын, қоғамдық-тарихи тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы тұлға болса, мектепте психолог маман оқушы жанын түсініп, оның өмірде өз орнын табуға көмек көрсететін жан.

Жаңа формацияда білім беру саласындағы барлық процесте, пән оқушылары мен топ тәлімгерлеріне кәсіби дайындықтарын өзгертіп, толықтыру онда білімдердің жекелік ерекшелігін ескеру, қабілетіне және тұлғалық бағыттылық ықпалына қарай жағдай туғызуды қажет етеді. Осындай психологиялық міндеттерді шешуде теориялық және практикалық негізде педагогикалық-психологиялық қызмет көрсету қажеттілігі туындады.

Қазақстанда тоғыз мыңнан аса мектепте үш миллиондай оқушы бар десек, онда осы сала бойынша педагог-психолог мамандар аса қажет екені өз-өзінен белгілі. Келешекте Қазақстанның әр ұлттық мектебінде педагог-психолог маманы болуға тиісті. Әзірге тоғыз мыңдай педагог-психологты қажет ететін елімізде оның үштен біріндей ғана болатын маман бар.

Педагог-психологтар қоғамдағы саяси-экономикалық жағдайларда кездесетін келеңсіз үрдістермен күрес жүргізе алатын – күрескер болуы керек.

Өйткені, ол халықтың қамын, шәкірттің болашағын ойлайтын және сол үшін еңбек ететін тұлға.

Қазіргі таңда көптеген мектептерде педагог-психолог маманның қызметіне әлеуметтік педагог қызметі де кіреді. Кейбір мектептерде әсіресе ауылдық жерлерде педагог-психолог маман көбінесе тәрбиешінің міндеттерін орындап, түрлі сауықтыру жұмыстарын атқарады. Бұрын осы іспен тәлімгер айналысатын. Тәжірибенің нәтижесіне қарай осы мамандықтың кәсіби іс-әрекеті ерекше болатындығы бізге мәлім.

Кез келген білім беру жүйесінде білім алушы адам үйренуші болып табылады. Осы түсінікте адамның өзі басқалардың



көмегімен оқытыны атап көрсетіледі, яғни, ол білім беру процесінің белсенді субъектісі бола тұрып, барлық қарастырылған субъектілік сапалармен, қырлармен сипатталады.

Сонымен бірге барлық үйренушілер білім беру жүйесінің белгілі бір сатысында бастапқы, жалпы және тек оларға тән ерекшеліктермен, қырлармен сипатталады. Бұл, әр білім беру сатысы, әдетте, адам өмірінің белгілі бір кезеңімен теңестірілуімен түсіндіріледі.

Білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет: ғылыми, қолданбалы және практикалық сияқты үш тұрғыда қарастырылады.

**Ғылыми** жағы білім берудегі психологиялық қызмет мәселелерінің зерттелуін, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, психодиагностика жасау, қазіргі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту немесе білім беру, білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің аймақтық жүйесіндегі жұмыстарына тікелей қатысты және психологиялық түзетулерді қамтиды.

**Қолданбалы** жағы оқыту мен тәрбиенің, оқулықтың, дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу бағдарламаларының психологиялық негіздерін жасау және оны талдауды қоса алғандағы барлық үрдістерін психологиялық жағынан қамтамасыз ету.

**Практикалық** жағы психологтардың білім беру мекемелеріндегі балабақшалар, мектептер, гимназиялар мен интернаттардағы психологиялық қызметі сияқты еліміздің білім кеңістігіндегі біртұтас тікелей құрылым күйінде жобаланады. Бұлардың әрқайсысы білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің тиімділігіне кепілдік бере отырып, өздеріне қатысты да тиісті мәселелерде бірлесіп жұмыс істеуді нақты білуі тиіс.

Сондай-ақ мектеп педагог-психологының қызметтік міндеттері төмендегідей:

\* жалпы білім беретін орта мектептердегі оқытудың барлық кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларды жеке көмек беру үшін педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;

\* психологиялық ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып, мектеп оқушыларының әрқелкі жас кезеңінде жан-жақты, тұлғалық, интеллектілі дамуын қамтуға ықпал етеді;



\* мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді, мектеп оқушыларының интеллектуалды, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді;

\* оқуға психологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтауды мақсат ете отырып, бірінші сыныпқа бала қабылдауға қатысады;

\* педагогикалық кеңестің әдістемелік бірлестіктердің, сыныптардағы, сондай-ақ мектептегі ата-аналар жиналыстарына қатысады, оқушыларға ықпал етіп, жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі проблемаларды шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;

\* мектепте педагог – психология бөлмесін құруды және қажетті құжаттарды сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады.

Сонымен қатар, педагог-психолог оқушының бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында төмендегідей іс-әрекеттер жүргізеді:

- баланың шығармашылық қабілетін немесе өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту;

- пәнге терең қызығушылығын арттыру;

- оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру;

- оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту;

- жалпы білім-білік дағдыларын дамыта оқыту;

- білім базасын арттыру;

- пәндердің ғылыми негізінде оқушылардың білім сапаларының деңгейін жоғарылата, дамыта оқыта отырып, интеллектуалдық жаңашылдыққа, әдептілікке, жеке тұлғалардың эстетикалық мәдениетінің жоғары дамуына ықпал жасауда білімді мықты құрал ретінде қолдану;

- педагог, психолог, тәрбиеші, ақылшы, қамқоршы, жетекші, мейірімді жан.

Ал психологтың бойында әділдік, тапқырлық, қамқорлық,

шыдамдылық, адамшылық, кең пейілдік қасиеттері басым болуы қажет.

Мектептегі педагог-психолог маман жалпы, орта және кәсіптік білім беретін мектептердің жұмыстарын көрсететін құжаттар мен материалдарды, педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы жайында арнайы әдебиеттерді, қазіргі психодиагностиканың және психологиялық түзетудің әдістерін пайдаланып, зерттеу материалдарын талдауды, педагогиканың, дидактиканың сабақ беру әдістемесінің, дефектологияның негіздерін білуге, мектептің психологиялық қызметі құжаттарының толтырылу тәртібін, мектеп құжаттары мен нормативті құжаттарды білуге тиісті.

Бүгінгі мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен күрделі міндеттер тұр, оны шешу үшін кәсіби білім мен іскерлікті меңгеру керек.

Мектептерде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі мектеп педагог-психологының рөлі ерекше деп атауға болады, өйткені олардың бірігіп атқарған жұмысының нәтижесінде болашақ жеке адамның дұрыс әрі жан-жақты жетік қалыптасуына жол ашылады, баланың жекедаралық, шығармашылық, әлеуметтік қалыптасуына негіз беріледі.

Көрнекті психолог, профессор С.М. Жақыповтың еңбегінде оқу процесінің педагогикалық-психологиялық модельдеудің қызметтік деңгейінің бірінші сатысы оқытушы мен оқушылардың ішкі жүйелік қарым-қатынасы ретінде білімнің мазмұндық жанамалығы, оқытудың әдіс-құралдары көрсетіледі. Оқу процесі жүйесінің құрылымдық бағдарын анықтай отырып, білімнің объективті және субъективті мазмұндылығын айыру қажеттілігі туындайды.

Жалпы мектепте педагог-психолог төмендегідей диагностикалық қызмет атқарады:

- Психодиагностика – тұлға туралы жан-жақты ақпарат жинау;
- Психопрофилактика – дезадаптация, белгілі бір жағдайға бейімделудің алдын-алу немесе жағымды психологиялық жұмысбастылық деңгейін төмендету мен оның алдын-алу жұмыстарын жүзеге асыру;
- Психокоррекция – баланың психикасына мақсатты түрде

әсер ету, оның негізгі деңгейге, әрі жас ерекшеліктеріне сәйкес теңестірушілік жұмыстарды жүзеге асыру;

- Психологиялық кеңестер – мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға қажетті психологиялық ақпарат бере отырып, өмірінде кездесетін қайшылықтарды, өтпелі кезеңдерді жеңуге, әрі сапалы нәтижеге жетуіне ықпал ету;

- Психотерапия – тұлғаның сапалық тұрғыға өзгеруіне байланысты мәселелерді жүзеге асыруға бағытталады, тек адамның психикалық ауытқушылығы болмаған жағдайда.

Осыған орай мектептерде педагог-психолог маман әлеуметтік-психологиялық жұмыстарды атқарады:

1. Әлеуметтік-психологиялық ағарту шаралары. Дәріс, семинар түрлеріндегі ақпараттық іс-шаралар. Дәріс мазмұны нақты мысалдарды бейнелейтін көрнекіліктермен, осы заманғы озық техника мүмкіндіктерін пайдаланумен байланыстырып отыру керек.

2. Психологиялық кеңестер жеке сипат алуы керек. Нақты мәселе бойынша берілер кеңестер аса биязы, алдындағы адамның жүрегін жараламайтындай, көңіліне қаяу салмайтындай, мәселенің шешілуіне сендіре білу, үміт отын жағу арқылы кәсіби білікті түрде жүзеге асырылуы тиіс.

3. «Ашық әңгіме» пікірталасы – ортақ мақсат біріктірген ата-аналардың көңіліндегі түйткілдерін ортаға салып, бір-бірімен пікір алмасу.

4. Психогимнастика – бұл баланың көңіл-күй ақуалын реттеуге арналған арнайы жаттығулар кешені. Негізгі мақсаты – қарым-қатынас барысындағы кедергілерді жеңу, өзін және басқаларды түсіне білуін жетілдіру, өзін-өзі таныта білу мүмкіндіктерін жасау. Психогимнастика курсынан толық өткен балалардың құрдастарымен қарым-қатынасы жақсарайды, сезімдерін сыртқа шығаруды үйренеді, мінездерінде батылдық, әділдік, мейірімділік, өз-өзіне сенімділік сапалары қалыптасады.

5. Психотренинг – бұл да қолданбалы психология ғылымының белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым-қатынас іскерлігін дамытуға, сезімталдықты жетілдіруге және мінез-құлықты реттеуге бағытталған.

Педагог-психолог маманның іс-әрекеті әлеуметтік органның



әлеуметтік-мәдени жағдайын оңды өзгертуге мақсатты түрде педагогикалық-психологиялық тұрғысынан бағытталған.

Педагог-психологтың негізгі мақсатына тоқталып өтелік:

- баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау;
- оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу;
- педагогикалық ұжыммен, дәрігерлік қызметпен, социологтар, дефектологтар, сондай-ақ қоғам өкілдерімен тығыз байланыста болу.

Мектептегі педагогикалық-психологиялық қызметтің бірі – баланың психикалық саулығына, яғни жандүниелік, физиологиялық дамуына және ортада қолайлы микроклимат қалыптастыру.

Олай болса, мектеп педагог-психологының моделін ұсынып көрелік.

Педагог-психологтың атқаратын қызметін жіктеу:

- **ақпараттық** (ақпарат беру);
  - **дамытушылық** (ойлауы, елестетуі, тілді дамыту);
  - **мобилдік (мобилизационная)** (істің, тапсырманың, жаттығудың орындалуын қадағалау);
  - **қалыптастырушылық** (сабақты, сыныптан тыс іс-әрекетті, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, өз бетімен жұмыс, т.б.);
  - **коммуникативті** (ата-аналармен, басқа мұғалімдермен, әкімшілікпен, психологтармен, валеологтармен қарым-қатынас);
  - **ұйымдастырушылық** (оқытушыларды, басқа мұғалімдерді, ата-аналарды, өзін, сабақты, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады);
  - **зерттеушілік** (жеке тұлға ретінде зерттеу);
- Сынып жетекшісі, тәрбиешілердің атқаратын қызметтері:
- **ұйымдастырушылық** (сынып сағаттарын, сауалнамалар, экскурсия, т.б. ұйымдастыру);
  - **тәрбиелілік** (оқушылардың қабілеттерін кез келген әдіспен тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту);
  - **ынталандыру** (балалардың іс-әрекетін ынталандыру);
  - **коррекциялау** (қайта түзету);
  - **диагностикалау** (болжамдық зерттеулер жүргізу).



– **психопрофилактика** (психологиялық кеңестер беру, жеке жұмыс жасау).

Ал диагностикалық қызмет төмендегіше бөлінеді.

– өз құзыреті шеңбері бойынша көмекті қажет ететін әлеуметтік қорғау;

– әлеуметтік педагог кәмелетке жасы толмағандардың ата-аналарына құқықтық білім беру мен тәрбиесін ұйымдастыру;

– сынып жетекшісі медицина қызметкерімен және мектептің басқа да қызметкерлерімен, мысалға ата-аналар комитеті, құқық бұзушылардың алдын алу кеңесі, оқушылардың өзін-өзі басқару органы, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия, қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынасын орнатады.

Диагностика барысында балалардың әлеуметтік өмірінің проблемалық кеңістіктегі жіктелуін анықтайды:

– таңдау бостандығы және әлеуметтік шығармашылық (белсенділік жолы) проблемалары – қалыптасқан әлеуметтік өмір нормаларындағы баланың сұранысы мен қажеттілігін қанағаттандыру жолындағы қиындықтар: баланың өз бағыты деңгейінде адамдарға өз қарым-қатынасын көрсетуі, өзінің жаңа статусын орнатуы, әлеуметтік ортаға ықпалы, т.б.;

– әлеуметтік қатынастардың жаңа нормаларын жасаудағы қиындықтар; әлеуметтік бейімделу және бейімделе алмау проблемалары ағымдағы әлеуметтік өмір нормаларына үйрену және меңгеру кезіндегі қиындықтар, баланың денсаулығы мен өміріне қатерлі әлеуметтік қауіпті нормаларды бұзу кезінде туындайтын қиындықтар;

– әлеуметтік бірігу және ажырату проблемалары – бала мүмкіндігі мен қажеттілігі, отбасының әлеуметтік мүмкіндігі, отбасы мүшелерінің сұранысы, бірігу немесе ажырау кезіндегі қиындықтар; қажетсіз байланыстар мен қарым-қатынастар, әлеуметтік байланыстарды кеңейту немесе бұрынғыларынан шығу кезіндегі дамудың қиындықтарын жүзеге асыруы тиіс.

Ал мектептегі педагог-психолог маманның қызметінің ерекшелігін ашуда оның жылдық жоспарына тоқталайық.

## Психологиялық қызмет іс-әрекетінің үлгі жоспары

Айлары	Іс-әрекет түрлері		
	Диагностика	Консультация	Профилактика
1	2	3	4
Қыркүйек	<p>1. Мектептегі оқуға әзірлікті жеке диагностикалау (1 сынып).</p> <p>2. «Шындықты анықтау» тәрбиелік шараларының кезеңін өткізуді психологиялық қамсыздандыру және диагностикалық көмек (сыныптық ұжымды және топтық жұмылу деңгейін зерттеу) (5-10 сыныптар).</p>	<p>1. Оқушылармен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p> <p>2. Педагогтарға сыныптық ұжымды және топтық жұмылу деңгейін зерттеулер нәтижелері бойынша кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топтық әңгімелер.</p>
Қазан	<p>1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сыныптар).</p> <p>2. Балаларды салауатты өмірге қатынасына алғашқы диагностика.</p> <p>3. Оқушы тұлғасының өзін-өзі бағалауына диагностика.</p>	<p>1. Оқушылармен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p> <p>2. Балалардың салауатты өмір салтына қатынасын зерттеу нәтижелері бойынша педагогтарға кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме жүргізу.</p> <p>2. Кікілжіндік жағдайлардың алдын алу (оқушылардың өзін-өзі бағалауын диагностикалау нәтижесі бойынша).</p>

Қараша	<p>1. Оқушылар тұлғасын жеке диагностикалау (5-10 сынып).</p> <p>2. Тұлғалық-бағдарлық оқытудың оқушылардың психологиялық жағдайына әсерін алғашқы зерттеу.</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.</p> <p>2. «Мұғалімдер мен мектеп психологының өзара іс-әрекеті мектептегі эксперименттік жұмыстың табыстылық факторы» тақырыбындағы мұғалімдер мен әкімшілікке арналған семинарларды ұйымдастыру және өткізу.</p>
Желтоқсан	<p>1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сыныптар).</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.</p>
	<p>2. Оқушының танымдық сферасын зерттеу (интеллектуалды даму және жұмыс қабілеттілік деңгейі).</p>	<p>2. Интеллектуалды даму және жұмыс қабілеттілік мәселелер бойынша кеңес.</p> <p>3. Жас сынып жетекшілеріне түрлі психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша кеңес.</p>	<p>2. «Жас сынып мектебі» жұмысын психологиялық камсыздандыру.</p> <p>3. Оқушылардың жастық психологиялық ерекшеліктері мәселелері бойынша сынып жетекшілері алдында сөйлеу.</p>



Қаңтар	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Жас сынып жетекшілерінің тұлғалық ерекшеліктеріне диагностика.	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.
Ақпан	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Оқушының көңіл-күйі сферасын зерттеу (жағдайлық және жеке алаңдаушылық деңгейі).	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес. 2. Педагогтар мен ата-аналарға оқушылардың психологиялық мәселелері бойынша (оқушылардың психологиялық жағдайының қолайлылық деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша).	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу. 2. Оқушылар мен педагогтарда келеңсіз көңіл-күйді бастан кешірудің және психологиялық жағдайлардың алдын алу.
Сәуір	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Балалардың наркопосттар жұмысы шеңберіндегі қатынасы екінші диагностика.	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес. 2. Педагогтарға, оқушылар мен ата-аналарға салауатты өмір салтындағы мәселелер бойынша кеңес.	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу. 2. 5-10 сынып оқушыларымен шылым шегушілер мен нашақорлар мәселелері туралы әңгіме.

Мамыр	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Балалардың интеллектуалды және мәдени дамуының мониторингі. 3. Тұлғалық-бағдарлық оқытудың оқушылардың психологиялық жағдайына әсерін екінші зерттеу.	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес. 2. Педагогтарға, оқушылар мен ата-аналарға интеллектуалды және мәдени даму мәселелері бойынша кеңес.	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу. 2. Педагогикалық кеңесте тұлғалық-бағдарлық оқытуды гимназияға енгізу жөніндегі эксперимент нәтижелері бойынша сөйлеу.
-------	--	--	---

Мектепте педагог-психолог маман жоғарыда сызбада көрсетілген бағдарлама негізінде қызмет көрсетеді. Сонымен қатар коррекциялық топтармен де жұмыс жасайды. Ол мынадай кезеңдерден тұрады.

\* **Танысулық** – қолданылатын әдіс-тәсілдері негізінен ойындар: «Кел танысайық», «Мен қандаймын», «Айна», «Хоровод», «Ассоциациялар», екіншіден тақырыптық сурет салу: «Автопортрет», «Менің жанұям».

\* **Танымдық процестерді дамыту:** (есте сақтау, ынта, ойша елестету) қолданылатын әдіс-тәсілдері негізінен ойындар: «Есте сақта және қайтала», «Есте сақта және бейнеле», «Не жоғалды?», «Сиқырлы қапшық», «Балалар лотосы», «Ретсіз санап шық», «Лего» көмегімен құрастыру, «Қиял қаласы» тақырыбы бойынша пласталинмен мүсіндеу. «Сиқырлы жұмыртқа» т.б. суретін салу.

\* **Қолдың ұсақ қимылын (моторикасын) жетілдіру:** сурет салу, балшық пен пластилиннен тақырыптық мүсіндеу, «Қуыршақ үшін төсеніш», аппликациясы, ойындар: «Таны, біл, ата», «Өзің жаса», контур бойынша фигуралар қию және т.б.

\* **Мінез-құлық еркіндігін дамыту:** Психогимнастика: «Гномдар ойыны», мінез-құлықпен тілдесу тренингтері (Р.В. Овчарованың бағдарламасы бойынша).

\* **Мектептік үрей мен алаңдаушылықты түзету:** Тақырыптық сурет салу: «мектепте», «көшеде», «аулада», «менің жанұям»

аяқталмаған ұсыныстар әдісі, ойын әңгімелер: «Менің түсіме қорқынышты не енеді немесе күндіз неден қорқамын?» «Ең жаман және ең жақсы», «Кім болғым келеді?» т.б.

Сонымен қатар Ю.Б. Гиппенрейтер бойынша баламен тілдесу ережелері психолог қызметі барысында жиі қолданылады. Оны талдар болсақ:

1. Өзіңнің көңілің толмайтын дағдыңды тұтастай баладан емес, оның жекелеген әрекетінен көру.

2. Баланың әрекетін сынау, бірақ қаншалықты дұрыс болмаса да оның сезімдеріне тимеу.

3. Баладан болмайтынды немесе орындалуы қиынды талап етпеу. Ең жақсысы қалыптасқан жағдайда нені өзгертуге болатынын қарау.

4. Баланың әрекетіне көңіл толмаушылық тұрақты болмауы тиіс, әйтпесе ол қабылдаудан қалады және т.б.

Мектеп педагог-психологының негізгі қызметтерін ғылыми жұмыс мазмұны барысында тарқатып өтсек.

### **Мектептегі оқуға дайындық:**

Баланың мектепке деген психологиялық дайындығын анықтаған соң, психолог нақты неге мұны жасап жатқанын саналы түсінуі керек.

Егер мектепке балаларды алу үшін іріктеу жұмыстары жүріп жатқан жағдайда, педагог-психолог баланың функционалды дайындық немесе оның мектепте оқытуда тапсырмаларды орындау процесіне және жүйкелі психикалық функциясының деңгейіне байланысты іріктеуге де болады. Егер баланың функционалды дайындығы төмен болса, онда ол «қауіп-қатер тобын» құрады. Яғни тапсырманы қабылдау және жоғарғы қажымалық көз-қарасы жағынан. Осы балалардың көпшілігі дәл айтқанда бірінші күннен бастап олардың үлгерімі төмен категориясына түседі, ал басқалары (әдетте интеллектуалды деңгейінің жақсы дамуы немесе мектепке жақсы дайындығында да болуы мүмкін) жақсы оқуы әбден мүмкін, бірақ оларда жүйкелі психикалық қысым болады. Содан невроз, психосоматикалық ауруға әкеп соғуы мүмкін.

### **Мектепке бейімделуі:**

Мектепке бейімделу бірінші сынып балалары үшін өте қиын. Әдетте ол 4-7 апта аралықтарын құрайды. Бейімделу кезеңінде кейбір оқушылар өте шулы болады, айғайлайды,



сабаққа немқұрайлы қарайды, сабақта қайта-қайта алаңдап отырады, мұғалімдердің алдында өзін әдепсіз ұстайды және т.б. жағымсыз қасиеттер байқалады. Ал кейбір оқушыларда қарама-қарсы қылықтар байқалады. Мысалы: өзін ыңғайсыз сезінеді, мұғалімнен ұялу, қысылып кейде жылай салатын жағдайлар да кездеседі.

Кейбір балалардың ұйқысы, тәбеті бұзылады, бірден ойынға деген қызығушылығы артады, ойыншықтарға, өте кішкентай балаларға арналған кітаптарға да қызығады және оларда ауру саны көбейіп кетеді. Бұндай бұзылуларды функционалды ауытқулар деп те айтады. Ауытқулар кезеңінде бала психикасына ауырлық түскенде оның ағзасында аурулар байқалып, өмір сүру салтының маңызының өзгеріп, бала дамуына әсер етеді. Бұндай жағдайлар бірінші сыныптарға барған балалар арасында жиі кездеседі.

Мектепке бейімделудің қиындығы, егер бала балабақшаға бармаған болса, өзімен жасты балалармен қарым-қатынасқа түспеген жағдайда, қиынға соғады деп саналады. Бірақ практика шындықпен сәйкес келмейтінін дәлелдейді.

Бейімделу кезінде қиындықтарды, балабақшаға барған балалар да сол қиындық кезінен өтеді.

Ерекше қиыншылықты, үш жылдық бастауыш мектеп бағдарламасын оқитын оқушылар сезінеді. Өйткені олар тез интенсивті оқу курсына ауысады.

Бейімделу кезеңінде бірнеше сынып оқушыларымен педагог-психологтың жасайтын жұмысы қандай болу керек деген бірнеше көзқарастар бар. Соның біреуімен келісетін болсақ, онда педагог-психолог өз жұмысында максималды белсенді болу керек, яғни, оқушыларға тезірек және жақсы бейімделу үшін көмектеседі, ал мұғалім әрбір балаға дұрыс көңіл бөлуі керек.

Психолог ерекше зейінді көбінесе анық функционалды ауытқулары көрініп тұрған балаларға, яғни ұйқысы бұзылған және басқа да невротикалық белгілері барларды да қарайды.

Енді басқа да көзқарастарға сүйенсек, педагог-психолог әрбір балалардың психикалық дамуы жайлы ақпараттарға уақытын арнауы керек.

Бейімделу кезеңінде педагог-психолог жұмысының ең

ықтимал формасының бірі ата-аналар жиналысында биімделу кезеңінің ерекшеліктерін, балаларға ата-аналар тарапынан көмек беру түрлерін және осы кезеңнің жеңіл өту үшін не істеу керек т.б. мәселелер қамтылуы керек.

**Өзін-өзі бақылау сұрақтары:**

• «Тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы» пәнінің міндеттерін айтыңыз.

- Психодиагностика ұғымының шығу тарихы.
- Қоғамдағы педагог-психолог маманның орны.
- Педагог-психолог маманның қызметі.
- Мектептегі педагог-психолог қызметінің ерекшеліктері.

## 2-бөлім

---

### ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

- Психодиагностиканың эксперименталды психология саласында құрылуы.
- Психологиялық тестілеудің шығуы. Тесті құру технологиясы мен психодиагностиканың негізгі инструменті. Тесттің түрлері. Проективті әдістер, модельдер анықтамасы.

**Ұғымдық түсініктеме сөздер:** эксперимент, психологиялық эксперимент, тест, қарым-қатынас, психодиагностика, инструмент, эффект, әдіс, гипотеза.

#### 2.1. Психодиагностиканың эксперименталды психология саласында құрылуы

Эксперименттік психология – психикалық құбылыстарды эксперименттік әдіс арқылы жүргізілетін зерттеулердің жалпы аталуы. Психологияның философиядан бөлек ғылым саласы ретінде қалыптасу үшін экспериментті қолдану маңызды рөл атқарады. Эксперименталды психологияның қалыптасуына қайта өрлеу дәуірінен бастап, әр түрлі ғылым салаларында эксперименталды ойлар қалыптаса бастады. Эксперименталды психологияның даму шарттары:

Ғылыми ойлаудың дамуы. Яғни, жаңа мәселелерді тудыратын ғылыми ізденістердің қалыптасуы;

Зерттеу жүргізушілер арасында жаңа зерттеу тәсілдері мен техникалары енуі керек (психофизика, психофизиология);



Арнайы ғылымдық білімдердің және арнайы дайындығы бар адамдардың сол ғылым саласына келуі керек.

Эксперименттік психологияның қалыптасуына әсер еткен көзқарастар. Қайта өрлеу дәуірінен бастап эксперименттік ойлар қалыптаса бастады.

Ағылшын ғалымы **Ф. Бэкон** – эксперименттік психологияның алғашқы өкілдерінің бірі. Ол ғылымның эффективті зерттеу әдісін қалыптастыруға басты назар аударып, империзмнің алғашқы жаршысы болды.

Геометрия мен жаңа механикаға бағытталған психологиялық теорияның сызбасын француз математигі, философы және жаратылыстану ғылымдарының зерттеушісі **Рене Декарт** (1596-1650) ұсынды.

**Джон Локк** (1632-1704) ассоционист, ағылшын философы. Ол Декарттың рационалистік көзқарастарына қарсы шықты. Дж. Локк психологияның дамуына принциптер енгізді. **Д. Гартли** (1705-1757) ағылшын ойшылы. Ол ассоциацияны психикалық өмірдің негізгі принциптері деді. Д. Гартли Локктың ассоциациялар идеясын дамытты, бірақ ол материалистік бағытты ұстанды.

**Гоббстың** айтуынша, инерция заңы бойынша түйсіктерден елестер туындайды, ал олардың бірігуі ойлауды қалыптастырады.

**Джон Миль** (1773-1838). Ол Гартли теориясын одан ары дамытты. Ол психикадағы элементтер бір-бірімен ойлау арқылы қосылады деді.

**Ламетри** (1709-1751) француз дәрігері. Ол Гартлимен сәйкес келетін көзқараста болды. Оның айтуынша, жан денеден бөлек емес, ал адам машина емес деп түсіндіргісі келді. Осы жерде ол Гартлимен келіспеді.

**Фехнердің** 1850 ж. «Элементы психофизики» деп аталатын еңбегі эксперименттік психологиядағы бірінші жазылған кітап. Ол түйсіктердің ажырату табалдырықтарын және осы табалдырықтардың логоарифмикалық заңға байланысты екендігін көрсеткен. **Гельмгольц** (физиолог, әрі хирург) «Физиологиялық оптика» еңбегінде физиологиядан психологияға тікелей кадам жасаған. Ол көбіне эмоцияларды, сезімдерді қарастырады және оларды зерттеу үшін өлшеу әдісін енгізді. Сондай-ақ ол нерв импульстерінің жылдамдығын өлшейтін прибор жасаған.

**Герник** кеңістікті қабылдауды, температураны сезінуді зерттеген.

Функционалды психологияның ең көрнекті өкілі **Брэнтано** болды. Ол адамның белсенділігі идеясын ұсынып, оны элементтерге бөлшектеуге болмайтынын көрсетті. Ол бойынша әр белсенділік психикалық процесс мақсатқа байланысты қалыптасады. Брэнтано бойынша психология ғылымының пәні – акті ретінде көрініс беретін психикалық феномендер.

Вюрцбург мектебінің негізін салушы – **О. Кюльпе**. Ол мектепте негізінен ойлау мәселесі зерттелінді. Негізгі зерттеу әдісі – интросрекция. Бұл мектеп – ойлау мәселелерін эксперименттік түрде шешуге тырысты. Кюльпенің пікірі бойынша, ойлау елестердің ағымы емес. Ол мектеп психологияға эксперимент арқылы тапсырма түсінігін енгізді.

Психологиялық эксперимент – бұл зерттелушінің және экспериментшінің біріккен әрекеті, яғни экспериментшінің зерттеу бағыты әрекет етушінің психикалық маңыздылығына жүгінеді.

Процестің ұйымдасуы мен реттелуінің әрекеті қарым-қатынас болып табылады. Әрекет етуші өзінің өмірлік тәжірибесімен, мотивімен, эксперимент жүргізушіге келеді. Зерттеудің нәтижесі тұлғаның экспериментшімен қарым-қатынасынан көрінеді. Бұл мәселемен психологиялық эксперименттегі әлеуметтік психология айналысады.

Психологиялық эксперимент бүтіндей жағдай ретінде қарастырылады. Баланың тестілеу кезіндегі байқалған интеллектісінің әсері 10-20-шы болып табылады. Баланың интеллектуалды дамуы Бине-Симонның тесті бойынша оның әлеуметтік статусымен байланысты болады. Ол кез келген зерттеуде, таңдауда, кез келген уақытта және елде көрінеді. Психология басында әлеуметтік тапсырмаға тәуелді және Ф. Гальтонның гипотезасын қолданды, яғни ол қарым-қатынастың элитасын дарынды адамдардан құралу керек деді. Алайда тестілеу кезінде әртүрлі қарым-қатынастың түрлері және сөйлеу тәсілдері қолданылса, баланың интеллектісінде түрлі әлеуметтік жақтары көрінеді. Кеңес психологтары жоғары интеллектіні жұмысшы отбасынан байқады.

Тестілеу мамандары бұл нәтижені қабылдамайды, ғылыми

өлшеуде стандарттау және унификация процедурасы бұзылған. Барлық психологтар эксперименттің нәтижесінде байқалады деді. Эксперименттің процедурасы үлкендерге қарағанда балаларға көп әсер етеді. Бұны түсіндіру баланың ерекше психологиясынан көрінеді.

– Балалардың үлкендермен қарым-қатынасында, олар өте эмоционалды болады. Үлкендер балаларға психологиялық фигура болады. Яғни ол пайдалы немесе қауіпті, ұнамды немесе сенімді, одан алыс болуы қажет. Көп балалар үлкендерге, яғни танымайтындарға ұнағысы келеді немесе олармен сөйлесуге қашқалақтайды. Эксперимент жүргізуші адамдар арасындағы қатынасты да анықтайды.

– Жеке ерекшеліктердің балада пайда болуы жағдайға байланысты болады. Жағдайдың негізі қарым-қатынаста көрінеді. Яғни бала эксперимент алушымен жақсы қатынаста болуы тиіс және оның сұрақтары мен талаптарын түсінуі керек. Ол өзінің тілінде жақындарымен сөйлеседі, ал әдеби тілді білмейді, яғни эксперимент жүргізуші әдеби тілде сөйлесе, онда балаға қиындық туындайды. Экспериментке бала үйренбеген сөйлеу тәсілдерін қосса (сөйлеу манерасы, пантомимика) ол әсерлі болады.

– Эксперимент алушыға қарағанда балада жарқын көріністер болады, яғни эксперименттегі жағдайды талқылай алады. Белгілі психолог ғалым Пиаже «бала эксперименті ойын ретінде қарауы мүмкін» деген болатын. Мысалы, экспериментте жүргізуші бір ыдыстан екінші ыдысқа су құяды да баладан судың көлемінің қаншалықты сақталғанын сұрайды. Балаға дұрыс жауап қызық емес көрінеді де, эксперимент жүргізушімен ойнай кетеді. Ол оған сиқырлы стакан мен фокус көрсетуі мүмкін немесе ойынға қатысуды ойша бейнелеуі мүмкін.

Психологиялық эксперименттің әлеуметтік-психологиялық аспектісіне қараған С. Розенцвей 1933 жылы аналитикалық тұжырым жасаған болатын. Ол онда басты қарым-қатынасты белгілеп, эксперименттің нәтижесін білу үшін төмендегідей факторларды атап өткен болатын:

- 1) «қателер» бақылаушымен қарым-қатынас кезінде олар әрекет етушінің реакция кезіндегі байланыс критерийі.
- 2) әрекет етушінің мотивациясына байланысты қателер әрекет



етуші қызығушылыққа негізделуі мүмкін немесе менменділігімен көрінуі мүмкін, яғни эксперименттің мағынасы мен мақсатының сәйкестігі.

3) қателік әсерлер эксперимент алушымен әрекет етушінің түйсігімен байланысты.

Әрекет етуші экспериментке өз еркімен немесе итермелеу арқылы қатысуы мүмкін.

Г. Зайонц әлеуметтік күшейту эффектісі немесе топтық эффектіні кез келген сыртқы бақылауда эксперимент алушы және оның ассисентінің қатысуы адамның мінез-құлқын өзгертетінін байқайды. Ол зерттеулерден кейін мынандай қосымша байланыстар байқалады:

Әсерді әрбір бақылаушы көрсетпейді, ол компонентті, мағыналы орындайтын және баға беретіндерде байқалады. Неғұрлым бақылаушы жоғары болса соғұрлым эффект мықты болады.

Тапсырма көп болған сайын оның әсері күшті. Жаңа қылықтар мен іскерлік, интеллектуалдылық қатынасқа әсерін тигізеді. Керісінше, ескі қарапайым, перцептивті және сенсомоторлы үйренулер оңай көрінеді.

Ортақ іс және жаттықтыру бақылаушының ақпарат алу эффектісін күшейтеді.

«Аландатушы» әрекет етуші жаңа және ескі тапсырмаларды орындағанда, яғни интеллектуалды күшті керек еткен кезде көп ауырлықты тартады, эмоционалдылыққа қарағанда.

Эксперимент кезінде әрекет етушіде қандай да бір мотивация болуы мүмкін. М.Т. Орнениң ойынша, әрекет етушінің басты мотивациясы әлеуметтік жағдайға ұмытылуы, яғни эксперимент алушыға көмектесе отырып, оның гипотезасын дәлелдейді. Басқа да көзқарастар әсер етуші өзін жақсы жағынан көрсеткісі келеді де, экспериментшінің жоғары бағалаған жауабын береді. Зерттеу топтары «адам көңілді әрекет етуші моделін ұсынады», олардың ойынша әрекет етуші өзін жаман ой мен экспериментшіге келеді де, процедура барысында оның барлық гипотезасын бұзуға тырысады.

Көп таралған көзқарастар, ол үлкен әрекет етушілердің инструкциясын орындауға тырысады. Оның барлығы психологиялық әрекет етушінің жасына байланысты.

Зерттеушілер мотивацияның рөлін анықтау барысында әртүрлі нәтижелерге кездеседі.

Эксперимент жүргізу үшін арнайы әдіс-тәсілдерді қолданады. Олардың әрқайсына тоқталсақ;

- «алдау әдісі» негізгі әрекет етушіні жоғалуға әкеледі. Оны пайдаланғанда табиғи этикалық мәселелер туады. Экспериментші гипотезаға өтірік мақсаттар қояды. Ол әрекет етушіге қабарланады, бұл гипотезалар кәдімгі қарапайым гипотезалар сияқты қолданылады. «Алдау әдісі» эксперименті қарапайым болады. Бұл жағдайда әрекет етуші өтірік гипотеза ойлайды және бізге әрекет етушінің фантазиясын анықтау керек болады, бақыланбайтын өзгерістерді жою үшін әрекет етушіге қандай да бір гипотеза ұсыну керек;

- «жасырын эксперименттегі әдіс» табиғи экспериментте көп қолданылады, жасырын әдіс алдау әдісінде модификацияланады, яғни оған өтірік гипотеза бермеу, өйткені ол зерттеу барысында өзінің алданғанын білмейді. Этикалық мәселе алдау әдісінде байқалады, яғни ол түгелімен бақылауда болады және манипуляция объектісі байқалады. Бұл әдіс көбіне әлеуметтік психология саласында қолданылады;

- «тәуелсіз өлшеулердің тәуелді параметрлер әдісі» бұл өте сирек қолданылады. Экспериментте қарапайым жоспар жасалынады. Осы жоспар негізінде жүргізіледі.

## **2.2. Психологиялық тестілеудің шығуы. Тесті құру технологиясы мен психодиагностиканың негізгі инструменті. Тесттің түрлері. Проективті әдістер, модельдер, ұғымдар**

Қазіргі кезде психология ғылымы өте көп фактілі материалдар жинады, дамыған эксперименттік әдістемелік аппараттарын қалыптастырды. Бірақ та осы эксперименттік фактілердің көп болуы психологиялық зерттеуде дезорганизациялық қызмет атқарып, ғылымның ары қарайғы дамуын тежеуі мүмкін. Осы мақсатта зерттеудің теориялық, әдіснамалық негіздері қарастырылады. Қазіргі кезде теориялық, әдіснамалық зерттеулердің даму қажеттілігі айқын көрінеді. Олардың міндеті, алынған фактілік материалды белгілі-бір жүйеге негіздей отырып реттеу, мақсатқа бағыттала отырып жаңа материалды алу. Бұл сұрақтар-

ға жауап беру үшін, яғни әдіснамалық негізді қалыптастыру үшін, зерттеудің категориялары, ұстанымдары анықталуы керек. **Әдіснама** – бұл шындықты ғылыми жолмен танудың және қайта өңдеудің әдістері, формалары, ұстанымдары туралы ілім. **Теория** – бұл қандай да болмасын жүйені түсініктер, заңдар, ұстанымдар арқылы жалпы түрде сипаттау. **Ұстаным** – бұл қандай да бір теорияның, тұжырымдаманың алғышарты, негізгі түсінігі. Ұстаным практикада, әдісте көрінеді. Ұстанымдар зерттеу әрекетінің неғұрлым тұрақты, өзгермейтін қағидалары. Ал әдістер ғылыми бағытқа байланысты, теорияға байланысты өзгеріп отырады. **Әдіс** – біріншіден, оқыту, зерттеу, үйрету жолы, тәсілі; екіншіден, табиғат заңдылықтары мен құбылыстарын, қоғамды, жалпы танымды зерттеудегі ережелер жүйесі; үшіншіден, танымда және практикада белгілі нәтижелерге жетудің тәсілі. Әдіс – метод. **Әдістеме** – методика, бұл – қандай да болмасын әдісті қолдануға мүмкіншілік беретін нақты тәсілдердің жиынтығы.

Психодиагностикалық әдістер: психологиялық болжау, тест, анкета, сұрақ беру, социометрия, интервью, әңгімелесу, шығармашылық іс-әрекет өнімдерін талдау әдістері, өмірбаян.

**Тест** (ағылшын тілінен аударғанда *test* – тексеру) тұлғаның белгілі бір психологиялық құрамының даму деңгейін, білімін анықтауға көмектесетін тапсырмалар жүйесі. Тест – жеке тұлғаның даралық-психологиялық қасиеттерін, сондай-ақ білімін, білігі мен машығын салыстырмалы шамалармен өлшеуге арналған. Стандартталған тапсырмаларды тексеру психологиялық диагностиканың негізгі әдістерінің бірі. Тесттік модельдік жағдайлар арқылы индивидтің сипатты реакциялары анықталып, зерделенетін нышан көрсеткіштерінің жиынтығы есептеледі.

Тест термині ең алғаш рет 1890 жылы Англияда енгізілді. Тесттер 1905 жылы балалар психологиясын анықтауда кең таралды. Осы кезде Францияда дарынды балаларды анықтайтын бірнеше тесттердің сериясы дайындалып шығарылса, 1910 жылы психодиагностиканың практикасында да, Германияда кәсіптік іріктеуде тесттердің сериясы шығарылды.

Оларды әртүрлі бағыттарына байланысты топтастыруға болады:

- 1) қолданылу мақсатына байланысты;



- 2) жүргізілу жолдарына байланысты (жеке және топтық);
- 3) мазмұнына, арнайы қабілеттеріне байланысты;
- 4) вербальды және вербальды емес;
- 5) анализдік және синтездік;
- 6) заттық (белгілі бір заттар арқылы, мысалы, бөлшектерден фигуралар құрау);
- 7) аппаратуралық (арнайы техникалық құралдар арқылы);
- 8) тапсырмаларының біртектілік дәрежесі бойынша;
- 9) психикалық қасиеттерді қамтуы бойынша және т.б.

Оларды әртүрлі негіздер бойынша саралауға болады: *қолданылу мақсаты бойынша* – кәсіптік іріктеу, емдік диагноз, мүдделерін анықтау; *өткізілу нысанына қарай* – даралық және топтық; *мазмұны бойынша* – жалпы дарындылық тесті, арнайы қабілеттер тесті. *Вербальды және вербальды емес, анализдік және синтездік болып жіктеледі. Пайдаланылатын материал бойынша* бланкілік (қарындаш пен қағаз арқылы орындалатын), *заттық* (белгілі бір заттармен амалдау тесті, мысалы бөлшектерден фигуралар құрау). *Аппаратуралық* (арнайы техникалық жарактауды талап ететін) түрлері болады. *Тапсырмаларының біртектілік дәрежесі бойынша* тест гомогендік (тапсырмалар біртекті) және гетерогендік (тапсырмалар әр түрлі) болып бөлінеді. *Психикалық қасиеттерді қамтуы бойынша* жеке тұлғаны тестілеу және зияттық тестілеу болып сараланады. *Сонымен бірге, психологиялық тестің мақсаты.* Психологиялық тестің қорытындысын дұрыс интерпретациялау және бағалау, оны қандай мақсатта қолданылғанға негізделеді.

Психологиялық тестер жүргізу өзіндік таным, өзіндік даму, мінез-құлықты коррекциялау (түзету) құралы ретінде қолданылады.

Педагогикалық тестілеу білім мен білікті, машықты бағалауда қолданылады.

### **Тест әдісінің артықшылығы:**

- тексерудің, бақылаудың объективтілігі тест арқылы бағалау нақты әрі (дифференциалды) сараланған, даралық сипатта;
- дәстүрлік тексеру әдістерінен тиімдірек;
- оның мәні адам қабілеттерін айқындау, өлшеу құралы болуында.



**Тестердің типтері:**

- қалыптылық – бағдарлы;
- өлшемдік – бағдарлы.

**Тестілеудің негізгі үш саласы бар:**

- білім беру – оқыту мерзімінің ұзаруына және оқу бағдарламаларының күрделіленуіне байланысты;
- кәсіби даярлық және іріктеу – өндірістің өсу қарқынының жеделдеуіне және күрделенуіне байланысты;
- психологиялық кеңес беру – социодинамикалық процестердің жеделдеуімен байланысты;

**Тестілеу процесін үш кезеңге бөлуге болады:**

- тестіні таңдау (тестілеудің мақсатымен және тестінің дұрыстығы мен сенімділік дәрежесі анықталады);
- оны өткізу (тестіге берілген нұсқаумен анықталады);
- нәтижелерді пайымдау (тестілеудің пәніне қатысты теория жүйесімен анықталады).

**Тест формалары:** ауызша, жазбаша, бланкілі, заттық, аппараттық, компьютерлік және т.б. болып бөлінеді.

*Психологиялық тестің мазмұны бойынша тесттер төрт класқа бөлінеді: интеллектуалдық, қабілеттілік, жетістік, жеке бастық және т.б.*

**Психологиялық тесттер** жүргізу адамның өзіндік танымына, дамуына, мінез-құлықты түзету және т.б. мақсаттарда қолданылады.

Ал **педагогикалық тестілеу** білім мен білікті, іскерлік пен қабілетті бағалауда қолданылады.

**Психологиялық тестің мазмұны** бойынша тестер төрт класқа бөлінеді:

- интеллект тестері;
- қабілет тестері;
- жетістік тестері;
- жеке бас тестері.

Модельдеу жүйесі 70-80 жылдардан басталған. Ең алғаш тәрбие жүйесін модельдеуді А.В. Мудрик бастаса, 80-90 жылдары тұлғаның өзіндік дамуының моделін О.С. Газман жасады.

Модель (үлгі) дегеніміз – нақты объект пен жүйенің немесе түсінік пен идеяның шын мәнісіндегі қалыбынан ерекше түрде

берілген көрініс. Әдетте модель жүйені анықтау, түсіну не жетілдіру үшін қолданылатын құрал. Модель көпке аян нысанның дәл көшірмесі болуы да мүмкін немесе нысанның кейбір қасиеттерін дерексіз түрде, мысалға математика үлгісінде елестетеді. Математика моделін талдау арқылы зерттеуші жүйе дамуын алдын ала біліп, алынатын нәтижелерді салыстыра алады. Міне, осылай модельдеу әркелкі іс-қимылдар салдарын логика жолымен болжап, қандай нұсқаны таңдау керектігін жоғары дәлдікпен айта алады. Модель дәстүрлі түрде қолданылуы мүмкін (жеке-дара шешімге келу үшін) немесе имитациялық модель сипатында беріледі. Имитация (еліктеу, ұқсату) – модель көмегімен бір шынайы жағдаятты жаңғырту, зерттеу және ең соңында оның оңтайлы шешімін табу. Имитациялық модельдеу күрделі жүйе немесе ықтимал теориясына және математика статистикасына негізделсе де, көп жағдайда шығармашылық үрдіс болып қала береді. Мақсатқа жетудің әрқашан бірнеше жолы болады, бірақ тек бір жолды ең жақсысын, ең сәттісін, ең оңтайлысын таңдай білген жөн. Академик В.Г. Афанасьев: «модель ықшамдалған объектінің немесе құбылыстың айқын түрде сызбаға түсірілген бейнесі», – дейді. Әрі ол модельдеу үрдісі барысында танымның өзіндік тәсілінде бір жүйе (зерттеу объектісі) басқаға (модельге) өзгереді деп түсіндіреді.

Л. Фрэнк тұлғаны зерттеу әдістерінің ерекше тобын белгілеу үшін «проекция» терминін пайдаланудың ерекшеліктерін атап өткен болатын.

*Проекция* (лат. *Projectio* – алға тастау) – индивидке бей-жай елесті сыртқы дүниеге біржақты теңейтін психикалық процестің көрінісі.

Дәстүрлі тестологияда *сенімділік* термині тұрақтылық, нақтылық, зерттеушілерге алғашқы және қайталап тесті қолданудағы оның қорытындыларының сәйкестігі дегенді білдіреді.

*Әдіс сенімділігі* – психологиялық өлшемнің дәлдігі, яғни алынған қорытындылардың қаншалықты сенімділігін көрсетеді. Әдістемелік дәрежесі көптеген себептерге байланысты. Сондықтан практикалық диагностикадағы маңызды мәселе, өлшем дәлдігін суреттейтін факторларды анықтау. Көптеген авторлар осындай факторлардың жіктелуін қатар қойып көрсетуге талпынады. Олардың арасында жиі кездесетіні мыналар:

- 1) диагностика жүргізуімен қасиет тұрақсыздығы;
- 2) диагностикалық әдістің жетілмеуі (мүқиятсыз құрылған инструкция, тапсырманың сипатына қарай әртүрлі болуы, нұсқаудың анық берілмеуі т.с.с.);
- 3) зерттеу ситуациясының өзгермелігі (күннің әр уақыты, бөлме жарығының әртүрлілігі, көлденең шулар артықшылығы немесе жоқ болуы т.с.с.);
- 4) экспериментшінің мінез-құлық мәнеріндегі айырмашылық (тәжірибеден тәжірибеге дейін инструкцияны әртүрлі түсіндіру, тапсырманы орындау стимульдерінің әртүрлі болуы т.б.).

Педагогикалық жобалау дегеніміз, оқытушылар мен оқушылардың атқаратын іс-әрекетінің негізгі құрамын алдын ала құрастыру. Педагогикалық жобалау, педагогтың басқа да негізгі қызметінің бірі. Педагогикалық жобалау барысында студенттермен қарым-қатынастың мазмұны, әдістері және құралдары қарастырылады.

Педагогикалық жобалау болашақ іс-әрекетті және оның нәтижелерін болжаудан тұрады.

Педагогикалық жүйе, педагогикалық үрдіс, педагогикалық жағдаят педагогикалық болжаудың объектісі бола алады. Соның ішінде ең маңыздысы – педагогикалық үрдіс. Педагогикалық процесс студенттерді жан-жақты дамытуға бағытталған компоненттер жиынтығы. Педагогикалық процесс барысында педагогикалық жағдаят шешімін табуға тиіс. Педагогикалық жағдаят – белгілі бір уақытта, кеңістікте болған уақиғаның сипаты, педагогикалық үрдістің құрамды бөлігі болып табылады.

Педагогикалық жүйені, үрдісті, жағдаятты жобалау – көпсатылы, қиын іс-әрекет.

Педагогикалық жобалау 3 кезеңнен тұрады:

- 1-кезең – үлгілендіру;
- 2-кезең – жоба құрастырушылық;
- 3-кезең құрастыру технологиясы.

Педагогикалық үлгілендіру (үлгі құру) – бұл педагогикалық жүйе құру, мақсат құру немесе оның жетістікке жету жолы.

Педагогикалық жоба құрастырушылық – құрастырылған үлгіні дамыту және оны тәжірибеде қолдану деңгейіне жеткізу.

Педагогикалық құрастыру технологиясы – құрастырылған

үлгінің жеке-жеке детальдарының нақты жағдайда шынайы тәрбиеге қатынасушылардың іс-әрекеттерінің іске асуы.

Педагогикалық жобалаудың түрлеріне педагогикалық жүйе, үрдіс, жағдаяттың әртүрлі деңгейде сипатталған құжаттар жиынтығы жатады. Мысалға, бағдарлама, тұжырымдама, т.б.

Педагогикалық жобалаудың негізгі принциптері:

- адамға бағытталған принцип (негізгі рөл – адам);
- өзін-өзі дамыту принципін;
- дидактикалық шығармашылық;
- технологиялық шығармашылық;
- ұйымдастыру шеберлігі.

**СӨЖ тапсырмасы:** Белгілі ғалымдардың «тест», «жоба», «модель» ұғымдарына берілген анықтамаларын топтастыра отырып, өзіндік тұрғыдан анықтама беріңіз.



## 3-бөлім

# ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАНЫМАЛ ТҮРЛЕРІ

- Психодиагностикалық әдістердің анықталу түсінігі.
- Проективті әдістердің анықтамасы.

**Ұғымдық түсініктеме сөздер:** байқау әдісі, лабораториялық эксперимент, эксперименттік әдіс, лабораториялық эксперимент, табиғи эксперимент, қалыптастыру эксперименті, тестілік әдіс.

### 3.1. Психодиагностикалық әдістердің анықталу түсінігі

Психологияда адамның психикасын зерттейтін бірнеше әдістер бар. Оның бірінші тобы **негізгі әдіс**, екіншісі **қосалқы әдіс**.

**Байқау әдісі** – белгілі бір жоспар бойынша жүйелі түрде біраз уақыт зерттеуші адамның іс-әрекетіне тікелей араласпай-ақ жүреді. Бақылауға алған адам ол туралы білмеуі керек. Егер де өзін зерттеп жүргенін білсе, адам өзінің қасиетін жасырады. Байқаудың арнайы жоспары болады. Міндетті түрде байқау күнделігі жүргізіледі. Байқау күнделігінде тек факторлар емес, болып жатқан жағдайлардың бәрі тіркелуі керек. Күнделікті жазылмаса фактілерді қорытындылап, бағалауға және әр түрлі себепті ажыратуға болмайды. Бақылау әдісі арқылы жекелеген психологиялық қасиеттерді, ерік пен сезімді, психологиялық жағдайды байқап көруге болады. Сонымен қатар зерттеушінің қимыл қозғалысы, мимикасы, сөз реакциясы, мінез-құлқы түгелдей байқалады. Бақылауды жаппай немесе ішінара жүргізуге

болады. *Жаптай бақылау* кезінде жалпы психологиялық процесстер мінез-құлқының көптеген жақтары камтылады. Әсіресе бақылаушыға маңызды назар аударарлық болып есептелетін баланың жаңа қылықтары мен мүлігі жазылып отырады. Бала қалай киінеді, жазады, ойлайды, осының бәрін тіркеп жүріп, мінездеме жасағанда тіркеуге болады. *Ішінара байқауда* баланың мінез-құлқының бір жағы ғана немесе іс-әрекет кезіндегі қарым-қатынасы және баланың мінез-құлқы есепке алынады. Ол үшін дәптерді бөлімдерге бөліп, бірін құрдас қатынас, екіншісіне үлкендермен қатынасын, үшіншісіне отбасындағы қатынасын жазады.

Бақылау күнделігінің үлгісі мынадай:

Баланың аты-жөні.

Бақылау кезіндегі жағдайлар.

Баланың мінез-құлық жағдайына сипаттама.

Педагогикалық-психикалық қорытынды.

Бақылау нәтижелі шығу үшін мынадай шарт қажет.

1. Бақылау ұзақ уақыт жүргізіліп, бір фактінің өзі бірнеше қайта тексеріледі.

2. Ойланып бақылау жүргізбес бұрын, зерттелетін объектіге мақсат қойып, мақсат мәнін түсініп жоспар құру керек. Мысалы, байқау объектісіне нашар оқитын баланы алсақ, байқау мақсаты сабаққа дайындық кезіндегі ойлау жұмысының кейбір ерекшелігін білу.

3. Байқаған фактілерді сол сәтте жазып алып, зерттелуші сөзін магнитофонға стенографиялап, кейін мұқият талдап, фактілерді реттеп отыру қажет. Кейде бақылау әдісінің көңілсіз жері де бар:

а) зерттеуші өзіне тән қажетті құбылысты керек уақытта зерттей алмай уақыт өткізіп алады;

б) байқауды ойдағыдай өткізуге мүмкіндік болмайды, яғни зерттеп жүрген бала келмей қалады немесе зерттеушінің іс тәжірибесінің аздығынан нәтижелі қорытынды шығара алмайды. Мысалы: зерттеуші объектіні суретке түсіреді, зерттейтін адамның сөзін жазу үшін магнитофон қолданылады, пленкаға түсіреді. Бақылаудан кейінгі көп қолданылатын әдіс – **эксперименттік әдіс**. Бақылауға қарағанда біраз артықшылығы бар. Эксперименттік зерттеу адамның психикалық әрекетін бірнеше

құбылтып, өзгертіп, кейде жасанды жағдайдағы зерттеулерді айтамыз. Эксперименттік әдістің 2 түрі бар.

- 1) табиғи эксперимент;
- 2) лабораториялық эксперимент.

Арнайы лабораториялық аппараттармен жабдықталған кабинетте өтілетін зерттеу **лабораториялық эксперимент** делінеді. Лабораториялық эксперименттің ерекшелігі – онда адамның сөзі, қимыл қозғалысы, сыртқы ым-ишарасы байқалып қана қоймайды, адам ағзасының жұмысы, көрінбей тұрған жасының физиологиялық ерекшеліктерін айтады. Мысалы, күрделі эмоциялық өзгерісте қан тамырының соғуы, жүрегінің жұмысы арнайы аппараттармен жазылып отырады.

**Табиғи эксперимент** – зерттейтін адам өзін күнделікті дағдылы жағдайда балалардың арасында оқу, ойын, еңбек, әрекет үстінде зерттеп біледі. Бала өзіне зерттеу жүргізіліп жатқанын білмегендіктен, табиғи жағдайда көрінеді. Өйткені бала өзінің сөзін жазып жатқанын біледі. Немесе зерттеуші мен зерттелуші ортада қабырға айна тәрізді. Эксперименттің мынандай тиімді жерлері бар зерттеуші өзіне қажетті құбылысты қашан пайда болған деп сырттан бақылауын күтпейді. Қажет процесті өзіне қажет уақыт арасында жасауды қолдануға мүмкіндік тудырады. Мысалы, математикадан бала есіне түсіру үшін жеке сұрақ қолданады немесе белгілі қысқа мерзімде есеп шығартады, тақпақ жаттатқызады, оны қайта айтады. Зерттеуші зерттеу барысында психологиялық процестер үстінде мақсатты түрде жағдайларды өзгертеді. Балаға тәжірибе жүзінде ортақ тапсырма береді. Зерттеумен бетпе-бет әрекет жасайды. Бір эксперименттің өзі бірнеше қайталанылады. Ал эксперименттің тиімді жері – бала өзін зерттеп жатқанын біледі де жасанды қылық көрсетеді. Эксперимент жүргізудің өзі үш түрде жүзеге асады.

**1. Констанциялау эксперименті.** Мұның мақсаты тексеретін жұмыстың мақсатын, бағытын алдын-ала біледі.

**2. Қалыптастыру эксперименті** арнайы ұйымдасқан оқу-тәрбие жұмысы жеке адамға тән салаларды қалыптастыру барысында жүреді. Ол үшін арнайы бағдарламаға сәйкес оқу бағдарламасы беріледі.

**3. Қорытынды эксперимент** – бірінші және екінші эксперимент



нәтижелерін қорытып, ілгері басу нәтижесін байқатады. Оған көз жеткізу үшін бастапқыдай эксперимент жасайды. Әңгіме әдісі қосалқы әдіс деп есептеледі. Бұл да алдына мақсат қойып жоспарлы түрде дұрыс жауап алу үшін күні-бұрын сұрақтарды дайындайды. Көбінесе баланың білімін, қызығушылығын әрекетке бейімдігі үшін жүргізеді. Әңгіменің барысында негізгі мақсатты көздей отырып, сабақтың мазмұны мен болған жауапқа қарай сұрақтарды түрлендіруге болады. Әңгіме барысында зерттеуші өзін жайма-шуақ еркін ұстауы керек. Әңгімелесудің бір кемшілігі сыналатын адамның психикалық ерекшелігіне қорытынды жасау өзі берген жауабы негізінде жүзеге асады. Сондықтан да әңгімелесу әдісінің жеке түрін жүргізеді, басқа әдістер арқылы алынған мәліметтермен толықтырылып отырады. Әңгіме барысында сұрақ қою тәсілімен бала жауабы түгел жазылады. Соған орай зерттеуші қорытынды жасайды.

**Сауалнамалық зерттеу әдісі.** Зерттелетін адамға арнап құрылған бірқатар мазмұнды сұрақтарға жауап жаздырады да, сол жазбаша жазылатын жауаптарға белгілі қорытынды жасап, тиянақты пікірге келуге болады. Бұл әдістің бір ерекшелігі сұрақты құрмас бұрын баланың жас ерекшелігін ескеру керек және сұрақтың мазмұнына айқын дұрыс жауап беретіндей етіп құрылуы керек. Сауалнаманы жазбас бұрын қалай толтыру керегі жөнінде, балаға нақты түсінік беру керек. Артықшылығы бірнеше сұрақтар беріліп, сол сұрақтарға алынатын жауаптан көлемі үлкен материал алуға болады. Ал қиындығы алынған деректегі баланы сапалық жағынан талдау және баланың берген жауабын мінез-құлқымен тікелей саралауға мүмкіндік ала алмайды.

**Тестілік әдіс** – сынау, яғни тексеру, көру мағынасын береді. Бұл арқылы тексеріп отыратын адамның білігін, іскерлік жағын, жалпы ақыл-ойының даму дәрежесін психикалық процестердей сапалық қатынасын анықтау үшін, мамандыққа деген қабілетін білу үшін жүргізуге болады. Яғни мұнда белгілі жағдайды қатаң сақтай отырып, балаларға ұсынылатын арнайы есеп немесе бір топтама мазмұнды сұрақ белгілі бір уақыт аралығында беріледі де, соған жауап алу жұмысы жүргізіледі. Әр тапсырманы орындағаны үшін белгілі мөлшерде балды есептеп баға береді.

Әр тапсырманы әр түрлі нұсқауда орындауға болады. Өйткені



балалар кейбір себептермен тапсырманы орындай алмай қалуы мүмкін. Оның орындалу уақыты, сапасы, қабілеті мен сапалық қасиеті уақыт мөлшері негізінде жүреді. Көптеген жолда баланың білім деңгейінің сапасын анықтау үшін жүргізеді. Дұрыс ұйымдастырған тестілік әдіс арқылы адамның қабілетін, бейімділігін анықтап, әр сыныпқа бөледі де, әрқайсысының бағдарламалық өтуіне қарай оқу бағдарламасын зерттеп бөледі. Тестілік әдіс арқылы баланың сабаққа немесе жұмысқа құлқы, әзірлігі, білім деңгейі анықталады.

**Қызмет нәтижесін зерттеу әдісі.** Мұнда әр адамның шамашарқы, ептілік дағдысы, жұмысқа құлқы, қабілеті мен білім деңгейі психикалық процестің өзгешеліктерін ашуға мүмкіндік болады. Оқытудың әр түрлі іс-әрекетінің қорытындысын көруге болады. Оқушының іс-әрекетін, шығармашылығын, бақылау жұмысын, сызған сызбалары мен суретін еңбек сабағында ағаштан, темірден, тастан құрастыра илеу жұмысының нәтижесінен, қыздардың тіккен кестесінен көруге болады. Осыларды орындау нәтижесінен баланың психикалық дәрежесі туралы белгілі қорытындыға келуге болады.

**Социометриялық әдіс.** Бұны әлеуметтік өлшем әдісі деп те атайды. Бұл тарихи жағдайдағы эксперименттің бір түрі. Мұнда адамның жеке бас ерекшеліктері мен ұжым мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты зерттейді. Қолданылатын негізгі тәсіл – өзара таңдаудың әр түрлі формалары зерттеудің барысында зерттелетін адам өз пікірін жасырмай айтуы керек (не ұжым мүшелері қалағанын). Ол үшін әдісті табиғи жағдайда жүргізеді. Ол үшін жас ерекшеліктері ескерілуі керек. Әр сұраққа қатаң зерттеу жұмысын жүргізгенде социограммалық кесте, карта жасалады. Осы картаға түскен таңдау санының қорытындысына қарай топ ішінде кімнің беделі жоғары немесе кімнің төмен себебін анықтап, топтағы баламен әр түрлі жұмыстар жүргізуге болады.

**Биографиялық әдіс.** Биографиялық әдістің мәні жеке адамның психологиялық ерекшеліктерін бейнелеп көрсетуге болатын өмірбаянның өзгешеліктерімен талдау жасап, жинап, қорытынды жасаумен күнделік жазбалары, хаттарының өмірбаянын анықтайтын мәліметтер, оны танитын адамның есінде қалған мәліметтер негізінде жүзеге асады. Биографиялық әдістің

ерекшелігі бақылауды сырттай білу үшін іс қағазға, өмірбаянына сын көзбен қарап, тереңірек қарауды талап етеді. Жеке адамның психологиялық ерекшелігін зерттеп білу үшін сол адамның өз өмірбаяны туралы, жазған мәліметтерін пайдалануға болады. Сонымен, қатар бақылау және эксперимент әдісі арқылы алынған мәліметке де сүйенуге болады.

Диагностикалық мектептегі психологиялық қызметтегі негізгі, басты міндеті – балаларды бір-бірімен салыстыру емес (бірақ та бұл өте қажет), тек нақты бір баланың ішкі әлеміне ену, кіру керек. Практик-психологтың алдында мынадай міндет тұр, ол нақты бір баланың танымын және білім әлемін қабылдауын, әлеуметтік қарым-қатынасын, басқа адамдарды және өзін қабылдауын, мектеп оқушысының нақты қарым-қатынасын, оның жеке дамуын зерттеу болып келеді.

Диагностика жұмысын жүргізгенде психологиялық мәселені анықтау ептілігі болу керек, дұрыс сұрақ қою керек, қатысушылардың, яғни мұғалімдерден, ата-аналардан керекті ақпарат алу керек және сол ақпараттан анализ жасап, тұжырымды қорытынды шығару керек.

Мектеп психологиясының диагностика-коррекциялық іс-әрекетінің процедурасы өте әлсіз өңделінеді. Мұндай процедураны бірінші рет Л.С. Высотский педагогикалық зерттеу жүйесі ретінде, қиын тәрбиеленетін және қалыпсыз балаларды зерттеу жұмысында алған. Осы жүйе негізінде Й. Шванцара тұлға даму диагностикасында өзінің эксперименталды-психологиялық тәсілін өңдеп шығарды. Америка әдебиетінде де мектеп психологының диагностикалық жұмыс қадамы көрсетілді.

Психологиялық кеңес беру – консультативті қызмет – мектеп психологының жұмысына тән бағыт. Кеңес беру мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар үшін жүргізіледі. Олар жеке даралық және топтық болуы мүмкін. Психологиялық кеңес беру өзінің тапсырмалары бойынша психопрофилактикалық жұмысқа қосылады. Бірақ та, олардың арасында өздеріне тән айырмашылықтар бар. Егер де біз психопрофилактикалық жұмысты психологиялық проблеманың әлі пайда болмаған кезінде бастасақ, онда кеңес беруді проблемасымен келіп отырған адамға береміз. Мұғалімдерде, оқушыларда немесе ата-аналарда өздері шеше

алмайтын қандай да бір мәселе туындайды. Дегенмен, оларды осы мәселелер қобалжытады, мазасыздандырады. Сондықтан да олар мектеп психологына көмекке барады.

Психологиялық қызмет көрсетудегі іс-әрекеттің дәстүрлі бір түрі психологиялық кеңес беру болып табылады.

Психологиялық көмек беруде психологиялық кеңес беру, психотерапия және психокоррекция модельдері бір-бірімен байланыста қолданылады. Олар жалпыланған әлеуметтік, клиникалық, дифференциалдық тұлға психологияларының, тестологияның теориялары мен әдістеріне негізделеді. Практик-психологтың қандай да бір тұжырымдаманы тұтасымен және өзіндік интеграциялаумен саналы түрде, біртіндеп қолдануы психологиялық көмектің адекваттылығының бірден-бір кепілі болып табылады. Мысалы жеке дара кеңес беру студенттің жаңа ортаға бейімделу мәселесіне қатысты берілетін бір ғана нұсқау, жастық шақтағы дамудың бір моделі, студент тұлғасының қандай да бір психологиялық және әлеуметтік нормасы, тұлға құрылымдарына қатысты алынған бір модуль, мәдени және ұлттық құндылықтар жайлы көзқарастар жүйесі негізінде беріледі.

Психологиялық кеңес беру, психокоррекция және психотерапия салалары бойынша аса кең тараған тұжырымдамаларға З. Фрейд психоанализ, К.Г. Юнгтің аналитикалық психологиясы, В. Рейхтің тәндік психологиясы, Ф. Периздің гештальттерапиясы, Б. Скиннердің бихевиоризмі, К. Роджерстің гуманистік бағыты, С. Гроф пен К. Уилбергтің трансперсоналды психологиясы және т.б. жатады. Практик-психолог қандай да бір психологиялық бағыттың идеялары мен әдістеріне сүйене отырып немесе оларды өзінше комбинациялап, кәсіби психологиялық көмек бере алады. Тіпті кейде психологиялық кеңес беру, психокоррекция және психотерапия салаларын мамандар ажыратып қоймай, біртұтас психологиялық көмек ретінде қолданылады. Біз оларды шартты түрде ғана бөлумен шектелеміз. Психологиялық кеңес берудің тиімділігі оны ұйымдастырудың орны мен уақытына тікелей байланысты болады.

Практик-психологты клиентті арнайы жабдықталған, жарығы мол емес бөлмеде қабылдауы психологиялық әсер етудің ең қолайлы жағдайы болады. Кеңес беру орны басқалардың кедергі



жасауына, клиент зейінінің бөлінуіне жол бермейді; сұхбаттасуға қолайлы, окшау, комфортты жағдайды қамтамасыз ететіндей болып ойластырылады.

Кеңес беру, сұхбат жасауға арналған арнайы бөлме болмағанда, консультант басқа ыңғайлы орында клиентпен жұмыс жүргізуіне болады. Онда таңдап алынған бөлменің бұрыш жақтары пайдаланылады. Кеңес беру кезінде клиенттің алаңдауына жол бермей, бар назарын консультантқа аудару үшін оның есік жаққа арқасын беріп отыруы жөн болады. Сонымен қатар консультант пен клиент орындықтары немесе жайлы креслолары бір-бірінің бет-әлпеттерін көріп отыруы үшін, ал қажет болса орындықтарын қиғаштап бір-біріне карама-қарсы орналастыруға да болады. Кеңес беру сұхбаты кезінде консультант пен клиент бір-біріне тым жақын емес, олардың өз орындарынан отырып-тұрулары еркін, аяқтары бір-біріне кедергі жасамайтындай қашықтық алынады. Г.С. Абрамова консультант пен клиент арасындағы қолайлы арақашықтық деп 1,5 метрдей өлшемді алады. Консультант пен клиент ыңғайлы, бірдей жұмсақ креслоларға (болмаса орындықтарға) отырып, ал араларында шағын журнал столы (әйтпесе, дөңгелек биік стол) болса, әңгімелесуге тіпті қолайлы болады.

«Кеңес беру» ұғымы бірнеше мәнге ие болады. Бұл маманның кеңесі, қандай да кеңес беру қызметін жүзеге асыратын мекеме, нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, қарым-қатынас үрдісінде жақын-туыстардың, дос-жарандардың және т.б. бір-біріне беретін ақылдары болып табылады. Ал практик-психолог кеңесі – нақты бір жағдайлардағы адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп түсіндіріледі.

Сол сияқты, «психологиялық кеңес беру» ұғымы қазіргі кездегі жантану ғылымдарының салаларында бір мәнді анықталмайды. Қалай болғанда да, психологиялық кеңес беру маманның қандай да бір тұлға мәселесі бойынша беретін кәсіби кеңесі, яғни психологиялық көмек көрсету мақсатындағы іс-әрекет деп жалпылауға болады. Г.С. Абрамова (1994), Н.Н. Обозов (1998), В.Н. Карандешев (2000) психологиялық кеңес беру практикалық психологияның бір бағыты, психологиялық көмек көрсетудің бір түрі деп сипаттайды. Ю.Е. Алешина (1993, 2000) психологиялық



кеңес беруді әртүрлі мәселелерді шешуге бағытталған, адамдармен тікелей жүргізетін жұмыспен анықтайды. Британдық кеңес беру ассоциациясы психологиялық кеңес беру үнемі немесе уақытша консультант рөлінде адамның нақты бір мерзімде уақытша клиент рөліндегі адамдарға назар аударып, құрметтеп қарау үрдісі деп қарастырады. Ғалым-зерттеушілер психологиялық кеңес беру ұғымын әр тұрғыдан қараса да, оның қарым-қатынас жасаудағы қиыншылықтарды шешуге бағытталатындығын көрсетеді. Жарты ғасыр медицина саласына іс-әрекет жасаған психолог-ғалым В.Н. Мясичев, адамның басқалармен, әлеуметтік орта мен өзара қатынас жасаудың бұзылуын немесе қиыншылықтарын невроздық әрі физиологиялық, әрі психологиялық көзі деп санаған (1972). Сонымен қатар, арнайы әңгіме (сұқбат) психологиялық кеңес беру негізгі әсер ету құралы деп қарастырылады.

Психологиялық коррекциялық жұмысқа мектеп психологының хабардарлығы мен міндеті, баланың психикалық даму ерекшеліктерін білу кіреді, яғни баланың психологиялық жана білулерінің анықтамасын қалыптастыру, жастық бағдар бойынша білімнің, дағдының, тұлғалық даму білімділігінің сәйкес келу деңгейі. Сондықтан дәл осы психодиагностика іс-әрекет ретінде, психологиялық мәселелері, яғни олардың ерекшеліктері мен қабілеттіліктерінің дамуымен, мектептегі психологиялық қызметпен айналысу орталығы ретінде жұмыс жасайды. Психодиагностиканың мақсаты ретінде К.М. Гуревичтің анықтамасы бойынша, балалардың жеке дара – психикалық ерекшеліктері ақпарат ретінде жиналуда, яғни өздері үшін және олармен жұмыс жасау үшін пайдалы.

Психологиялық коррекция психологиялық көмек көрсету аясына Ресей ғалымдары анықтап, қолданылатын психокоррекция ұғымы да енді. Кейбір ғалымдар психокоррекция мен психоперация терминдерін синоним ретінде қолданып та жүр. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар да көрсетіледі. Психотерапия психологиялық бұзылуларды жойып, емдеуге бағытталған. Ал психокоррекциялық әдістер қандай да бір психикалық ауытқуларды түзетуде, яғни коррекциялауда, патологиялық компенсациялауда қолданылады.

Сонда психокоррекция мен психотерапия психикалық және

тұлғалық дамудағы ауытқуларды түзетуге адамның ішкі дүниесінің дискретті сипаттамаларына негізделген әсер ету болып табылады.

Психика мен непросаматикалық функцияларды қалыпты етуге немесе жақсартуға бағытталған психологиялық әсер психотерапия мен психокоррекцияның ортақ мақсаттары болып табылады.

Психотерапия мен психокоррекцияның әдістеріне:

- 1) аутогенді жаттығулар;
- 2) психологиялық тренинг түрлері;
- 3) психотехникалық тапсырмалар мен ойындар;
- 4) дәстүрлі пән бойынша оқытудың әр түрлі формаларын (мәтінді жылдам, мәнерлеп оқуға, жаттығуға т.с.с.) үйрету жағады.

Психологиялық әсер ету қадамдары:

- 1) алдымен міндетті түрде психодиагностикалық ақпараттар ескертіледі;
- 2) психодиагностикалық ақпараттар жас ерекшелігіне байланысты психика дамуының заңдылықтары жайлы теориялық негіздерге сәйкестендіріледі;
- 3) нақты бір адаммен немесе топпен коррекциялық жұмыс жүргізудің бағдарламасы жасалынады.

Психокоррекция адамның ішкі потенциялына, қуатына бағытталып жүзеге асырылады.

Сонымен, қазіргі кезде психологиялық көмек беруде бір-бірімен мазмұндас үш ұғым – психологиялық кеңес беру, психотерапия және психокоррекция негізге алынады. Психологиялық әсер етудің әр түрлері психологиялық көмектің әр сатысында қолданылады. Тіпті, психологиялық кеңес беру, психотерапия және психокоррекция бір үрдістің сатылары болуы да әбден мүмкін.

Енді психокоррекцияның басты формасы психологиялық тренингті қолдану мәселесіне тоқталамыз.

Әлеуметтік-психофизиологиялық тренинг ұғымы ғылымға өткен ғасырдың 70-ші жылдары енеді. Ал әдебиеттерге жасаған талдаудан біздің еліміздегі психология, педагогика саласына топтық тренинг тым жаңа технология болып табылатыны анықталды.

Ю.Н. Емельянов тренингі жеке тұлғаның оқуға қабілетін

дамытуда немесе кез келген күрделі іс-әрекетті, соның ішінде, қарым-қатынасты меңгеру құралы, әдістер жүйесі деп анықтайды. Біз өз зерттеулерімізде әлеуметтік-психологиялық тренингті жаттығулар жүйесі арқылы жеке тұлғаның өзін-өзі тану процесіне және қарым-қатынасты жасау позициясына оңды психологиялық әсер ететін әдістер деп қолданамыз.

Әдебиеттерде әлеуметтік-психологиялық тренингтің жеке тұлға құрылымдарының әр түріне әсері сипатталады. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің мәні, жеке тұлғамен қарым-қатынасты маңызды қасиеттердің дамуына ықпалы Г.М. Андреева, Н.Н. Богомолова, Ю.Н. Емельянов және т.б. ғалымдар еңбегінде келтіріледі.

Тренинг нәтижесінде ашықтық, үйірсектік, тәуелсіздік, идентификациялық, өзін-өзі сенімділік қасиеттері жетіледі; адамның өзіне және басқаға қатынасы өзгереді; өзін-өзі бақылауда адекваттылық болады (И.Л. Блинова, В.И. Натаров, В.Э. Костецкий және т.б.). Ғылыми зерттеулерде топтық жұмыстың қарым-қатынас компетенттілігінің артуына, мазасыздық деңгейінің төмендейтін тиімділігі тағайындалған (Ю.М. Жуков, Л.А. Петровская, П.В. Растянова және т.б.). А.С. Золотнякова, Е.В. Кузнецов, Л.И. Новикова, Г.А. Филатова және т.б. алған нәтижелер топтық тренингке қатысушылардың рефлексиялық, аффилиативтік, эмпатиялық, децентрациялық тенденциялардың артуын көрсетеді.

### 3.2. Сауалнама әдістердің анықтамасы

**Сауалнама** – зерттеушінің респондентпен анкета арқылы жүзеге асырылатын байланысына негізделген эмпирикалық әлеуметтану өлшем тәсілі.

**Сауалнама** – бұл арнайы іріктеліп алынған танымдық сұрақтар мен олардың мүмкін деген жауаптарының нұсқауларының талапқа сай логикалық құрылысының жиынтығы.

Ал **саралау** сөзі латынша – ерекшелеу, айырмашылық сөзінен шыққан, тұтасты бөліктерге, формаларға, сатыларға жіктеу, мүшелеу, айыруды білдіреді, олай болса саралау міндетін оқушыларды оқыту процесінде оқытудың басты мақсатына жету және әр оқушының ерекшеліктерін есепке алу болып табылады.

Америка психологы Дж. Голланд жеке адам типологиясы



бойынша мінез-құлқына байланысты адамдарды алты психологиялық типке бөлді. Мәселен, реалистік, интеллектуалдық, әлеуметтік, конвенциялық, тапқыр, әртістік.

*Мотивация сауалнамалары.* Адамның мінез-құлқындағы екі қызмет етуші өзара байланысты жақтарын көрсетуге болады: *реттеуші және қозғаушы.* *Реттеуші* жағы мінез-құлқтың әр түрлі жағдайларға бейімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

*Қызығушылық сауалнамасы.* *Психологияда қызығушылық* деп адамның іс-әрекет мақсатын түсінудегі бағыттылығын қамтамасыз ететін, сонымен бірге бағдарлауға мүмкіндік бере отырып, индивидтің жаңа фактормен танысуын және шындықты тереңірек, толығырақ бейнелеп, тануына әкелетін танымдық қажеттіліктің формасын көрсетеді. Қызығушылықты өлшеу тұлғаны зерттеудің нақты міндеттерінен басталады.

*Жеке тұлғаны диагностикалауда проективті (жобалау) әдісі.* Бұл әдістемелер қиял мен фантазияның өнімдерін талдауына негізделіп, тұлғаның ішкі әлемін, оның субъективті әсерленулерінің, ойларының бағыт-бағдарын ашуға арналған.

Психолог Р.Б. Кеттелл тұлға кесіндерін жүйелеу үшін тұлғалық сұрақнамаларды құрастыру үшін *факторлық анализді* қолданды. Р. Кеттеллдің бұл бағытына тән ерекшелік – ол факторлық анализді берілгендердің көлемін қысқарту тәсілі ретінде емес, жеке тұлғаның базистік, себепті кескіндерін айқындау әдісі ретінде қолданылады. Мінез-құлқы ерекшеліктері туралы жеткілікті мәліметтер алу үшін Р. Кеттелл Г. Олпорт пен Х. Одберг 1936 жылы жасаған сөздіктегі бүкіл жеке тұлғалық кескіндердің атауын талдап шықты. Р.Б. Кеттеллдің 16 Жеке тұлғалық факторлардың сауалнамасының мәні – әдістеме өмірлік ситуацияларға қатысты болды. XX ғ. 90-ж. А.Г. Шмелев басқа авторлармен бірге, 16 PF сауалнамасын жасады.

## 4-бөлім

---

### ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫ

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың диагностикасы. Жалпы және арнаулы қабілет диагностикасы.

Интеллектуалды дамудың психологиялық-педагогикалық диагностикасы.

Өзіндік бағалау, мінез, эмоция, ерік-жігер сферасы, тұлғааралық қатынастар диагностикасы.

**Ұғымдық түсініктеме сөздер:** ассоциация, мектепке дейінгі бала, ақыл-ой, іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, психикалық даму, мәселелік жағдайлар.

#### 4.1. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың диагностикасы

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, ақыл-ой мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз үрдісі деп атап көрсетті.

Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере отырып, оқушы-ның білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқын-дауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу мектеп өміріндегі осы үздіксіз тәрбие үрдісінің ғана жемісі болмақ.

Бастауыш мектептегі оқу жұмысының әр саласына бейімделу

баллада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар сабақта балалардың оқуға белсенділігі әр түрлі.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінің, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен көрінеді.

М.М. Мұқанов өзінің «жас және педагогикалық психология» деген еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетінін көрсетті: *біріншіден*, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. *Екіншіден*, тапсырма жауап іздестіру үшін берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның мәтіні беріледі. Осы мәтінге өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол мәтінге сүйене отырып, бала оны жаттап алады.

Баланың оқу әрекеті арқылы әрекеттеніп, яғни мәселені шешуі, олардың танымдық іс-әрекетінің дамуына көмегін тигізеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың қарастырып отырған негізгі объектісі бастауыш сыныптағылардың оқыту үрдісіндегі танымдық іс-әрекетті дамыту болғандықтан:

- Оқыту үрдісінің ерекшелігі;
- Оқыту арқылы жаңа және қызықты білімді меңгеру;
- Оқыту ақыл береді;
- Білім алу топпен бірге өтеді;
- Оқыту білімділік пен сауаттылық береді;
- Оқыту мұғалімнің жеке ерекшелігі негізінде көрінеді;
- Жақсы баға алумен көрсетіледі.

Қандай іс-әрекет болмасын қиын құрылымнан тұрады. Іс-әрекет жеке әрекеттерден тұрады да, алдыға қойған мақсатқа жетуге бағыттайды.

Бастауыш мектепте оқыту іс-әрекеті жетекші болады. Сондай-ақ танымдық іс-әрекеттің үрдісінің жүйелі қалыптасатын кезеңі. Бастауыш мектеп жасының ерекшелігі мен маңыздылығын терең зерттеген психолог ғалымдар Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, олардың ісін жалғастырушылар Л.И. Айдарова, А.К. Дусавский, Г.А. Цукерман және тағы басқалары.

Д.Б. Эльконин мектепке баланың қатынас жүйесі әлеуметтік



ортаға байланысты құрылады. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік қатынасының екі ортасын көрсетті: «бала – ересек» және «бала – балалар». Бұл жүйелер ойын іс-әрекетіне байланысты. Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, И.С. Славина осыны эксперименттік жолмен көрсетті. Біріншіден, үлкендер баладан: «Сен қалай оқисың?» деп сұрайды. «Бала – мұғалім» жүйесі біртіндеп бала өмірінің негізгі ортасы болады, өмір шарттарының барлық жағымды жақтарын осыған байланыстырады. Яғни «бала – мұғалім» жүйесінде бірінші «бала – қоғам» қатынастары жүзеге асады. Осындай қарым-қатынастардың барысында белгілі нақтылы жағдай іс-әрекетке қатысушылардың талқысына түседі. Бұны С.М. Жақыпов еңбегінде «нақты жағдайларды талдау» деп көрсетіп, оны әр түрлі тұрғыдан байқайтындығын айтқан. Бұл әлеуметтік ситуация баланың дамуы үшін ерекше іс-әрекетті талап етеді. Бұл іс-әрекет оқыту іс-әрекеті деп аталады. Ал бірақ осы іс-әрекеттің орындалуының мәні мен мағынасы танымдық іс-әрекеттің негізінде қабылданады.

Сөйтіп, «қандай да болмасын оқу үрдісінің нәтижесін оқушылардың өз бетінше танымдық іс-әрекетінен, оқытушы мен оқушының біріккен іс-әрекеті арқылы оқу мен оқыту үрдісінің органикалық үйлесуі пайда болады» деп көрсеткен. Мұғалімнің көңіл бөлуіне бала сенгіш орындаушы ретінде қарайды. Осыған байланысты бастауыш мектеп оқушыларының дұрыс шешім қабылдауына жағдай жасалып, оның зейіні белсенді әрекеттенеді. Бірақ мұғалім де, ата-аналар да баланың мүмкіндігін ұмытпаулары керек. Мектепке түсу танымдық іс-әрекеттердің ішінде ойлаудың дамуына күшті әсер етеді. Бала үлкендерден «сен мүлдем тырыспайсың» деген сөз естиді. Бірақ ол «тырысу» деген сөздің мағынасын түсінбейді. Сол үшін де өзінің күшін қай бағытқа бұру керек екендігін білмейді. Бастауыш мектеп жасы адамзат қауымының әлі толығымен қалыптаспаған мүшесі.

А.В. Скрипченко бастауыш мектеп оқушыларының математикалық ойлауы қабілеттік пен талдап қорытуға байланысты, ол эксперименттік жолмен 2-ші сынып оқушылары 3-ші, 4-ші сыныптарға қарағанда қабілеті жоғары болады деп көрсетті. 2-ші сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетіне ересектер

жақсы әсер етсе, олардағы білім болашақта соғұрлым терең және тиянақты болады.

В.В. Давыдов пен Д.Б. Элькониннің еңбектерінде оқыту іс-әрекеті мынадай компоненттерден тұрады: 1. Оқыту тапсырмасы. 2. Оқыту әрекеті. 3. Бақылау.

Осы компоненттер арқылы оқушының психикалық дамуы жетекші рөл атқарады. Бастауыш мектеп оқушыларының теориялық білімінің шеберлігіне сүйсініп іс қылуын меңгеру («оқи алу шеберлігі») болашақтағы ғылымның негізі болады.

Бала бастауыш мектепке келгеннен кейін барлық мектеп ұжымының алдына қоятын өзекті мәселесі оқытудың тиімділігін қалай арттыру және оқушы берілген білімді ғана меңгеріп қана қоймай, өз бетінше ойлай алуға қалай үйретуге болады, тағы басқа да көптеген сұрақтар туындайды.

А.С. Выготскийдің теориясымен басқа психологтар да 6-7 жастағы бала өміріндегі дағдарыс кезең болып табылады деген болатын. Бұл жастағы балалардың танымдық іс-әрекетінің дамуын педагогикалық-психологияның статусына жоспарлаудың мазмұнын 4 кезеңге бөліп қарастыруға болады.

1. Танымдық іс-әрекет аймағы, ойлаудың даму деңгейі, оқыту әрекеті арқылы ақыл-ой әрекетінде ішкі жоспарын құру, тілдің даму деңгейін бастауыш сынып оқушыларының жазу мен сурет салу әдістемесін дамыту.

2. Бастауыш сынып баланың танымдық іс-әрекетіне қарым-қатынастың тигізетін ерекшелігі: құбылыстармен араласу арқылы ұжымдық іс-әрекетке келіспеушіліктерді достық жолмен шешуге үйренеді, педагогпен қарым-қатынасы, мұғалімге деген құрмет, әлеуметтік және этикалық өлшемдерді сақтау.

3. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық ерекшелігінің аймағы, оқу мотивациясының жеке ерекшеліктері, мектепке тұрақты эмоциялық қалыпты сақтаудың әсері.

4. Оқушы іс-әрекетінде мектептің жүйелілік принципінің тигізетін әсері, мектеп туралы, мұғалім туралы оқытудың маңыздылығы туралы дұрыс сезімнің қалыптасуы арқылы әсер ету.

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш мектеп оқушыларының психикасын дамыту мәселесі.

Зерттеулерде бұл мәселені психология ғылымының дәстүрлі

анықталған жолдарымен қарастырады: бастауыш мектеп оқушыларының психикалық даму заңдары мен шарттарын балаларда жүйелілік бақылау жолдарымен оқыту, тәжірибе жүргізу жолдары арқылы танымдық іс-әрекеттің нақты ерекшеліктерін бала жасының бір қалыптасқан жас кезеңінен екіншісіне өткен даму кезеңін анықтайтын жолдар көрсетті.

Осы жолдар арқылы оқытуда баланың танымдық іс-әрекетін салыстырып және зерттеуден алған нәтижелердің сапасындағы өзгерістер дамудың дұрыс жағын көрсетеді.

Түсініктемелер негізінде психологиялық теориялар құрылады. Басқа сөзбен айтқанда бала психикасының дамуын зерттейтін констанциялық серияның міндеттері:

- Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау;
- Оқытуға дейінгі сақталу принципін деңгейін анықтау;
- Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

Оқыту үрдісіндегі танымдық іс-әрекеттің дамуы бастауыш мектептің жас ерекшелігіне байланысты теориялық білімнің мазмұны жетекші іс-әрекет болып табылады.

С.Л. Рубинштейн адамның білімі ойлау әрекетімен (абстрактілі, талдап қорыту және т.б.) бірлікте көрінеді. «Білім субъектінің танымдық іс-әрекетінің қатынасынсыз туындамайды және танымдық іс-әрекетінсіз дәлелсіз болады».

Сондықтан да білім, бір жағынан, ойлау әрекетінің нәтижесі ретінде, екінші жағынан, осы нәтижені алған үрдіс ретінде қаралады.

Д.С. Смирнов танымдық іс-әрекетті жүйе ретінде қарастыра келе былай деді: Танымның қандай болмасын нақты актілері танымдық іс-әрекет барысында басталады, мысалы, дүние туралы негізгі көзқарас, оны бейнелеу кейіннен тиянақтау, толтыру, түзету.

Танымдық іс-әрекеттің негізінде берілген білім баланың есінде ұзақ сақталып, өз нәтижесін көрсете алады.

Д.Б. Элькониннің «Жасөспірімдердің психикалық дамуын қандай іс-әрекет алға бастайды» деген мақаласында мынадай үш түрлі қағиданы негізге алады: «жетекші іс-әрекет», «психикалық



жаңа білім», «жас дағдарысы». Осы ұғымдарды бастауыш мектепке баланың танымдық іс-әрекетінің дамуына әсер етуі, *біріншіден*, жетекші іс-әрекеттің мазмұнына және осы жастың негізгі бағытының дамуына байланысты деп қарастырады. *Екіншіден*, жетекші іс-әрекет бастауыш мектепте оқыту болғандықтан оларда психологиялық жаңа білім қарастырады. *Үшіншіден*, мектепке түскен бала үлкен дағдарысты бастан кешіреді.

Жоғарыда айтылған мектепке бейімделу бірінші жарты жылдықта болады. Бұл жаста мынадай бейімделулерден өтеді:

- Мектепке баланың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасауы (сынып коллективіне үйренуі, балаларға қойылатын бірдей талапқа, құрбыларымен мұғалімнің қарым-қатынас мөлшерінің қалыптасуына) керек;

- Оқыту үлгеріміне балалардың психологиялық дайындығын көтеруге, білімді меңгеруге, танымдық дамуына көмектеседі;

- Оқыту бағдарламасына бейімделеді.

1-ші сынып соңында баланың мектепке бейімделуі аяқталып, баланың танымдық әрекетінің дамуы 2-ші сыныпта басталады. Сыртқы даму іс-әрекетінің және оқытудың барлық түрінің әсері ішкі логикалық ақыл-ой операциясының қалыптасуына танымдық іс-әрекеттің дамуы арқылы қол жеткізеді.

**Психодиагностикалық әдістемелерді пайдаланудың жалпы нұсқауы төмендегідей:**

1. Кәсіби біліктігі бар немесе баланы жақсы танып білген ересек адам әдістің ішкі, экспертті бағасына назар аударуы керек.

2. Мектепке дейінгі кезеңде экспертті бағалауға, баланың өзіндік бағалауын есепке алу керек, олар әлі де болса ересектердің пікіріне сүйенеді.

3. Мектепке дейінгі бала үшін жеке тұлғалық сұрақтарды қолданған жөн.

4. Мектепке дейінгі бала үшін тест ауызша немесе тест түрінде беріледі. Кей кездері тапсырмаларды орындау үшін қарындаш және қағазды пайдаланады (қарапайым әрекеттерді орындайды).

Мектепке дейінгі баланың дамуын диагностикалау әр түрлі сипатта болады: эмоционалды, моторлы, танымдық процестері, сонымен қатар тұлғалық ерекшеліктері.

Америкалық ассоциация комитетінде бейімделген мінез-

құлық шкаласы өңделді. (ABC), эмоционалды күйді немесе қандай бір психикалық бұзылыстарды оқып-үйренуге арналған.

Маккарти шкаласы 2,5-тан 8,5 жасқа дейінгі баланың қабілетін оқып-үйренуге бағытталған.

Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой қабілетінің даму деңгейін бағалауға арналған Стэнфорд-Бине және Векслер тестілері қолданылады.

Отандық психологтар Л.С. Выготский, А.В. Запорожц, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович еңбектерінде дамудың мәдени-тарихи теориясы, психикалық дамуға әсер ететін факторлар, дамудың әлеуметтік жағдайы, оқу мен дамудың арақатынасы, психикалық дамудың қозғаушы күштері сарапталды.

Мектепке дейінгі шақ баланың сезімдік тәжірибесінің орасан зор молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың адамға тән формаларын игеру, қиялдың күшті даму, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамалары қалыптасу кезең болып саналады.

Бала тұлғасының қалыптасуы оның құрбыларымен және үлкендермен қарым-қатынас орнатуын анықтайды. Бала өз құрбыларымен қарым-қатынасқа түседі, «балалар қоғамының» құрылуы болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы өз «менін» және өз қылықтарының маңызының арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүниесіне, олардың іс-әрекеттері мен өзара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады.

#### 4.2. Жалпы және арнаулы қабілет диагностикасы

**Қабілеттілік** – қандай да бір немесе бірнеше әрекетті жемісті атқарудағы психикалық қасиет. Қабілеттілік екі салаға бөлінеді.

- репродуктивті;
- шығармашылық.

Бірінші дәрежедегі қабілеті дамыған адам білімді, әрі жаңа жағдайды, іс-әрекетті тез қабылдайды, оны үлгі бойынша жүзеге асырады.

Екінші дәрежедегі қабілеті дамыған адам өзінің жеке іс-әрекетімен жаңалық ойлап табады, жананы қалыптастырады.

Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский «Ұстаз оқушыға

өзінің тәсілдерін үйретуден бұрын алдымен оның бойында білім алуға деген талпынысты оятып алуы қажет екенін айта отырып, егер шәкірттің бойында оқуға деген ынта-ықылас оянбаса, онда жүз мұғалім оған төніп тұрса да, одан түк шықпайды» деген болатын. «Ұстаз да, ана да екеуі де мейірімі мол егіз ұғым». Шәкірттердің бойына білім біліктерін зердесіне қалай ұялатудың ұтымды жолдарын, әдістерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті. Баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау үшін қызығушылық қабілетін ояту қажет.

Ал **дарындылық** балаға білім беруде туа біткен алғырлық қасиеттердің тәрбие жүйесіндегі әдіс-тәсілдермен бірлесе келіп, жеке тұлғаны қалыптастыруда ықпал етудің нәтижелі көрінісі.

**Белсенділік** – қоршаған ортадағы ақиқат шындық пен өзара қимылының өлшемі, кез келген әрекеттің немесе қимыл-қозғалысы орындалуындағы өнімділігі және қарқындылығы. **Талант** – адамды басқа адамдардан ерекшелендіріп тұратын қасиет.

Онда бұл мәселеге Абай тілімен жауап беріп көрейік. Абай білімді меңгерту, қабылдау, тану жайында педагогикалық теорияға үйлесімді даналық пікірлерді дәл ұсынған:

Қабылдау

Ұғыну

Ойлану

Пайымдау

Игеру

Бекіту

Жүзеге асыру

Қолдану

Іздену....

Осының бәрі бір ұлағатты оймен, тауып айтылған даналық десек артық болмас. Бүгінгі қабылдау болмаса, қабылдай алу қабілеті жоқ болса, материалды ұғыну мүмкін емес. Ұғынбаған материал туралы ойлану құр далбаса, ой болмаса пайымдау да жоқ.

**Дарындылық** – бұл қабілеттердің шоғырлана көрінуі, адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерінде басқа адамдармен салыстырғанда жоғары жетістіктерге жету мүмкіндігін анықтайтын жүйелі, өмір сүру барысында дамитын психикалық қасиеті.



1869 жылы Гальтон интеллект деп атаған ерекше тапқырлық көрсеткен, ойы ұшқыр, креативті адамдар туралы жазған алғашқылардың бірі болып саналады.

Терман (1925) интеллект терминнің түсінігін ары қарай кеңейтіп, дарындылықты интеллект коэффициенті негізінде сипаттап, сол арқылы интеллектіні тест арқылы анықтады. Интеллектінің жоғары коэффициенті баланың есейгендегі жетістіктерін болжауға мүмкіндік береді деген қағиданы қалыптастырды.

XX ғасырдың 50-жылдарында интеллектіні анықтау тестіне деген таластар туды. Ол тек шектелген академиялық көрсеткішті ғана береді деп, ал индуктивті ойлау, шешендік өнер, кең ауқымды қабылдау мен математикалық қабілеттер назарға алынбайды деп сынады. Сыншылар тест басқа қабілеттерді қамти алмайды, бөлек дәлелдердің арасындағы байланысты аша алмай тұйық өзіндік ойлау мен басқа да таланттардың ойлауын көрсете алмайтындығын атап көрсетті.

Гильфорд (1950-1967) интеллектіге карағанда өзгеше бірегейлік көрсететін «креативтілік» терминін қолданды. Ол ақыл-ой әрекетінің үш өлшемді моделімен жұмыс жасады. Бұндағы факторлар интеллектіні анықтау тестілерімен өлшенбейтін еді.

Пассау (1955) дарындылықты қандай да бір саладан, ғылым, өнер, әлеуметтік көзқарастардан үлкен нәтижелерге жету деп анықтады.

Сол уақытта (1955) дарындылыққа 51 анықтама берілді. 1971 жылы АҚШ-тың Білім министрлігі тарландардың (1972) анықтамасын қабылдады. Онда дарынды балалар деп ерекше талантты және қандай да бір немесе бірнеше саладан жақсы жоғары нәтижелер көрсете алуын айтты. Оның интеллектуалдық мүмкіндіктері академиялық жетік білімі, креативтік ойлану, көшбасшылық қасиеті, көркемөнерпаздық қабілеттері психологиялық мүмкіндіктері жатады.

Қабілетті диагностикалау үшін қабілет мәселесіндегі негізгі «Дарын», «Даралық», «Талант» ұғымдарының арақатынасын ескеруді қажет етеді.

Дарындылық феноменін зерттеуде қазір «төңкеріс» немесе «жарылыс» кезеңі байқалуда. Бұл проблеманы зерттеуге көптеген шетел ғалымдары Г. Мелхорн, Х. Мелхорн, Дж. Гилфорд,

Т. Мейснер және Ресей психологтары А.М. Матюшкин, В.С. Юркевич, В.М. Теплов, В.Э. Чудновский, Ю.Д. Бабаева, қазақстандық зерттеушілер У.Б. Жексенбаева, Л.М. Нарықбаева, т.б. елеулі еңбек сіңірді.

Сонымен, **дарындылық, қабілет** түсініктерін қарастыратын болсақ, дарындылық – қабілеттің көрінісі, оны анықтағанда мына белгілерге сүйенген жөн:

- көп жағдайларда қабілеттің дамуы туа біткен ерекшеліктерге, нышандарға байланысты;

- қабілеттер тек қозғалыс, даму үстінде жүріп отырады, яғни белгілі бір іс-әрекет түрін орындауға мүмкіндік береді;

- қабілет адамның бойында қалыптасқан дағдыларға бірікпейді (Б.Ф. Теплов, 1957).

*Даралық ерекшелік психологиясы – қабілеттің дамуына қаншалықты дәрежеде тұқым қуалаушылық пен қоршаған орта, тәрбие мен оқытуды анықтай алатындығын қарастырады. Осының барлығын білу баланың қабілетінің қалыптасуын дұрыс ұйымдастырады және де оның тұлғалық, даралық қасиеттерінің дамуына септігін тигізеді.*

А. Анастаси бойынша: «Даралық ерекшелік тұлғаның тұқым қуалаушылық сан кырлы және күрделі байланыстары мен оның қоршаған ортасына қарай қалыптасады немесе туындайды. Тұқым қуалаушылық тұлғаның қылығына, тәліміне тікелей әсер етеді. Мұнымен қатар тәлім-тәрбиенің әрі қарай дамуы қоршаған ортаға байланысты болады». Тұқым қуалаушылық пен қоршаған ортаның рөлін, олардың адамның психологиясы мен тәртібіне (өзін-өзі ұстауына) қалай әсер ететіндігін салыстыра отырып оқып-үйрену үшін мына әдістерді жүргізеді:

1. Әр түрлі элеуметтік топта, жанұяда, аймақта өскен балаларды жан-жақты зерттеу. Тәрбие мен оқытудың талаптарын жүйелі түрде вариерлеу.

2. Гомозиготты және гетерозиготты егіздердің психологиясы мен мінез-құлықтарын салыстыра отырып зерттеу.

Кей адамда тұқым қуалаушылық қабілет пен интеллектуалдық қабілетінің байланыстылығы байқалады, ал кей адамдарда мұндай байланыс жоқ. Дегенмен де жеке дара қасиеттердің пайда болуына қатысты аз ғана ерекшеліктер *интеллектуалдық*

қабілет пен тұқым қуалаушылық қабілетке байланысты болады.

Қабілеттің жалпы теориясын зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым Б.М. Теплов өзінің 1941 ж. «Қабілет және дарындылық» атты еңбегінде қабілеттілік ұғымына үш басты сипатты белгіледі: біріншіден, қабілеттілік бір адамды екіншісінен айырып тұратын жеке психологиялық ерекшеліктер; екіншіден, қабілет деп барлық жеке ерекшеліктерді емес, іс-әрекетті немесе көптеген іс-әрекеттерді орындауындағы жетістікке қатысы бар ерекшеліктер; «қабілет» ұғымы адамдағы өндірілген білімге, дағды мен икемге апармайды.

Шетел психологиясында қабілеттер теориясы қалыптаспаған. Қабілетті зерттеу диагностиканың әртүрлі қабілеттерді көрсету арқылы қарастырылады. Мұндай зерттеулер Ч. Спирмен, Дж. Гилфорд, Л. Терстоун жүргізді. Ресей психологияда жалпы және арнаулы қабілеттердің қатынасы жалпы және ерекше қатынасы ретінде қарыстырылды. Мәселен С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, В.А. Крутецкий с.с. ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Қабілеттерді зерттеуде ғалымдар әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып, оны төрт топқа бөледі:

- 1 – сенсорлы.
- 2 – техникалық.
- 3 – моторлы.
- 4 – кәсіби.

Ал танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар.

**1-дәреже** – жаңғыртушы белсенділік, шәкірттің материалды қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге деген ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің 1-дәрежесіне тән көрсеткіш – оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы.

**2-дәреже** – түсіндіруші белсенділік, оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларға пайдалану жолдарын меңгеруге деген ұмтылысынан көрінеді. 2-дәрежеге тән көрсеткіш, оқушының бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруынан байқалатын дербестік.



**3-дәреже** – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі – оқушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы.

Кез келген қызметті ұйымдастыруда, оның ішінде танымдық әрекеттерді ұйымдастыруда мақсат қоя білу, міндеттерді анықтай білу алдымен жүргізіледі. Орындалатын іс-әрекеттің жетістігі мақсатты дұрыс қоя білуге байланысты. Қойылған мақсатқа сәйкес танымдық әрекеттерге байланысты жұмыс жоспарын құруға қажетті жұмыс кезеңдерін анықтау, уақытты бөлу, ең бастысы, мақсатқа жету жолдары мен әдіс-тәсілдерін тандай білу жұмыстары атқарылады.

Дарындылық бала қызметінде анық және айқын көрінетін болса, онда олар оны **анық**, карама-қарсы көрінбейтін формада болса, оны **жасырын дарындылық** деп атайды. Осы формаға өте жақын өзекті және потенциалды дарындылық бар. Көрінген, шамаланған дарындылықты, яғни, психологтармен, педагогтармен, ата-аналармен байқалған дарындылық «өзекті» деп аталады. Керісінше, жоғарғы жетістіктерге жету үшін нақты психикалық мүмкіндіктерді көрсететін дарындылық, бірақ, функционалды жетіспеушіліктердің берілген кезде анық болмауы «потенциалды» деп аталады. Бұл психологиялық көзқарас үшін өте қызықты және қажетті олжа болып келеді.

Дарындылық – баланың жеке әлемі мен оны қоршаған орта арасындағы өзара байланысты ықпал жүйесі. Қоршаған орта балаға тән қабілеттерді (интеллект, креативтілік, талант) оятып, дамытады. Осы арқылы баланың «мені» беки түсіп, соның арқасында тәуекелге бел буады және бір нәрсеге қатысуға белсенділік пайда болады, қажырлылық, шыдамдылық, табандылықтың арқасында жетістікке жетеді.

#### **4.3. Интеллектуалды дамудың психологиялық-педагогикалық диагностикасы**

*Интеллект* – бұл білім мен іскерлік жиынтығы емес, оларды жетістікпен игеруге көмектеседі. Индивидтің жеткен ақыл-ой даму деңгейі оның интеллектуалды қабілеттеріне тәуелділігі.

Дегенмен де, ақыл-ой дамуы тек интеллектіге тәуелді емес, ол көптеген факторлармен шарттасады деп те көрсетеді. Мәселен: мәдениетпен, өмір жағдайымен, оқу мекемесінің ерекшелігімен, оқыту әдістерімен т.б. Отандық психологияда тұтас зерттеу бағыттары ақыл-ой дамуы деңгейі мен оқыту мазмұны арасындағы, тәрбиелік әдістердің сипаты мен байланыстылығын анықтайды. Ойлауды қалыптастырудағы оқыту әдістерінің рөлі туралы зерттеулер ақыл-ой әрекеттерін кезеңдермен қалыптастыру теориясымен байланыстырады. Бұл теорияларға негізделген еңбектерде ойлау дамуын басқарудың және оған жоспарлы әсер ету жолдары теориялық, әдістемелік жағынан өңделген. «Ақыл-ой даму деңгейі», «интеллект», «оқыту» түсініктерін қатар қойып қарастыру дұрыс емес. Бұл психологиялық феномендердің диагностикасы әр түрлі болуы мүмкін.

А. Бине, Ч. Спирмен, Л. Термен интеллект деп интеллектуалды тестер арқылы өлшенетін нәрселерді атады. Интеллектуалдылық коэффициенті (IQ) интеллект синониміне айналады. Психодиагностиктер интеллектіні дұрыс өлшеу үшін әр түрлі міндеттерді немесе тапсырмаларды таңдады. Біреулері *абстрактылы ойлау тапсырмаларын таңдап алды*, себебі олар шынайы өмірде кездеспейді де, өткен өмірде меңгерген білімдердің әсері болмайды деп есептеді. Ал басқалары интеллект жасанды, өмірге сай келмейтін конструктімен өлшеу қателік, оларды күнделікті өмірден алу керек деп есептеді (Р. Стернберг).

Интеллект IQ мен теңестіріп, XX ғ. бірінші жартысындағы психологтар оны туа біткен және тұқым қуалайтын қасиет, дамудың шарттарына тәуелсіз деді. Осыдан оның ұзақ уақыт бойы өзгермейтіндігі және тұрақтылығы туралы пікір қалыптасты. Жас ұлғайған сайын IQ өспейді деп есептеді. Адамның IQ көрсеткішін анықтау үшін сынаушыға берілген объектілер арасындағы логика-қатынастарын түзуді талап ететін тапсырмалардың бір-қатарын орындау керек болады. Дұрыс орындалған тапсырмалардың балдарының қосындысын стандарттыққа өткізеді. Міне осы IQ көрсеткіші болып табылады. Стандартты IQ индивидуалды көрсеткіштің статистикалық нормамен сәйкестігін көрсетеді. Ол өзінің орындау көрсеткіштері бойынша топты тестілеу нәтижелерінің жинағының осіндегі индивидтің алған орнын

белгілейді. Интеллектуалды тестің нәтижесін дұрыс қолданып, бағалау үшін тесттік көрсеткіштер бойынша индивидтің алған орнының қаншалықты тұрақты екендігі туралы сұраққа жауап беру керек. Кейінгі зерттеулердің арқасында интеллектуалды тесттер адамдар арасындағы табиғи өзгешеліктерді емес, сыналу уақытына дейін қалыптасқан білім деңгейі мен ой ептілігінің болуымен анықталатындығын мойындайтын түсініктер өріс ала бастады.

Қазіргі кезде интеллектуалды тесттер жалпы қабілеттер ретінде немесе қабілеттердің тобы ретінде, интеллекті өлшеу құралы ретінде өзін ақтаған жоқ. Психологтардың бір бөлігі «интеллект» деп жалпы қабілеттерді түсініп, IQ интеллектінің көрсеткіші деп қарастырудан бас тартты. Олардың ойынша интеллектіні бағалау үшін адамның мінез-құлқын ұзақ уақыт әр түрлі жағдайларда бақылау керек және әр түрлі іс-әрекетте табысқа қалай жеткендігіне талдау жасай отырып бағалау керек. Психологтар индивидтің ақыл-ой дамуының тепе-тең бағасын алу үшін тесттік балл жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл үшін тестілеу нәтижелерін басқа көздерден: бақылаулар, оқыту ерекшеліктерін талдау арқылы алынған мәліметтермен толықтырылу керек. Тестілеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялау үшін келесі нәрселерді білу қажет:

- тесттерді орындаудағы сыналушының жаттығу дәрежесі туралы;
- тест орындау мотивациясы туралы;
- тестілеу кезеңіндегі эмоционалды күйі туралы;
- тест бағаларына зерттеуші тұлғасының әсері туралы;
- тестілеуден бұрын индивидтің жасаған іс-әрекеті және басқа мәліметтер туралы.

Осының бәрін ескере отырып, интеллектуалды тестті кейбір іскерліктер мен дағдылардың шынайы қалпын сипаттау үшін қолдануға болады деген қорытындыға келеміз және адамның ақыл-ой дамуындағы өзгерістер мен ығысуларын да көруге болады.

«Интеллектуалды тест» деген ұғымды алғаш рет американдық психолог Дж. Кеттелл енгізді. Кейінірек жаңа кадамды француз дәрігері, психолог Альфред Бине (1857-1911) жасады.



*Стэнфорд-Бине шкаласы* деп аталады. 1939 жылы американ психологы *Д. Векслердің* құрастырған *интеллектіні өлшеу шкаласының* бірінші формасы жарыққа шықты.

Неміс елінде кең қолданылған белгілі топтық тестінің бірі – *Рудольф Амтхауэрдің интеллект құрылымының тесті*.

#### **4.4. Өзіндік бағалау, мінез, эмоция, ерік-жігер сферасы, тұлғааралық қатынастар диагностикасы**

Сана адамның барша психикалық қызметіне ортақ қасиетті бейнелеудің ерекше формасы. Бүкіл психикалық әрекеттердің бір-біріне ықпалды әсерінің дамуы адамның қоршаған дүниені іштей бейнелеуін қамтамасыз етіп, оның дерексіз моделін түзеді.

А.Т. Спиркиннің пікірінше, адамның өзіндік сана-сезімі, адам қалыптасқан кезден басталады. Және ертедегі дәуірден кейінгі даму кезеңдеріне байланысты. Бұл көзқарасты қабылдасақ өзіндік сана-сезімнің айырмасы ретінде әлеуметтік-психологиялық мінез-құлық сана-сезімнің дамуына әсер етеді.

Өзіндік сана-сезімнің құрылымынан мынаны бөліп көрсетуге болады:

а) Өзінің «Менін» жақын және алшақ мотивтері мен мақсаттарын саналы түрде түсіну;

ә) өзінің реалды және қалайтын сапаларын саналы түрде түсіну («Реалды Мен» және «Идеалды Мен»);

б) өзі туралы таңымдық және когнитивті көзқарастары («Мен бақылаушы объект ретінде»);

в) өзіне деген сезімталдық, эмоционалды көзқарастары.

Адамның өзіне қызығушылығы «Мен» – ұғымы арқылы анықталады. Психологтардың көзқарасынша, адамның «Мені» бұл өте жоғары және интегралды мағлұмат, динамикалық жүйелі психикалық процестер арқылы сезінеді. Мен және өзіндік сана-сезім бұл біртұтас дүние. Жеке адамның психологиялық, мінез-құлық, дүниелік көзқарасының негізі. Адамның «Нағыз менін» қарастырсақ, белгілі бір мақсатқа ойластырылған, басқа біреуі өз менін даралық ретінде қалдырса, онда арнайы мәнін жоғалтады. Адамның мені бұл өмірдегі жағдайларға байланысты өзгереді. Өзіндік сана-сезімнің дамуында адамзатқа жалпы инвариантты негіздер бар. Біздің барлық саналы өміріміз тізбектелген жіпке

ұқсас, біздің өз «Меніміз» біртұтас жеке адамдық тұрақты түрдегі орнымыз бар. Ол тарихи өмірден, маңызды ортадан келе жатқан өзін-өзі бақылау мен мінез-құлқын басқару. Күрделі жүйесі оның қоғаммен және басқа адамдармен қарым-қатынасы.

Өзіндік сана-сезім өмірде бар екенін сезіну, өзінің қоғамдағы орнын анықтау, өзінің мүмкіндіктері мен бастан өткізгендерін сезіну. Өзіндік сана-сезім психологиялық әрекетте жеке адамның өмірінде оның қозғалысының ситуативті бірлігі мен байланысы өзінің «Мені» арқылы түсініледі. Субъект ретінде басқа субъектіден өзінің айырмашылығын анықтайды. Өзіндік сана-сезімді психологияда процестер арқылы өте кең мағынада нәтижелі түрде қарастырады. Біріншіден, өзіндік сана-сезімді тану – динамикалық бірлік, ол әрдайым қозғалыста болады. Екіншіден, өзіндік сана-сезім психикасын әдетте, оны процесс ретінде түсіну үшін нақты әрекетте өзінді тану нәтижесі, өзіндік қарым-қатынас және өзін-өзі басқару деңгейі, құбылыстардың себебін білу. Үшіншіден, мұндай өзіндік сана-сезім ішкі динамикалық процесс, оның ішкі қатынасының айырмашылығы, оның детерминантты жүріс-тұрысына әсер етеді. Төртіншіден, өзіндік сана-сезім құбылыс ретінде психикалық жағынан мүмкіндігін қарастырады.

Психологияда алғашында рефлексия ұғымы психикалық процестердің өмір сүруін түсіндіретін принцип ретінде қарастырылады. Ал қазіргі кезеңде рефлексия зерттеудің бір тәуелсіз пәні болып отыр (С.Қ. Бердібаева).

Қазіргі шет елдік зерттеулерде «рефлексия» ұғымы сирек қолданылады. Әрине, бұл рефлексия жайлы зерттеулер жоқ дегенді білдірмейді. Рефлексиялы процестер көбінесе басқа бір терминдермен суреттеледі, мәселен, «recursive thinking» (рекурсивті ойлау) (Д. Вейс) суреттеледі, «self – referent thought» (өзін туралы ойлану) (А. Бандура). Тағы бір бағыттардағы жұмыстарда рефлексия ұғымы адамның «мен» феномені мәселесі төңірегінде қарастырылады, мұнда рефлексия негізінен «өзінді тану» «self – awarentss» (С. Дьювел, Р. Виклунд), өзінді тексеру (self – control) (Д. Миченбаум), өзіне зейін қою (self-attention) (А. Фенингстейн) деген мағына береді. Рефлексияны нақты эксперименталды зерттеулер әлеуметтік психологияда (У. Джеймс), адамның әлеуметтік ұғымында көп зерттелді.

Қабылдау заңдылықтары дегеніміз әрбір адамның қабылдау кезінде жекелеген ерекшелігін айтады. Яғни адам заттар мен құбылыстарды өз мағынасында қабылдайды немесе жібереді. Қабылдаудың заңдылықтары: қабылдаудың тұтастығы, константтылығы немесе тұрақтылығы, таңдамалығы, құрылымдылығы, иллюзиялығы, галлюцинация.

**Қабылдаудың тұтастығы:** кейде қабылдайтын затқа тұтастық мағына болмаса да оны есте қалдыруды жеңілдету үшін тұтастай бір затқа ұқсатып қабылдау. Мысалы, кеңістіктегі 3 нүктені (:) біз 3 нүкте емес, 3 бұрыш деп қабылдаймыз. Тұтастай қабылдау адамның есте сақтауын жетілдіреді. Кейде өзімізге таныс, бұрынғы нәтижесінде кездесетін кейбір объектілерді қабылдап, біз оған тұтастық мағына беріп, мазмұнын тұтастай есте қалдырамыз.

**Қабылдаудың константтылығы дегеніміз** заттың көрінісі уақытша өзгерген кезде, оны өзгерген қалпында қабылдамай, бұрынғы өзінің қалпында қабылдауды түсіндіреміз. Адамның көзін құрылысы жағынан оптикалық приборға ұқсатамыз. Көз жанарының 2 жағы дөңес линза болып келеді. Көру түйсігіне сырттан әсер еткен бейне көзге түскенде, линзаның рөлін көздің торлы қабықшалары атқарады. Егер қабықшадағы зат көз алдымыздан алыстаса, көз торындағы бейне кішірейеді. Мысалы, көшенің бас жағынан тұрып қарасақ, көшенің аяғына дейін бағаналар кішірейе береді. Аспанда ұшып бара жатқан, самолеттен қарасақ транспорт та, үйлер де кішкентай болады. Бірақ та зат бейнелерін өзгертсе де, қабылдау да тұрақты болады. Мысалы, ақ қағазға әр түрлі жарық түсірсе, түсі өзгеріп тұрады.

**Қабылдаудың таңдамалығы дегеніміз** толып жатқан объектілердің ішінен адам өзіне зейіні ауғанын таңдауды айтамыз. Мұндай жағдайда адам өзінің көңілі ауған объектінің ерекше белгілері қызықтыратынын, яғни керек жақтарын ғана қабылдайды.

**Қабылдаудың құрылымы дегеніміз** – кейбір ұқсас заттарды біріктіріп, бір қалыпқа келтіріп, қабылдау немесе ұқсас заттарды бір ғана атауға біріктіруді айтамыз. Мысалы, ағаш, бір-ақ ұғымды қабылдаймыз, адам – бір-ақ ұғым.

**Қабылдаудың иллюзиялығы дегеніміз** әр түрлі себептерге



байланысты шындықтағы объектілерді бұрмалап, теріс қабылдауды айтамыз. Иллюзиялық қабылдау 3 түрлі себептерге байланысты

1. Адам зейінінің оңға, солға, теріс бағытталуына байланысты. Қателіктер кетеді. Мұндай жағдайда адам кеңістікте орналасу жағын білмегендіктен қателесуі мүмкін.

2. Ойлау негізінде қателер жіберуі мүмкін.

3. Адамның көңіл-күйін сезінуіне байланысты қателесуі мүмкін.

**Галлюцинациялық қабылдау дегеніміз** адамның жүйке жүйесінің қажуына, шаршап-шалдығуға байланысты қате қабылдауды айтады. Мысалы, адам ұзақ жол жүріп келгеннен кейін жүйке жүйесінің шаршап қажуына байланысты көліктің дауысы ұзақ уақыт құлағынан кетпейді, егер поездбен келсе, әлі жүріп келе жатқан сияқты сезінеді.

**Апперцепциялық қабылдау дегеніміз** әрбір адам жасына, өмір тәжірибесіне, біліміне, қызығушылығына, мұқтажына, ой-өрісі мен сезім көрінісіне байланысты өзінше өзгеріп отыратынын айтамыз. Қабылдаудың бұл заңдылығының ерекшелігі әркімнің жеке басының ерекшелігіне байланысты. Яғни тілегі, мүддесі, ерік сезімі, мақсаты қабылдау деп аталатын затқа өзінің қажеттілігін білдіреді. Бір заттың өзін әр түрлі мамандық иелері әртүрлі қабылдайды. Мысалы, даладан теріп әкелген бір шоқ гүлді көрген кезде суретшілер оның түр-түсіне, бояу ерекшелігіне көңіл аударады. Оның түсі қандай бояумен болса да әдемі болып көрінеді, ал биологтар болса, осы гүлді қандай өсімдіктер класына жатады, қандай гүлмен тұқымдасқан, аталығының, аналықтары қанша, сол жағына көңіл аударады. Агрономдар болса, осы гүлдің қандай жем-шөптік қасиеті бар екеніне ой жүгіртеді.

**Кеңістікті қабылдау** қоршаған дүниедегі барлық заттар мен құбылыстар белгілі бір кеңістік пен уақытта өмір сүреді. Айырмашылығы материалдық дүниенің барлығы кеңістікте болады. Оның осы кеңістіктен алатын орны, белгілі бір мөлшерде көлемі, формасы болады. Осы заттар бізден немесе бір заттан белгілі бір мөлшерде қашықтықта, азды-көптігі жағынан орны болады. Заттардың осы кеңістіктегі қасиетінің адамның санасында бейнеленуін **кеңістікті қабылдау** дейміз. Кеңістікті

кабылдаудың өзі заттың көлемін, формасын, аумағын, түр-түсін, қашықтықтан қабылдауында. Кеңістікті қабылдауға әсіресе қашықтықты қабылдайтын кездегі иіс түйсігі мен есту түйсігінің рөлі ерекше. Мысалы, адам иіс түйсігі арқылы жақын арада асхананың, дәріхананың немесе наубайхана бар екенін қабылдайды. Сол сияқты артында жүріп келе жатқан машинаның немесе адамның қаншалықты қашықтықта екенін ажыратуға болады. Кейде заттың кеңістік қасиетін қабылдайтын кезін, жолдан көруге де болады. Мысалы, ұзындығы бірдей екі түзу сызық, кеңістікте әртүрлі орналасуына байланысты қате қабылдануы мүмкін, яғни көлденең сызыққа қарағанда тік сызық ұзын болып көрінеді. Соның негізінде артық бағалау иллюзиясы болады.

Мінез деп әр адамның өзіне, басқа адамға, қоршаған ортаға қарым-қатынасын және беретін бағасын айтады.

Мінез (характер) деген сөз – грек сөзі – яғни, белгі, ерекшелік, бейне деген сөз. Адамдардың қоршаған ортаға қарым-қатынасы әр түрлі болады, басқа адамға, ұжымға, еңбекке, міне осындай ерекшеліктерге байланысты. Адамдардың бір-бірінен белгілі бір айырмашылығы болады. Бұл қарым-қатынастар адамның мінез-құлқында, түрлі әрекеттерінде көрініс береді. Мысалы, ежелгі грек оқымыстылары әр адамның мінез көрінісінің әртүрлілігін анықтай бастаған.

Мінез жеке бастың кейбір сапалық көріністерімен байланысты, әсіресе темпераменті мен қабілеті, мінез-құлқы әсер етеді. Мысалы, холериктің қуаттылығы қайнаған іс-әрекетке байланысты, ал флегматикте баяу, сабырлы іс-әрекет. Осындай іс-әрекеттен мінез-құлқтың сапасы қалыптасады.

- Ұжымшылдық.
- Өзіне қатаң талап қоя білуі.
- Өзінің жеке ісіне сын көзбен қарауы.
- Қиыншылықты жеңе білуі.

Мінез туа пайда болмайды, ол қоршаған орта әсерінен, өмір тәжірибесі әсерінен дамып, қалыптасып отырады.

Адам қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды көргенде, яғни қабылдағанда немқұрайлы қарай алмайды. Бір оқиға, әрекет әсерінен, заттардың бірі адамды қуантса, енді біреуі оған

ұнамайды. Ал екінші біреуі оның көңілінен шықпауы мүмкін. Үшінші біреуінде жек көру немесе керісінше адам одан қорқуы, сескенуі мүмкін. Кейде өзінің кейбір әрекетіне ұялуы мүмкін.

Қанағаттану, қайғыру, қорқу – бұл адамның түрлі объектіге қатынасын білдіреді. Көңіл-күйінің әсерінен болатын **сезім деп** – қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға өзінің танып білген, істеген іс-әрекеті адам қатынасының әсерін айтады. Сезім – әсер етуші сигналдардың адамға ұнауы не ұнамауы. Сезім барлық психикалық процестермен байланысты. Мысалы, түйсік арқылы заттар мен құбылыстың сапасын, қасиетін танып білеміз. Ал сезім – ішкі көңіл-күй, сол заттарға өзінің қатынасын білдіреді.

Сезімді тудыратын түйсік болғанымен, сезім түрлі әсерлерге байланысты өзгеріп отырады.

Көңіл күйіне байланысты адам бір затты әр түрлі қабылдайды. Сол сияқты сезім эмоция, ес процесімен де тығыз байланысты. Егер есімізде жақсы сақталса өткенді еске алудың өзі қандай да болсын бір сезімді тудырады.

Қоғамдық-әлеуметтік органның дамуы адамның сезімін дамытып күрделендіріп отырады. Осыған байланысты адамның сезімдерінде әлеуметтік сипаттама болады. Белгілі бір уақиғаны әр кезеңде өмір сүрген адамдар өзінше бір көзқараспен қабылдап бағалайды.

Сезім мен эмоцияның бір-бірінен өзіндік айырмашылығы бар.

Сезім, мысалы, барынша Отанды сүю – патриоттық сезім. Бұлар біршама күрделі, адам көзқарасының тұрақтылығы жеке бастың сапасы. Ал эмоция біршама жеңіл түрде болатын, дер кезінде көрінетін толқулар, толғаныстар. Сезім, эмоциялар адамның сырт пішінінен жақсы көрінеді. Сезімнің сырттай көрінуіне байланысты екінші басқа біреуге тез көшеді.

Жануарларда эмоция бар: бірақ қарапайым түрде. Олардың эмоциясы дыбыс, қимыл-қозғалыс арқылы беріледі.

Ұзаққа созылмайтын немесе қысқа әсерлерді психикалық немесе эмоциялық жағдайлар деп атайды.

Эмоциялық жағдайлар: көңіл-күй, аффект, стресс, құмарлық.

Көңіл-күй – біршама бәсең бірақ ұзаққа созылатын және көтеріңкі не басынқы эмоциялық жағдайлар. Мысалы, Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңес халқының көңіл-күйі. Көңіл-күйлер өзі



кейде бір аптаға, бір күнге, айға, тіпті кейде адамның бүкіл өмір бойына созылады.

Аффект – өте тез, қуатты әрі қарқынды өтеді. Мысалы, аффекті ашу-ыза салдарынан өзінің әрекетін біле алмай қалу жағдайларында кездеседі. Мысалы, Ұлы суретші Дипиннің, Иван Грозный және оның ұлы Иван деген суретінде аффектілік жағдайды анық көруге болады. Бұл мидың күшті козуына байланысты. Соның нәтижесінде тежелу процесі бәсеңдеп, ми қыртысының төменгі бөлігінің аралық қажетті іс-әрекет тепе-тендігі бұзылады. Аффект деген сөздің мазмұны жан толғанысының козуы деген мағынаны білдіреді. Кей жағдайларда қатты қуанудың нәтижесінде өмірде, ғылым саласында көптеген жаңалықтардың ашылуына өзіндік ықпалы болады. Мысалы, Тимирязев фотосинтез құбылыстарын ойлап тапқанда өзінің лабораториясында приборлар мен препараттардың арасында қуаныштан билеп кеткен.

Стресс (ағылшын сөзі) – адамның жүйкесінің қатты (салмақ түсу) эмоционалды күйзелістің салдарынан және ішкі терең толғаныстан туындайды. Яғни, бір нәрсеге алаңдап, қорқу кезінде және өте ауыр дене және ақыл-ой үстінде немесе тез әрі жауапты келісімге келу кезінде байқалады. Стресс – бұл күтпеген, шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп-қатер жағдайындағы әрекеттер, шапшаң шешімге келу қажеттілігі, үрейлі сәттегі реакцияны білдіреді. Стрестік жағдайда мақсатты әрекет – зейінді аудару мен көңіл-күйді бөлуді жүзеге асыру өте қиынға соғуы мүмкін, тіпті әрекеттің жалпы тежеліске ұшырауы немесе мүлдем бұзылуы мүмкін. Бірақ бұл кезде дағды мен әдет өзгеріссіз қалады да сапалы әрекет орнына жүреді. Стресс кезінде қабылдау, ес қажеттіліктері, кенеттен көрінген қарсыластардың санын анықтауда күтпеген жерден туған әсерге сай келмейтін реакциялар, тағы басқалар болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайдың адамда стрестік күй тудыра алатынын немесе тудырмайтынын алдын ала анықтау мүмкін емес. Стрестік жағдайдағы мінез-құлық көбіне адамның жеке басының ерекшелігіне – оның жағдайды тез бағалай білуіне, күтпеген жағдайда қолма-қол бағдар табу дағдысына, ерік жинақтығына, бағыттылығына, әрекет мақсаттылығы мен ұстамдылығының өрбуіне, осы тәрізді жағдайларда бастан кешірген мінез-құлық тәжірибесіне байланысты болып келеді.

Эмоционалды стресс – бұл қактығысты өмір жағдайларында, адамның әлеуметтік және биологиялық қажеттіліктерінің қанағаттануын ұзақ уақыт шектейтін, айқын көрінетін психоэмоциялық бастан кешулері (Судаков К.В., 1986). Стрестің биологиялық мәні ағзаның қорғаныс күшін жұмылдыра алуында. Т. Кокс бойынша, стресс – бұл тұлғаға қойылған талаптар мен осы талаптарды орындау қабілеттілігін салыстыру барысында туындайтын саналаудың феномені. Бұл механизмдегі тепе-теңдіктің болмауы стресті және жауап реакциясын тудырады. Эстремальды және бұзушы факторлар кезінде әрекетке ең сезімтал стрестік реакцияға араласатын эмоциялық аппарат болып табылады. Сондықтан көп жағдайда эмоциялық стресс жайлы сөз қозғалады.

**Г. Селье еңбегі.** Стресс терминін алғаш рет 1936 жылы Канада ғалымы Ганс Селье енгізген. Ол стресті белгілі бір төтенше жағдайларда пайда болатын реакция деп қарастырған. Қазіргі өмірде неше түрлі жағымсыз жағдайлар көптеп кездесіп тұрады. Ауа-райының күрт өзгеруі, жұмыстағы проблемалар, көліктегі ұрыс-керіс, кездесуге кешігу, отбасындағы келенсіздіктер... Осының бәрі әр адамға әр түрлі әсер етеді. Тіпті оның зардабынан жүйке жүйесі бұзылып, әр түрлі ауруға шалдығуға себеп болады. Кей адамдар жағымсыз жағдайларға көп көңіл бөлмейді, қандай проблема болмасын шыбын шаққан құрлы көрмейді. Екінші біреулер салы суға кетіп, ауруына ауру жамап жатады. Демек, бұл тек көңіл-күйге әсер ететін психологиялық фактор ғана емес, адам денсаулығына кейде шешуші әсер ете алатын медициналық проблема. Ағзадағы барлық құбылыс мидың қозуынан басталатыны белгілі. Кез келген жағымсыз құбылыс алдымен мидың елегінен өтеді. Келесі кезекте оған эндокриндік жүйе қосылып, бүйрек үсті бездері гормондар бөле бастайды. Осымен бір мезетте вегетативті жүйке жүйесі жұмысын бастайды, артериалды қан қысымы көтеріледі, жүрек соғысы жиілейді, стресті жағдайға бейімделуге, қарсы тұруға көмектесетін көптеген өзгерістер жүзеге аса бастайды. Г. Селье стрестің 3 кезеңін бөліп көрсетті: 1 – мазасыздық кезеңі; 2 – қарсылық көрсету, бейімделу немесе тұрақтану кезеңі; 3 – жүйке жүйесінің ширығу кезеңі.

Сансыз эксперименттердің, бақылаулардың нәтижесінде

Г. Селье мынадай қорытындыға келеді: ағзаның кез келген тітіркендіргішті қабылдауының күрделі процесі өзіне реакцияның екі типін қамтиды: 1) спецификалық; 2) спецификалық емес. Спецификалық реакция нақты бір аурудың белгілерін сипаттайды, оның негізінде осы аурудың диагностикасы жатады. Спецификалық белгілер түрлі ауруларда тез ажыратылады.

Стрестік жағдай, мысалы, егер оқушының сабаққа дайындықсыз келгені мұғалімнің бақылауды орындау барысында байқалады. Кейде стрестік жағдай оқушылардың өзінде де байқалады. Стресс физиологиялық өзгерістер мен мінез-құлықтың өзгеруіне себепші болады. Өте күшті стресс жағдайында адамның мінез-құлқы өзгереді дедік. Адам өзінің қимыл әрекетін игере алмайды, сөзінің байланыссыз шығуы, өз-өзінен абыржуы, қабынуы зейінін бір объектіден, екінші объектіге тез ауыстыра алмауынан көрінеді. Стресс жағдайында адамның қабылдауында, ес, ойлау процесінде қателіктер орын алады.

Америка психологы Е. Джекобсон эмоционалды жағдайды зерттей отырып, теріс эмоциялар кезінде бұлшық еттердің қысымы болатынын айтты. Соның негізінде Е. Джекобсон «прогрессивті бұлшық ет релаксациясы» әдісін ұсынды. Топтағы тұлғааралық қатынасты сәйкесінше ұйымдастыру. Стресс жағдайында қолданылатын психологиялық әсер ету технологиялары: топтық психотерапия; пікірталастық терапия; психодрама; арттерапия; музыкатерапия; топтық мінез-құлықтық терапия; отбасылық терапия. Стрестік қысым тудыратын мәселелі жағдайлардағы мотивациялық белсенділікті шамалау. Стрестік жағдайдағы адамның психикасына тікелей педагогикалық әсер ету. Жекелеген функциялар мен сапалардың дамуына бағытталған педагогикалық жұмыс жүргізу.

**Құмарлық** – бұл ұзақ, тұрақты әрі терең сезім. Көп жағдайда бұл жеке бастың әрекеті ретінде көрініс табады. Құмарлық адамның қызығушылығынан, бір іс-әрекетке ерекше талпынысынан дамиды. Құмарлықтың жағымды әрі жағымсыз түрі бар. Әр адамда кездесетін құбылыс.

**Жоғары сезім түрлері.** Моральдық сезімдер – жеке адамның өзінің мінез-құлқына деген сүйіспеншілік сезім, достық сезім – асқақ моральды деп аталады. Моральдық сезімдер адамгершілік



ережелеріне бағынады. Моральды сезімге ұнату мен ұнатпау, құрметтеу мен жек көру, сыйлау мен рақымсыздық, сүйіспеншілік пен өшпенділік жатады. Моральдық сезім ерекшелігі:

1. Әлеумет сипаты мен мәнінде. Олардың көріністерінің күрделілігі мен сан қырлылығы.

2. Интеллектуалды сезімдер деп ақыл-ой әрекеті процесінде пайда болатын тебіреністерді айтады. Бұған әуестену, білім құмарлық, таңырқау, күдіктену жатады.

3. Эстетикалық сезімдер адамның әсемдікті қабылдауы және қолдан жасау барысында туады. Яғни, адам сұлулықты қабылдай, тамашалай отырып эстетикалық әсемдік сезімді бастап кешіреді.

**Бакылау сұрақтары:**

1. «Стресс» терминіне анықтама бер.
2. Г. Селье еңбегінің мәні қандай?

**СӨЖ тапсырмасы:** «Отбасы» әдістемесін жүргізіңіз.

## 5-бөлім

### КӘСІБИ ПСИХОДИАГНОСТИКА

- Кәсіби таңдау мен кәсіби бағытталудағы психодиагностика.
- Психодиагностиканың этикалық және кәсіби нормалары.

**Ұғымдық түсініктеме сөздер:** кәсіп, кәсібилік, кәсіпқойлық, кәсіби бағдар, кәсіби бағыт, эффект, дифференциалды қатынас, мамандық, мамандық таңдау.

#### 5.1. Кәсіби таңдау мен кәсіби бағытталудағы психодиагностика

Кәсіп, мамандық – арнайы дайындықты қажет ететін еңбектің іс-әрекеті. Сондықтан, педагогикалық іс-әрекет әрі кәсіби, әрі кәсіби емес болып бөлінеді.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға кәсіптік бағдар беру, олардың экономикалық ой-өрісінің қалыптасуына, еңбектің жетілдірілген жаңа тәжірибелерін игеруге ықпал етеді.

Мамандық таңдауға кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психофизиологиялық жеке қасиеттері, мамандық таңдаудағы басты себептері назардан тыс қалмауы керек. Кәсіптік білім беру жүйесінде жоспарлы кәсіби бағдар беру ісін дұрыс ұйымдастырғанда ғана инженер педагог-психолог жұмысын жеңілдетіп, көптеген тәрбие мәселелерін ұтымды шеше алады.

К. Өстеміровтің кәсіптік бағдар берудегі айтқан пікірі бойынша «кәсіби бағдар беру жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған

мектеп мұғалімдерінің, технологтардың, дәрігерлердің, педагог-психологтардың, отбасының, еңбек ұжымдарының бірлескен іс-әрекеті». Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы тандалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Кәсіби бағдар беру жүйесі қазіргі таңда жастарды өз бетінше кәсіп үйренуде ғылыми-теориялық және практикалық қабілеттерін, ел экономикасындағы қажеттілікпен ұштастыру болып табылады.

**Кәсіби бағыттың негізгі жүргізу принциптері** – нақтылық (ғылыми жұмыстарды даярлағанда информация жүргізіледі), оптималдық және эффектілік (экономикалық, әлеуметтік, моральдық жағдайларда қалыптасады), кері байланысты (белгілі бір мәселелерді жүргізуде салыстырылатын байқау), жүйелік (жүйелі түрде объекті мен субъектінің арасын қарау), комплекстік бақылау, иерархистік (бірнеше сатылы жүйеде болады, ол мынадай элементтерге бөлінеді: алдыңғысы соңғысын бақылайды), интеграция (оқушының эмоциялық сферасы), ғылыми, территория-салалы (мемлекеттің бақылауымен жүргізіледі).

**Кәсіби бағыттың функциялары:** әлеуметтік функция, экономикалық функция, медицина-физиологиялық функция.

Кәсіби бағытты жүргізудің объектісі I-XI сынып оқушылары. Мектепте кәсіби бағыт мынадай компоненттерден байқалады: кәсіптік даму, оқушылардың ынтасы, кәсіптік консультация, кәсіби адаптация. Осы жүйеліктер өзіндік міндет атқарады.

Жоғарғы сынып оқушылары өздігінен өмір сүру жолында тұр. Л.С. Божович айтқандай осы мәселе жаңа әлеуметтік жағдайлардың дамуына ықпал етеді.

**Кәсіби бағдар мақсаты** жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі. Ол үшін мынадай нәрселер қажет:

Оқушылардың бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу.

Түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу.



Кәсіпті өз бетінше, саналы түрде жеке қасиеттерін есепке ала отырып орындау бағытын жеңілдетіп, тәрбиелеу.

### **Кәсіби бағдар берудің негізгі компоненттері:**

Кәсіби бағдар беруді ақпараттандыру.

Қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке жас кезінен бастап үйрету.

Кәсіби бағдарға арналған кеңестер беру.

Кәсіптік бейімделу.

**Кәсіби бағдар беруді ақпараттандыру** – оқушыларға түрлі еңбек қызметтері мен кәсіп ерекшеліктері олардың нарық жағдайы мен әлемдік өркениеттегі даму бағыттарымен, ел, аймақ экономикасына тигізетін әсері, рөлі туралы мәліметтер беру.

**Кәсіби бағдар беруге арналған кеңестер** – мұндағы басты нәрсе кәсіп таңдауда негізгі қоғамдық және идеялық сананы қалыптастыру. Оқушылардың жеке қасиеттері кәсіп талаптарына сай келуі қажет. Мұндай кеңестерге қазіргі оқып жүрген жастардың тең жартысы зәру.

- Өз бетінше мамандық таңдай алмаған оқушылар.
- Мамандық таңдауда ата-аналарымен келісе алмаған жастар.
- Өзі таңдаған мамандықтың дұрыстығына көз жеткізгісі келген жасөспірімдер.
- Тәртібі нашар, толқу үстінде жүрген жеткіншектер.
- Кәсіби бағдарға ұсыныс беру түрі:
- Ақпаратты-анықтамалық.
- Психологиялық-педагогикалық.
- Медициналық тұрғыдан.

**Кәсіби бейімделу** – өзі таңдап алған мамандыққа бейімділігін оқу кезінде анықтап, дамытып, өндірістік салада істеп жүргенде біліктілігін көтеру, шеберлігін арттыру. **Бұл қасиеттер** кәсіпке қызығушылығына, еңбек мазмұнына, отбасы әсеріне, қызмет ортасына байланысты болады.

Кәсіби бағдар берудің мақсат-мүддесі тек кәсіби бағдар дамыған теория мен әдісіне сүйенгенде ғана толыққанды іске асады. Бұл әрине кездейсоқ емес, себебі теория мен әдістеме түсініктер, идеялар, көзқарастар, әдіс және принциптер тексеріледі, ал бұлар практикалық жұмыстың алға басыуына көмектеседі.

«Кәсіби бағдар» түсінігі барлығына түсінікті сияқты, яғни ол – оқушылардың мамандық таңдау бағдары. Дәл осы сияқты

анықтамаларды, әдістемелерді құралдарда да береді, мұнда кәсіби бағдарды жастарға мамандық таңдауда берілетін көмек ретінде қарастырады. Сондай-ақ кәсіби бағдар ретінде адамның үлкен өмірге қадам басып мамандық таңдауын немесе кәсіби бағдарды дамыту мақсатындағы тәрбие жұмысының жүйесін түсінеді.

Осылайша бұл түсініктің анықтамалары өте көп және олар кәсіби бағдардың дамуының жолында пайда болған. Себебі уақыт ағымында қажеттілік өзгеріп отырды, сонымен қатар мазмұны мен түсінік те өзгерді. Бұл, әрине, заңды құбылыс.

Көптеген ғылыми түсініктер сияқты «кәсіби бағдар» түсінігі деп тұрақты, өзгеріссіз болып қала алмайды. Ол қоғамның кәсіби бағдар туралы түсінігіне, мақсатына, әдісіне қарай өзгеріп отырады. Бұл түсініктің өзгеріске ұшырап отыруындағы берілген анықтамалардан көрінеді. Әр анықтама кәсіби бағдардың әртүрлі аспектісін қамтиды, яғни теориялық немесе практикалық даму дәрежесін көрсетеді, педагогика позициясынан қарастырады, басқару теориясы т.б.

Сондықтан кәсіби бағдарға жалпы анықтама беру үшін, алдымен, негізгі үш қараушысын анықтайық, яғни «іс-әрекет», «мамандық», «бағыт».

Іс-әрекетті философиялық энциклопедиялық сөздікте адамның қоршаған әлемге қатынасы деп қарастырады. «Кәсіби бағдар» түсінігіне «іс-әрекет» категориясының енгізілуі кәсіби бағдарды тек практика жүзінде ғана емес, сондай-ақ теория жүзінде қарастыруға мүмкіндік береді, яғни пәнаралық ғылыми бағдар ретінде.

Практикалық іс-әрекет ретінде пайда бола отырып кәсіби бағдар теориялық толығады, бұл дегеніміз кәсіби бағдарды теориялық және практикалық іс-әрекет бірлігі ретінде қарастыруға әкеледі.

Атақты ғалым, академик С.Г. Струмилиннің көзқарасында туыстас мамандықтар ортақ топқа бірігуіне болады, мысалы металистер, ағаш өңдеушілер, музыканттар. Оның ойынша, кейбір мамандықтар мамандандыруға бөлінеді. Мамандандыру мамандыққа қарағанда нақты түсінік, ол дегеніміз белгілі бір адамның еңбек іс-әрекетін анықтайды.

«Бағыт» түсінігі бірқатар ғылымда қолданылады. Мысалы

геометрияда – түзудің, қисықтың, кеңістіктің бағыты, химияда – молекула бағыты. Сондай-ақ бұл ұғым астрономия, география, типографияда да қолданылады. Осылайша бұл ғылымдардың барлығында да «бағыт» түсінігі белгілі бір бағытты, мекен-жайды анықтаумен байланысты. Энциклопедияда бағдар тура мағынасында анықталады. Тура мағынасы – қоршаған ортада шешімін табу, жалпы – ғылыми-қоғамдық және басқа да бір іс-әрекетті белгілі бір жаққа бағыттау.

«Бағыт» түсінігіне қандай анықтама берілсе де оның барлығы да негізгі бағдарды таңдау іс-әрекетімен байланысты, яғни мамандық таңдау бойынша қарастырылады.

Егер жасөспірім мамандық әлемінде бағдар іздеуге әрекеттенсе және белгілі бір мамандық оның өмірлік ұмтылыстарына сәйкестігін анықтауға тырысса, онда бұл жағдайда оның мамандыққа бағдары туралы айтқанымыз жөн болады. Ал егер оған және қоғамға сәйкес мамандық таңдау мақсатында ол педагогикалық немесе басқа да бір әсер объектісі болса, онда оны мамандыққа бағыттау деп қарастыруға болады.

Кәсіби бағдар туралы жалпы түсініктің аздығының басқа да себептерді көрсетуге болады. Мысалы, оны комплексті мәселе десек, оның анықтамалары әртүрлі болуы әбден мүмкін. Егер кәсіби бағдарды педагогикалық практика тұрғысында қарастырсақ, онда бұл көзқарас бірдей және негізгі кәсіби бағдар берудегі педагогикалық образ болып қалыптасады.

Ал егер бұл процесті психология ғылымы тұрғысынан қарастырсақ, онда бірінші орынға психологиялық түсініктер мен тұжырымдамалар шығады, олар таңдаудың ерекшеліктеріне түсінік береді.

Осы тұрғыда кәсіби бағдар психологиялық процесті қалыптастырады, және ол екі жақты өзара байланыстан тұрады:

а) оқушының өзіндік кәсіби таңдауы туралы шешімін қабылдауы;

б) оқушының психикасына кәсіби таңдауды қалыптастыру мақсатында әсер ету, яғни тұлғаның қызығушылығына, икемділігіне сәйкес. сондай-ақ қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын мамандықты таңдауға итермелеу.

Сондай-ақ кәсіби бағдарды әлеуметтік тұрғыда қарастырсақ,



бұл жағдай жастардың әлеуметтік бағытының бір бөлігі болып табылады. Сәйкесінше мамандық таңдауда, жалпы өмірлік бағдарының, қоғамның әлеуметтік құрылымынан орын алуының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Осыдан барып пәнаралық байланыс қажеттілігі туындайды, яғни кәсіби бағдар түсінігі турасында да, сондай-ақ жастарға мамандық таңдау бағдарының практикалық жұмысында да. Кәсіби бағдар турасында жоғарыда берілген түсініктер келесі анықтамаға тіреледі.

Кәсіби бағдар дегеніміз жастардың жеке қызығушылығы мен икемділігін, сондай-ақ қоғамның әр түрлі мамандықтарға деген сұраныстарын, әр түрлі жетілдіру дәрежесін ескере отырып мамандық таңдауға дайындау. Ол практикалық іс-әрекет пен дамушы пәнаралық байланыс бірлігі ретінде қарастырылады және тек оқушылардың оқу-тәрбие процесінде ғана іске аспайды. Мұнда теория негізгі мәнге ие, себебі туындайтын идеялар кейіннен практикалық жұмыстан ғылыми-практикалыққа әкеледі. Теорияның қалыптасуына көптеген жылдар жүргізілген зерттеулер, бақылаулар қажет болады, бұлар кәсіби бағдардың практикалық дамуына себепкер болады.

Практикалық жағы мемлекеттік және қоғамдық ұжымдардың, өндірістің, мектептің және отбасының тұлғаның қызығушылығын ескеріп, кәсіби және әлеуметтік дамуындағы іс-әрекеті деп қарастырылады.

Кәсіби бағдар теориясына келесідей анықтама беруге болады: кәсіби бағдардың тиімділігі туралы көзқарастар комплексі, идеялар мен түсініктер жиынтығы. Бұл қарапайым және жалпы анықтама теория әлемі туралы түсінік бергенімен, ғылыми тұрғыда жеткіліксіз. Келесі анықтаманы нақтырақ көрсетуге болады: кәсіби бағдар теориясы – бұл ғылыми білімді ұйымдастыру формасы, ол екі процесс – жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауымен және жастарды маман жеткіліксіздігі бойынша мамандықтарға бағыттаудан тұрады.

Оқушылардың кәсіби бағдар теориясының негізгі компоненттерін қарастырайық: принцип заңдылығы, факты. Кәсіби бағдарда ғылыми әдіс көмегімен алынған нақты фактілер өте аз. Сондықтан негізгі мақсаттардың бірі – жаңа фактілер жинау және оларға дұрыс интерпретация беру. Бұл тек жаңа фактілерді

іздеуде бір немесе бірнеше гипотезаға жүгінгенде мүмкін болады. Мысалы, барлық аймақтарда белгілі бір мамандық таңдауға өзіндік факторлар туралы гипотеза зерттеу әдістерінің пайда болуына көмектеседі.

Кәсіби бағдар психологиясының негізгі компоненті – белгілі бір заңдылықтар. Оларды іздеу ғылыми іс-әрекеттің жалпы мақсаты. Заңдылықтарды тану ғылыми зерттеулер негізі болып табылады. Әр теорияның даму дәрежесі оның құрылымы мен принципінің сапасымен анықталады. Кәсіби бағдар принципінің қалыптасуына аз көңіл бөлінбейді. Бірақ кәсіби бағдар принциптерінің жүйесін жасау аяқталды деп айта алмаймыз, барлық сұраныстарды қанағаттандыратын, қарама-қайшылықсыз жүйені құру үшін әлі көп жұмыс жасау керек.

Кәсіби бағдар іс-әрекетінің объектісі адамның өзін-өзі анықтауының кәсіби-әлеуметтік процесі болғандықтан, ең бірінші жастар мамандық таңдауда және қоғамнан өзінің орнын табуда сүйенетін принциптер тобын құру қажет.

Мамандық таңдаудағы ақыл-ой принципі өзінің таңдауымен еңбек етудегі жеке басының қажеттілігін ғана қанағаттандыру емес, сонымен қатар қоғамға неғұрлым көбірек пайда әкелу. Бірінші орында, халық шаруашылығында қажетті мамандықтарды таңдау, қазіргі таңда тұлғаның ақыл-ойының дамығандығының бір көрсеткіші болып табылады.

Таңдалған мамандықтың қызығушылығына, икемділігіне, тұлғаның қабілеттілігіне, сонымен қатар қоғамдағы кадр қажеттілігіне сәйкестік принципі мамандық таңдаудағы өзіндік және қоғамдық аспектілер арасындағы байланысты көрсетеді. Қоғаммен санаспай тек өзіндік қызығушылығымен мамандық таңдауға болмайды. Тұлғалық және қоғамдық қажеттіліктерінің сәйкестік принциптерінің бұзылуы кәсіби кадр құрылымында тепе-теңсіздікке әкеледі.

Мамандық таңдаудағы белсенділік принципі тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау процесіндегі іс-әрекетін сипаттайды. Мамандықты тұлғаның өзі белсенді түрде іздеуі қажет. Мұнда шешуші рөлді оқушылардың еңбек және кәсіби дайындығының дәрежесі мен ата-аналарының кеңесі, олардың тәжірибесі, т.с.с. алады.

Осы топтағы соңғы принцип даму принципі болып табылады. Бұл принциптің мамандық таңдау идеясына ол болашақта квалификациясын көтеретін, тәжірибесі мен кәсіби шеберлігіне сәйкес жоғарылау, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласу, баспана, демалыс т.б. мәдени шараларды қанағаттандыруға тіреледі.

Кәсіби бағдарға, сондай-ақ жаппы педагогикалық принциптермен тығыз байланысты принциптер тобы бар. Олар келесі принциптер:

Кәсіби бағдардың өмірмен, еңбекпен, қоғаммен байланысты принципі. Мұнда жастарға болашақ мамандық таңдауға халық шаруашылығына қажетті білімді мамандар кадрін дайындауға көмектесу көзделеді.

Кәсіби бағдар оқушылардың еңбекке дайындығына байланысты принципі. Мұнда еңбекке баулу, білім алу, политехникалық білім алу көзделеді, яғни қоғамдық жұмыс, өндірістік жұмысқа баулу.

Кәсіби бағдардың жүйелілігі мен жалғасы принципі. Мұнда кәсіби бағдардың 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін жалғасын табуы көздейді.

Оқушыларға кәсіби бағдар беруде мектеп, жанұя, басқарушы өндіріс, орта кәсіби оқу орындарының өзара байланысы. Мұнда жастарға мамандық таңдауға көмек берудегі тығыз байланыс көзделеді.

Кәсіби бағдардың тәрбиелік сипаты. Мұнда кәсіби бағдар жұмысы жан-жақты тұлғаны қалыптастыруды көздейді, яғни еңбекке тәрбиелеу экономикалық, эстетикалық, құқықтық және дене тәрбиесінің жиынтығы.

Диагностикалық және тәрбиелік қатынастардың өзара байланыс принципі. Кәсіби бағдар жұмысында осы екі қатынастың бір-біріне қарсы болмау принципі. Олардың әрқайсысының өзіндік мақсаттары бар:

Дифференциалды және жеке қатынас принципі. Бұл оқушыларға жас ерекшелігіне қарай және олардың кәсіби қызығушылығының қалыптасу дәрежесіне қарай, өмірлік жоспары мен үлгерім дәрежесіне қарай қатынас болып табылады. Оқушыларды топқа дифференциалды түрде бөлу әр топқа мамандық таңдаудағы әсер ету жағдайын толық әрі нақты анықтауға мүмкіндік



береді, яғни бір топқа әсер ету жағдайлары нәтижелі болса, келесі бір топқа нәтижесіз болуы мүмкін. Сондай-ақ дифференция жеке қатынастың іске асуына жағдай туғызады.

Кәсіби бағдар жұмысының оқушылармен және ата-аналармен топтық, жеке, жалпылама түрде жүргізілу принципі.

**Кәсіби бағдардың әдістемелік сұрақтары.** Кәсіби бағдардың әдістеме түсінігі ретінде кәсіби өзін-өзі анықтауды ғылыми зерттеу мәселесінің әдісі, құрылымы және негізгі жағдайы туралы, сондай-ақ жастарға болашақ мамандығын таңдауға тұлғалық және қоғам көзқарастарының практикалық әдісі деп қарастыруға болады.

Кәсіби бағдар жұмысының құрылымының негізіне концептуалды идеялар сипаты жатады. Соның бірі мамандықты дұрыс таңдау үшін тұлғаны диагностикалық зерттеу, қызығушылығы мен қабілетін ескеру идеясы. Бұл идея 30-шы жылдардың ортасына дейін таралып, «диагностикалық тұжырымдама» деп аталды. Мұнда тест кеңінен қолданылды. Осы тесттердің дұрыс қолданылмауы, дұрыс құрылмауы тағы да басқа себептер диагностикалық зерттеу идеясының «тәрбиелік тұжырымдама» болып өзгеруіне әкелді. Алайда сол кездің өзінде-ақ диагностика, тәрбие оқушыларды кәсіби бағдарлау өзара байланысты әрі негізгі бағыттар екендігі түсінікті болды. Қазіргі кезде диагностиканың маңызы мектеп реформасының қабылдауынан кейін өсе түсті, онда кәсіби бағдар орталықтарының ашылуы қарастырылған еді. Бұл орталықтардың негізгі қызметтерінің бірі – оқушылардың қабілеттілігі мен қызығушылығы диагностикасын ұйымдастыру жұмысы.

Әдістемелік сипат идеясына оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысына дифференциалды қатынас жатады. Мұнда оқушыларды өмірлік және кәсіби жоспарларына орай алдын ала топтарға классификациялау және осы топтардағы сәйкес тәрбие жұмыстары қарастырылады.

Дифференциалды қатынас кәсіби бағдар жұмысының дұрыс әрі жемісті болуына септігін тигізеді.

Сондай-ақ кәсіби бағдардың әдістемелік сұрақтарына кәсіби бағдар жүйесін дамыту мен анықтау сұрақтары да жатады. Жалпы білім беретін және кәсіби мектептердің реформасының негізгі

бағытының көптеген максаттарының ішінде оқушылардың кәсіби бағдарын жақсарту мақсаты да көзделген.

Реформа жалпы білім беретін мектептердегі экономикалық және әлеуметтік қызметтің толықтыруына арналған курс кәсіби бағдар жұмысының жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттілігіне әкеледі, қысқа уақыттың ішінде кәсіби бағдардың қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын жүйесін құру керек.

Кәсіби бағдар жүйесінің жалпы анықтамасын бермес бұрын, одан шығатын бірқатар жағдайларды қарастырайық:

- Кәсіби бағдар өзінің құрамында принцип формасы, әдісі, критерийі, дәрежесі, бағыты, аспекті тағы да басқалай. Жүйе элементтерінің жүйелі іс-әрекетін қамтиды.

- Оқушылардың кәсіби бағдар жүйесі жалпы еңбек және кәсіби дайындығы жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

- Кәсіби бағдар жүйесі – жалпы тұлғаның әлеуметтік бағдары жүйесінің бір бөлігі.

- Кәсіби бағдар қоғамда қолданыста, ол әр түрлі мәселелерді қамтиды, соның ішінде адами факторлар дамуын, сондықтан ол әлеуметтік жүйеге жатады. Осы себептен де кәсіби бағдарды қоғамдық мәселе деп есептеуге болады.

Кәсіби бағдар мәселесін шешуде жалғыз ағарту министрлігі немесе жалғыз ғылымның (мысалы, педагогика) іс-әрекеті жеткіліксіз. Кәсіби бағдар жүйесі нәтижелі болуы үшін бірқатар министрліктер мен әртүрлі мамандық бойынша ғалымдардың іс-әрекеті біріктірілуі қажет.

Кәсіби бағдар жүйелілігіне көптеген объективті және субъективті факторлар әсер етеді. Бұл жүйе ұйымдастыру мен басқаруға бағынбайды. Осы және басқа да себептер кәсіби бағдар жүйесін қиын деп атауға итермелейді. Жоғарыда аталған бес жағдайдан оқушылардың кәсіби бағдар жүйесінің анықтамасы құралады.

Оқушылардың кәсіби бағдар жүйесі – ол тұлға және қоғам қажеттілігіне орай оқушыларының өзін-өзі анықтаудағы кәсіби және әлеуметтік дамуына бағытталған әр түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, ұжымдардың, мектептің, отбасының ұйымдасқан және басқарылатын іс-әрекеті.

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі – жастардың білімінің терендігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ

– ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жауапқа қабілетті, дүниетанымы кең, рухани бай азамат дайындау. Қазіргі уақытта Қазақстанда болып жатқан өндірістік қатынастардың түбірлі өзгерістері нарық экономикасы жағдайында жұмыс істейтін жоғары мамандар даярлауды қажет етеді және мамандық деңгейіне жаңа биік талап қояды. Мамандар даярлаудың сапалық тиімділігін көтеру, тұтас алғанда жоғары оқу орнындағы студенттерді теориялық және практикалық тұрғыда дайындаудың маңызы зор.

Адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі – мамандық таңдау немесе адамның қоғамда өзін-өзі танытуының негізі ретінде кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауы.

«Мамандықты таңдау» түсінігін әр түрлі мағынада анықтауға болады. Өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауы дегеніміз – субъектінің ішкі ресурстарын талдау және оларды кәсіптің қажет ететін талаптарымен салыстыру нәтижесінде жүзеге асатын таңдау деген ойды алып жүреді. Анықтаманың мазмұны, біріншіден, таңдаушы адамды (таңдау субъектісі), екіншіден, таңдайтын нәрсені (таңдау объектісі) сияқты мамандық таңдау құбылысының екі жақтылығын көрсетеді. Субъект пен объектінің сипаттамасы өте көп, ол мамандық таңдау құбылысының орнықты болып келмеуі де осымен түсіндіріледі.

Мамандық таңдау бір өлшемді акт жағдайлармен мамандық таңдау емес, ол ұзақтығы сыртқы субъектісінің индивидуалды ерекшеліктеріне байланысты болып келетін сатылардан тұратын үрдіс болып саналады.

Психологиялық әдебиеттерде мамандық таңдаудың қалай қалыптасатыны және осы процеске қандай факторлар әсер ететіні жайлы бір жақты көзқарас жоқ. Бұл мәселеге қатысты бірнеше көзқарас бар, олардың өзін қорғайтын нақты дәлелдер бар. Бұл әрине, кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау процесінің күрделілігімен және мамандық таңдау ситуациясының екі жақтылығымен түсіндіріледі.

Зерттеушілердің көпшілігі мамандық таңдауға іс-әрекетті таңдау сияқты қарайтын көзқарасты ұстанады.



Бұл жағдайда, бірінші жағынан, іс-әрекет субъектісі ретіндегі адамның міндеттемесі, екіншіден, оның сипаттамасы, мазмұны, іс-әрекет түрі мен оның объектісі зерттеудің пәні ретінде жүреді. Бұл ереже адамның өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауы еңбек субъектісінің даму процесі ретінде түсіндіріледі. Соған орай, егерде мамандық пен еңбек іс-әрекетінің талаптарына жеке тұлғаның психофизиологиялық мәліметтері сәйкес келетін болса, онда мамандық дұрыс таңдалған болып саналады.

Алайда, бұл көзқарастан таңдаушы адамның жеке тұлғалық белсенді бастамасы аса байқалмайды.

Мамандық таңдауды іс-әрекет таңдау ретінде түсіну мамандықты дұрыс таңдау детерминанты ретінде кәсіби қызығушылық пен кәсіби бағыттылық жүреді деген де көзқарас бар. Бұл бағыт мамандық таңдау субъектісінің белсенділігін дәлелдейтін болған соң жемісті болуы керек.

Адамның бүкіл өмірлік анықтамасындағы маңызды жағдайлардың бірі ретінде мамандық таңдауға қатысты тағы бір көзқарас бар. Мамандық таңдау жеке тұлғаның басынан өткен тәжірибесімен байланысты және адамның кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауы өзінің жалпы (мен) бейнесінің қалыптасуына қатыса тұра, ақыр соңында өмірдің ағымын анықтай отырып, ұзақ болашаққа созылады. Бұл бағыт мамандықты таңдауға әсер ететін факторлардың кең ауқымының есебін қажет етеді, сондай-ақ, ол жеке тұлғаның басынан өткен тәжірибесі мен болашағы туралы ойлары сияқты уақытша аспект екіпін қоюға мүмкіндік береді. Мамандықты таңдау факторы ретінде жеке тұлғаның түрлі аймақтарына қатысты өмірлік жоспарлары да ескерілуі қажет, мысалы, адамның жеке өмірі.

Өзін-өзі анықтау процесі жеке тұлғаның жастық шақтағы дамуының негізіне орай, онда кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы өзін-өзі анықтаудың мазмұнын құрайтын болады.

Адамның кәсіпке қатысты таңдамалы-жағымды сілтемесі оның кәсіби бағытталуының психологиялық мазмұнын ашпайды. «Мамандыққа деген қатынасы» түсінігінің өзі адам белсенділігінің бағытын ғана бейнелейтін болғасын психологиялық мазмұны болмайды. Әрбір адамның бір ғана мамандыққа деген жағымды қатынасының негізінде түрлі қажеттіліктер мен

талаптар жатуы мүмкін. Субъективті қатынастың негізінде жатқан түрткілер жүйесін талдау арқылы ғана оның шынайы психологиялық мазмұны жайлы айтуға болады.

Кәсіби бағыттылық түсінігінің астарынан оның мазмұнды және динамикалық сипаттамасын білдіретін басқа жақтарын да бөліп көрсетуге болады. Біріншісіне – бағыттылықтың толымдылығы (полнота, толығы) мен деңгейі, екіншісіне – оның қарқындылығы, ұзақтығы мен тұрақтылығы жатады. Бағыттылықтың толымдылығы мен деңгейі кәсіби бағыттылықтың мазмұны – жеке сипатын алып жүреді және маңызды түрде оның формалдыдинамикалық ерекшеліктерін құрап тұрады. Кәсіби бағыттылықтың толымдылығы деген сөздің астарында мамандықты қалау түрткілерінің аясы деген түсінік жатыр. Мамандыққа байланысты таңдау қатынасы көбіне белгілі бір іс-әрекет мазмұнының әр алуан жақтарымен, ұзақтылық процесімен немесе мамандықтың кейбір атрибуттарымен байланысты әртүрлі түрткілердің пайда болуынан басталады. Кейбір сәттері мамандыққа қатысты көптеген факторлар адам үшін маңызды болып келеді, оның шығармашылық мүмкіндіктері, қоғамдағы мәнділігі, еңбектің материалды және гигиеналық т.б. шарттары, оның әдетке, мінез ерекшеліктеріне т.б. сәйкес келуі. Міне, бұл кәсіби бағыттылықтың адамның қажеттіліктері, қызығушылықтары, арман-мұраты кең аймағына негізделеді дегенді білдіреді. Кәсіби бағыттылық толық болған сайын адам үшін таңдаған іс-әрекет түрі жан-жақты мағынаны қамтып, сол ниетпен жүзеге асырудан алатын (ләззат, қанағаттану, көңілінің толуы) толқуы да әр алуан бола түседі.

Соған орай, кәсіби бағыттылықтың тағы бір түрі оның түрткілерінің (мотив) арта түсуіне байланысты болады, яғни жеке бір бөлек түрткінің түрткілердің кең таралған жүйесіне дейін өсуі. Бұл түрткілер жүйесінің олардың белгілі бір ұйымдасуын, құрылымын алдын ала болжауымен шарттанған. Біркелкі түрткілердің түрліше ұйымдасуы, бірлестіктерінде әртүрлі байланыста болуы ықтимал. Сонымен бірге, ескерте кететін маңызды жайт, жетекші түрткілердің әртүрлі болып келуі.

Әдетте, кәсіби бағыттылық негізінде жататын түрткілер шығу тегі және мамандыққа байланысына орай біркелкі болып

келмейді. Бұл жерде біздің бөліп көрсетуге құқылы нәрсеміз, ең алдымен, олар мамандықтың негізгі мазмұнын құрайтын қажеттіліктерді көрсететін түрткілер тобы. Екіншіден, олар мамандықтың кейбір ерекшеліктерін қоғам санасында бейнелейтін түрткілер (мәртебе, бедел түрткісі, мамандықтың қоғамдағы мәнділігі). Бұл жағдайда жеке сана-сезімнің мамандықпен байланысы жарнамаланған сипатқа ие болатыны анық. Түрткілердің үшінші тобын мамандықпен өзара әрекет негізінде өзектелінетін жеке тұлғаның бұрыннан қалыптасқан қажеттіліктері құрайды және өзін таныту түрткілері, материалды қажеттіліктер, мінез бен әдет т.б. ерекшеліктер.

Кәсіби бағыттылықтың жоғары деңгейі дегеніміз – кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау жүйесіндегі жеке тұлғаны және қызығушылықтар бірлігі және жеке тұлға түрткілері құрылымының сапалы ерекшелігі. Кәсіби білім В.А. Слостенин зерттеулерінде жоғары педагогикалық білім беру жағдайындағы кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың негізгі заңдылығы, құрылымы, жүйелілігі туралы тұжырымдарды алғаш көтергендердің бірі.

Мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қалыптастырудың басты шарты: «Балаға деген сүйіспеншілік және қызығуы педагогикалық әрекетке қажеттілігінен көрінеді», – деп есептейді. Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды жетілдіру және жеке адамның жалпы дамуы тұрғысынан өте терең және жан-жақты зерттеген А.П. Сейтешевтің пікірінше, кәсіби бағыттылығы дегеніміз – жеке адамның маңызды жақтарының бірі, ол оның қызығулары, ниеттері, бейімділіктері, мұраты мен сенімдерінен көрінеді. Ағаттылық деңгейінің жоғарылауы оның дамуының негізгі мазмұнын құрайды. Егер жеке тұлғаның белсенділігі адамның шығармашылық және өнегелі күштері болашақта сәтті жүретіндей жеке тұлға мен еңбек арасындағы өзара әрекет бар деген үміт болғанда ғана мамандық таңдау ақталған болып есептеледі.

## 5.2. Психодиагностиканың этикалық және кәсіби нормалары

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы болашақ мамандарды даярлау процесінде оның мүмкіндіктерін бүгінгі күннің өлшемдерімен ғана есептемей болашаққа бағыттауды



кажетсінуде. Бүгінгі студент ертеңгі маманың өз кәсібіне қызығушылығын ояту оның табысты ізденістеріне ықпал етері анық.

Кәсібилік – индивидтің кәсіби дағдыларды меңгеру дәрежесі, ал, *кәсіпқой* (профессионал) – негізгі ісі өзінің кәсібі болып табылатын индивид; өз ісінің маманы – өзіне қажетті даярлығы мен мамандығы бар.

*Кәсібилік* (профессионализм) психологиялық және тұлғалық білім беру ретінде тек кәсіби біліктілік пен дағдылардан ғана емес, кәсіби міндеттерді қоя білу және оны шеше білу өнерімен, жалпы және іс-әрекеттің қиын жағдайларында шындықты ерекше түсіне білуімен сипатталады.

Кәсіби шыңдалуға әсер ететін факторлар:

- 1) жеке ерекшеліктері мен дами берсем деген тілегі, қажеттілігі;
- 2) кәсіби іс-әрекетті жүргізу мерзімі, өтілуі.

Ғылымда қазіргі кезде кәсіпқойдың өмір жолы кезеңдер мен фазаларға бөлінбейді. Дегенмен, А.К. Климовтың пікірінше, маман өзінің кәсіби өсуінде мынадай кезеңдерден өтеді:

*Оптанти.* Мамандық таңдау кезеңі.

*Адепти.* Бұл арнайы оқу орнында: жоғары оқу орындарында, училищелерде оқитын адам.

*Адаптанти.* Жаңа маманның жұмысқа үйренуі. 3-5 жылға созылады.

*Интернал.* Тәжірибелі жұмысшы, берілген еңбек әрекетінде өз бетімен және сәтті кәсіби негізгі функцияларын жүзеге асыра алады.

*Мастер.* Қандай да бір арнайы қасиеттері, қабілеттері, білімдері бар өзіндік жеке, қайталанбайтын іс-әрекет стилі бар адам. Ол өзін ешкімге бергісіз маманмын деп есептейді.

*Авторитет.* Өз ісінің шебері, өз ортасында және шетте де кең белгілі адам. Ол кәсіби-өндірістік міндеттерін үлкен тәжірибесі, біліктілігі, өзін ісін ұйымдастыра білу, көмекшілері арқасында сәтті шеше біледі.

*Наставник.* Өз ісінің беделді шебері, ізбасарлары, ауыз-біршілікті адамдары, шәкірттері бар. Ол өз ісін жас шәкірттеріне береді және олардың өсуін бақылайды.

В.М. Лизинский педагогтың кәсіби іс-әрекетінің үлгісін жасаған. Ол үлгіде мынадай тақырыптар қамтылған:

1. Мұғалімнің өздігімен білімін дамыту және біліктілігін жетілдіру.

2. Мұғалім кәсіби іс-әрекеті табыстылығының рейтингісі.

3. Қоғамдық-педагогикалық қызметке араласуы.

4. Пән бойынша сабақтан тыс іздену әрекеті.

5. Педагогтың инновациялық кәсіби қызметі.

Н.В. Кузьмина педагогикалық іс-әрекеттің бес компоненттен тұратын функционалдық моделін ұсынды:

1) гностикалық, педагогикалық жүйені қолдаудың заңдары мен механизмдері туралы жаңа білім алу мен білімдік қор жинау міндетін шешеді;

2) жобалаушылық, оқытылып отырған курс мақсаты мен ол мақсатқа жету жолдарын жобалаумен байланысты;

3) конструктивтік (сындарлы) компонент, бұған курс мазмұны, сабақты өткізу түрі мен әдістерінің композициясын түзу мен таңдау жөніндегі іс-әрекеттер енеді;

4) ұйымдастырушылық бойынша жоспарланғанды жүзеге асыру міндеттері шешеді;

5) коммуникативтік компонент, бұған педагогикалық процесс субъектілерінің арасында педагогикалық мақсатқа сай өзара қатынас орнатумен байланысты іс-әрекеттер енеді.

Іс-әрекеттің аталған түрлері мұғалімнің практикалық жұмысында кездесетін барлық іс-әрекетті қамтиды деп айтуға болмайды, өйткені мамандық алу барысында адам негізгі білікті қалыптастыруды үйренеді, сонан соң өзінің білімін, кәсіби шеберлігін жалғастырады, жетілдіреді.

### ***Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің негізгі белгілері:***

- онымен міндетті білім, дағдыны меңгерген арнайы адам шұғылданады;

- оны жүзеге асыру үшін белгілі формалары болады: сабақ, «сынып»;

- бұл іс-әрекет белгілі бір мақсатты көздейді: баланы белгілі бір нәрсеге үйрету; белгілі бір білімдер жүйесін беру; белгілі бір білік, дағды қалыптастыру, білім алуда кеткен ақаулардың орнын толтыру; адам етіп шығару; қабілеттерін, қызығушылықтарын, ойлау, елестету, т.б. дамыту;

- оқыту, білім беру, тәрбиелеудің мазмұнын анықтау;

- баланың педагогпен «ерекше» қарым-қатынасы (іскер, ресми, регламенттік, т.б.);

- педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін тексеру, яғни, мұғалім үйреткен білім мен біліктердің қорытындысы;

- нағыз педагог регламенттік іс-әрекетпен ғана шектелмейді – ол, өзінің оқушыға әсер етуде барлық мүмкіншілігін пайдаланады: дәстүрлі емес әңгімелер, сенімді әңгімелесу; баланы ойландырып жүрген мәселелерді талқылау, кеңес беру, көмектесу.

Мәдениет – тұлға мүмкіндіктерінің ең жоғарғы деңгейі. Мәдениет көрсеткіштері: білімді пайдалана алу, дүниетаным қалыптасуының деңгейі. Өркениетті адам әлемі – мәдениет әлемі, мәдениетті ұрпақтарға қалдыру тәжірибесі, адамның шығармашылық белсенділігі.

Білімнің мәдениеттанымдық парадигмасында көптеген авторлар тұлғаны дамыту үшін мемлекеттік, ресми идеологияның, әлеуметтің репрессиялық күш көрсетуінен босауы керек деген пікір білдіреді. Солардың бірі белгілі философ В.С. Библер бұл мекеменің мәдениеттанымдық үлгіге ауысуы тиіс екенін, ал үлгінің ерекшелігі оның мәдениетке, құндылық бағдарларға бағытталуында екенін атап өтеді. Мәдениеттанымдық ұстанымдар турасында сөз еткенде ғалымның «Мәдениеттер диалогы мектебі» атты еңбегіндегі философиялық-педагогикалық тұжырымдамаға тоқталмауға болмайды. Мәдениет деген, автордың ойынша, әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасы, олар арқылы адам өз жолын, өз биігін табуға ұмтылады. Бұл тұжырымдамада адамның биіктерге беттеуінің бастауы өмірі мен шығармашылық ойлауы арасындағы диалогта жатыр деген идея бар. Өмір сүру үнемі диалогтан тұрады: сұрау, жауап беру, келісу, жауапкершілік алу – барлығы сөз арқылы іске асады.

**Кәсіби педагогикалық мәдениет** – бұл арнайы тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдерін игеру деңгейі.

Кәсіби педагогикалық мәдениет өзіне жалпы мәдениетті қосады және педагогикалық әрекет сферасындағы жалпы мәдениеттің спецификалық проектілеу функциясын атқарады.

Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесінде қалыптасатын болашақ маманның жеке тұлғасына тән қасиеттері кәсіби біліктері мен білімі, кәсіптік деңгейінің қалыптасуына бастама болады.



Кәсіптік бейімделу – кәсіптік іс-әрекеттің мазмұнын ұғына отырып, оның сипатына, ыңғайына икемделу, кәсіби міндеттерді орындау. Маманның кәсіптік іс-әрекетке бейімделуі оның бойында, жалпы оның ұғымында кәсіптік идентификацияның бар-жоғымен байланысты.

Оқытушы педагогикалық мәдениетке үш аспект арқылы қарым-қатынасқа түседі:

1. Кәсіпті игеру, процесте педагогикалық мәдениетті үйрену;
2. Мәдени-педагогикалық сфераға тәжірибелік әрекет арқылы қосылу. Педагог педагогикалық құндылықтырды жинақтаушы және таратушы ретінде;
3. Педагогтің педагогикалық шығармашылық әрекетінде өзіні жетілдіруі, педагогикалық мәдениетті қалыптастыруы.

#### **Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің құрылымы:**

- Аксиологиялық компонент;
- Технологиялық компонент;
- Тұлғалық-шығармашылық компонент.

**СӨЖ тапсырмасы:** «Кәсіптік таңдау» Хохланд сұрақтамасын талдаңыз.

### **Диагностикалық әдістемелердің жүргізілу үлгілері**

**1. К. Томастың қайшылықты жүріс-тұрыс стилін анықтау әдістемесі.** К. Томас өзінің сұрақтамасында жүріс-тұрыстың үйреншікті формаларының әр нұсқасын сипаттаған. Бұл жерде адамның қайшылықты жағдайындағы жүріс-тұрысының нұсқасы берілген. Әр шкала бойынша таңдалған ұпайлардың саны есептеліп, сол адамның қайшылықты жағдайдағы жүріс-тұрыс тенденциясы көрінеді.

К. Томас қайшылықты жүріс-тұрыс стильдерін 5 түрге бөлген: ынтымақтастық, келісімге келу, қашу, бейімделу және бәсекелестік.

**Ынтымақтастық стилі** – басшының іс-әрекетіндегі жетістікке жетуіндегі белсенділікке талпынумен сипатталады. Бәсекелестік стиліне қарағанда, ол тек өзінің қызығуына қайшылықты

пікірлерден қашып, көбіне бағынушылардың пікірін ескереді. БІнтымақтастық стилі мына жағдайларда нәтижелі болып келеді:

- мәселені шешу екі жақ үшін де маңызды болса;
- тығыз өзара байланысты қатынас бар болса;
- тең билік бар болған жағдайда.

**Келісімге келу стилі** – мұнда басшы бағынушылардың ой-пікірімен қатынаста нормализацияға жетуге ұмтылады, олардың пікірлерімен санаса отырып, өз жағына тартуға тырысады. Келісімге келу стилі келесі жағдайларда нәтижелі болып келеді:

- екі жақ та бірдей билікте болса;
- шешімді тез қабылдағыңыз келсе;
- уақытша шешімге келіссеңіз;
- жақсы қарым-қатынасты сақтағыңыз келсе;
- алдын-ала қойған мақсатыңызды өзгерте алсаңыз.

**Қашу стилі** – қойылған мақсатты жүзеге асыруда жауапкершіліктен қашумен сипатталады, яғни жауапкершілік пен жазадан қорқады, өз бетінше шешім қабылдағысы келмейді, іс-әрекетте табысқа жету мотивациясы жоқ. Қашу стилі келесі жағдайларда нәтижелі болып келеді:

- шиеленісушілік, өте жоғары және оны төмендету қажет жағдайда;

- шығын өте маңызды емес және өз күшіңізді жоғалтқыңыз келмесе;

- уақыт ұтқыңыз келсе;
- жағдай пайда әкелмейтінін білсеңіз;
- билік аз, қарама-қарсы жақтың мүмкіндігі көп екенін білсеңіз.

**Бейімделу стилі** – басқару мақсатында оң нәтижеге жетуге қызықпайды, белсенділік танытпайды. Бұл стильдегі басшылар қайшылық жағдайынан және жауапкершіліктен қашуға тырысады. Ал бейімделу стилі келесі жағдайларда:

- болған жағдай ерекше толғандырса;
- қарым-қатынасты жақсы сақтағыңыз келсе;
- билік сіз жағыңызда болмаса;
- билік аз және жеңіске жету ықтималдығы аз болған жағдайда.

**Бәсекелестік стилі** – ол әрекетте өте белсенді болады, қойылған мақсатқа жету үшін тез шешім қабылдайды. Бәсекелестік стилі келесі жағдайларда нәтижелі болып келеді:

- белгілі бір билікті иеленсеңіз;
- шығын сіз үшін өте маңызды болса;
- шешімді тез қабылдау қажет болса;
- сіз үшін жоғалатын еш нәрсе жоқ, басқа таңдау жолы жоқ жағдайда;
- сіз неғұрлым шешім қабылдауды талап ететін дағдарыс жағдайында тұрсаңыз;
- сіз таныс емес шешімді қабылдауыңыз керек және сізде билік бар болған жағдайда.

## 2. «Тұлғаның конфликтілік деңгейін анықтайтын» тесті

Тұлғаның конфликтілік деңгейін анықтайтын тест көмегімен біз әр зерттелушінің конфликтілік деңгейін бағалай аламыз. Тест 14 сұрақтан тұрады, әр сұрақта 3 нұсқа берілген. Және тестте конфликтілік дамудың 9 деңгейі берілген:

- 1 – өте төмен
- 2 – төмен
- 3 – орташадан төмен
- 4 – орташадан сәл төмен
- 5 – орташа
- 6 – орташадан сәл жоғары
- 7 – орташан жоғары
- 8 – жоғары
- 9 – өте жоғары

**Екінші әдістеме:** «Тұлғаның конфликтілік деңгейін анықтайтын» тестінің мәтіні.

### 1. Сіз басқа адамдарды өзіңізге бағындыра аласыз ба?

- А) жоқ
- Б) жағдайға байланысты
- В) иә

2. Сіздің ұжымыңызда сізден қорқатын, тіпті жек көретін адам бар ма?

- А) иә
- Б) жауап беру қиын
- В) жоқ



**3. Сіз қандай адамсыз?**

- А) пацифист
- Б) принципиалды
- В) тапқыр

**4. Критикалық ойларды жиі қолданасыз ба?**

- А) иә, жиі
- Б) периодты
- В) сирек

**5. Егер сіз жаңа ұжымды басқарсаңыз, сіз не істер едіңіз?**

- А) ұжым жұмысының бағдарламасын бір жыл бұрын дайындап қояр едім
- Б) бәрімен танысып алып, лидермен байланыс орнатар едім
- В) ұжыммен жиі ақылдасар едім.

**6. Сәтсіздікке ұшырасаңыз, қандай жағдайда болар едіңіз?**

- А) пессимизм
- Б) жаман көңіл-күйде
- В) өз-өзіме өкпелер едім

**7. Сіз ұжымыңыздың дәстүрлерін сақтауға ұмтыласыз ба?**

- А) иә
- Б) мүмкін
- В) жоқ

**8. Сіз өзіңізді, шындықты бетке айтар кісіге жатқызасыз ба?**

- А) иә
- Б) мүмкін
- В) жоқ

**9. Сіз осы үш қасиеттің қайсысын өзіңізден жойғыңыз келеді?**

- А) ашуланшақтық
- Б) өкпелегіштік
- В) шыдамсыздық

**10. Сіз қандай адамсыз?**

- А) тәуелсіз
- Б) лидер

В) ой генераторы

**11. Сіздің достарыңыз, сізді қандай адам деп есептейді?**

- А) экстравагантты  
 Б) оптимист  
 В) қайсарлы

**12. Сіз немен көбінесе күресесіз?**

- А) әділетсіздікпен  
 Б) бюрократизммен  
 В) эгоизммен

**13. Сіз үшін не сипатты?**

- А) өз қабілеттілігіңізді бағаламау  
 Б) өз мүмкіндіктеріңізді объективті бағалау  
 В) өз қабілеттілігіңізді жоғары бағалау

**14. Сізді көбінесе конфликтіге не итермелейді?**

- А) артық инициатива  
 Б) артық сынау  
 В) артық ашықтық

#### Тесттің кілті

Сұрақтар	Балл			Конфликтіліктің даму деңгейі	Жалпы қорытынды баға
	А	Б	В		
1	1	2	3	1- өте төмен	14-17
2	3	2	1	2- төмен	18-20
3	1	3	2	3- орташадан төмен	21-23
4	3	2	1	4- орташадан сәл төмен	24-26
5	3	2	1	5- орташа	27-29
6	2	3	1	6- орташадан сәл жоғары	30-32
7	3	2	1	7- орташан жоғары	33-35
8	3	2	1	8- жоғары	36-38
9	2	1	3	9- өте жоғары	39-42
10	3	1	2		
11	2	1	1		
12	3	2	3		
13	2	1	3		
14	1	2			

**3. Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2).** Бұл әдіс коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалауға арналған. Әдіс 20 коммуникативтілікті, 20 ұйымдастырушылықты анықтауға бағытталған 40 сұрақтан тұрады. Сұрақтарға «ия», «жок» деп жауап беріледі.

Нәтижелердің өңделуі.

1. Сыналушының жауаптары дишифраторға салынады да, сәйкес келген коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктерін жеке есептеп шығарамыз.

Коммуникативті бейімділік дешифраторы.

$$1 + 11 - 21 + 31 -$$

$$3 - 13 + 23 - 33 +$$

$$5 + 15 - 25 + 35 -$$

$$7 - 17 + 27 - 37 +$$

$$9 + 19 - 29 + 39 -$$

Ұйымдастырушылық бейімділіктің дешифраторы.

$$2 + 12 - 22 + 32 -$$

$$4 - 14 + 24 - 34 +$$

$$6 + 16 - 26 + 36 -$$

$$8 - 18 + 28 - 38 +$$

$$10 + 20 - 30 + 40 -$$

2. Коммуникативті бейімділік (Кх) және ұйымдастырушылық бейімділіктің (Ұх) максималды мүмкін санға (20) сәйкес келуі ретінде коммуникативті (Кқ) және ұйымдастырушылық бейімділіктің (Ұқ) бағалық коэффициентін есептеп, мына формулаға саламыз.

Нәтижелерді сапалық бағалау үшін алынған коэффициенттерді шкалалық бағалауға саламыз.

*1-кесте*

**Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау шкаласы**

Кқ	Ұқ	Шкалалық бағалау
0.10–0.45	0.20–0.55	1
0.45–0.55	0.56–0.65	2
0.56–0.65	0.66–0.70	3
0.66–0.70	0.71–0.80	4
0.75–1.00	0.81–1.00	5



Алынған мәліметтерді анализдеуде келесі параметрлерді ескеру қажет.

1 бағасын алған сыналушы коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің төмен деңгейде көрінумен сипатталады.

2 бағасын алған сыналушының коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділігі ортадан төмен деңгейде. Олар қарым-қатынасқа түсуге ұмтылмайды, жаңа компанияда, ұжымда өзін ыңғайсыз сезінеді, уақытын өзімен-өзі болып өткізуді ойлайды, таныстарының санын шектейді, адамдармен байланыс орнатуда қиындықтарды сезінеді, аудитория алдына шығуда, таныс емес жағдайға нашар бағдарланады, өз пікірін жақтамайды, ренішті ауыр көтереді, қоғамдық іс-әрекетте өз инициативасын көрсетуі төмен, олар көптеген істерде дербес шешім қабылдаудан қашады.

3 бағасын алған сыналушыларға коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің көрінуінің орта деңгейі тән. Олар адамдармен байланысуға бейім, өз таныстарының санын шектемейді, өз пікірін жақтайды, жұмысын жоспарлайды, алайда олардың бейімділік потенциалы жоғарғы тұрақтылықпен ерекшеленбейді. Бұл сыналушылардың тобы коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті қалыптастыруда жоспарланған тәрбиелік жұмысты қажет етеді.

4 бағасын алған сыналушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің жоғарғы деңгейінің көріну тобына кіреді. Олар жаңа ортада өзін жоғалтып алмайды, достарын жылдам табады, әрдайым таныстарын көбейтуге ұмтылады, қоғамдық іс-әрекетпен айналысады, жақындарына, достарына көмектеседі, қарым-қатынаста инициативасын көрсетіп отырады, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуын қуанышпен қабылдайды, қиын жағдайда дербес шешім қабылдауға қабілетті. Осының бәрін олар қажет етуден емес, ішкі ұмтылыспен жасайды.

5 жоғары бағасын алған сыналушылар, коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің көрінуінің өте жоғарғы деңгейін игереді. Олар коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетте қажеттілікті сезінеді және оған белсенді ұмтылады, қиын жағдайларға жылдам бағдарланады, жаңа ұжымда өзін еркін ұстайды, инициативті, маңызды істе немесе қиын жағдайда

дербес шешім қабылдайды, өз пікірін жақтайды және бұл жолдастарына қабылдану үшін өзінің дегеніне жетеді, таныс емес компанияны жандандыра алады, түрлі ойындарды, іс-шараларды ұйымдастырғанды жақсы көреді, өздерін қызықтыратын іс-әрекетке тұрақты. Коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетке деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын істерді өздері іздейді.

3. Студенттің кәсіби бағыты мен бағдарын анықтаудағы сауалнама.

Бұл сауалнама ашық және жабық 12 сұрақтан құралған. Мұнда студенттің мамандық таңдау мотивін, оқуға түскеннен кейінгі қалыптасқан мотивтерді анықтау, өз мамандығының міндетті талаптарын саналай алуын, қабілетінің дәрежесін көре алуын анықтауға бағытталған сұрақтардан тұрады.

4. В. Смейкал және М. Кучердің «Тұлға бағыттылығы» әдістемесі.

В. Смейкал және М. Кучердің «Тұлға бағыттылығы» әдістемесі тұлғаның 3 бағытына байланысты ажыратылады: 1) тұлғаның өзіне деген бағыттылығы; 2) тұлғаның өзара қарым-қатынас бағыттылығы; 3) іске бағыттылығы.

Тұлғаның өзіне деген бағыттылығы зерттелушіні жұмыстың ерекшелігіне, жұмыстағы адамдардың өзара қарым-қатынасына мән бермей, жұмыстан тікелей нәтиже күтетін адам ретінде сипаттайтын деңгейді көрсетеді. Осындай бағыттағы адамдар жұмыс ұжымын өзінің жалпы қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, өзінің қиындықтарымен бөлісе алатын, өзін сыйлы, беделді, жоғары қоғамдық статусы бар адамдар ретінде көрсете алатын жұмысты «театр» ретінде қабылдайды. Мұндай адам өзінің айналасындағы адамдардың қажеттіліктеріне мән бермейді, билікті жақсы көреді. Берілген жұмысқа, тапсырмаға мән бермейді, тек өзімен ғана айналысады.

Өзара қарым-қатынасқа деген бағыттылық адамдардың басқа адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тырысуын байқатады, бірақ бұл нақты тапсырмаларды орындауға немесе адамдарға шынайы көмек көрсетуге әкелмейді, өйткені, мұндай қарым-қатынастар «сыртқы» түпкілікті емес деп айтуға болады. Мұндай адам біріккен ұжымдық іс-әрекетке үлкен қызығушылықпен

қарайды, бірақ өзі топтың жұмыс тапсырмаларының орындалуына ешқандай үлес қоспайды.

Тұлғаның іске бағыттылығы адамның тапсырманы орындау дәрежесін жұмысқа қызығушылықпен қарауын, мәселелерді шешу бейімділігінің деңгейін көрсетеді. Мұндай адамдар өзінің жеке қызығушылықтарына қарамай ұжыммен бірігіп тиімді жұмыс істей алады. Ұжымда ол өзінің жұмысқа пайдалы деген пікірін дәлелдеуге талпынады.

Жоғарыда көрсетілген тұлғаның үш мотивациялық бағыты олардың кәсіби бағытталуда алатын орнына байланысты кәсіби бағытталудағы мотивацияға сипаттама бере алады. Әдістеме 30 аяқталмаған тұжырымдамалардан тұрады. Олардың әрқайсысының а, б, в әріптерімен белгіленген 3 аяқталу нұсқаулары бар. Зерттелушілер әрбір тұжырымдамалардағы жауаптардың ішінен өзінің ой-пікірін дәл анықтайтын жауапты таңдауы керек. Олар өздерінің ой-пікірін дәл анықтайтын жауапты арнайы бланкінің «көп деңгейде» деген бөліміне, ал олардың пікірлеріне аса сәйкес келмейтін жауапты «аз деңгейде» бөліміне жазуы керек.

Соңынан, «көп деңгейде» жауабы 2 баллмен бағаланады, «аз деңгейде» жауабына 0 балл қойылады, ал таңдалмаған жауап 1 баллмен бағаланады.

**4. Дифференциалды диагностикалық сұрақтама.** Студенттердің кәсіби бағыттылығын зерттеуде белгілі кеңес психологы Е.А. Климовтың дифференциалды диагностикалық сұрақтама әдісі қолданылды. Осы әдіс арқылы студенттердің қызығушылығы, қабілеттері, бейімділіктері және мүмкіндіктері, өзін-өзі бағалау деңгейі жайлы ақпараттар алынды. Сұрақтаманың негізінде еңбек процесіндегі адам өзара әрекет ететін барлық мамандықтың пәні немесе объектінің белгісі бойынша 5 типке бөлу идеясы жатыр.

1. «Адам – Табиғат» типінде адамның жанды және жансыз табиғатта өтіп жатқан үрдістерге қатысумен байланысты. Мұнда жерді (геолог, геофизик, океанолог, метеоролог, т.б.), оның өсімдіктер және жануарлар әлемін (ботаник, биолог, зоолог, орнитолог, кинолог, генетик, эколог және т.б.), жануарлардан және өсімдіктерден өнім өндіруді (баушы, агроном, көкөніс өңдеуші,



жануарлар шаруашылығы, зоотехник, ветеринар және т.б.) зерттеумен байланысты мамандықтарды кіргізуге болады.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: қиялдың жоғарғы деңгейде дамуы, көрнекі-бейнелі ойлау, жақсы көзбен көріп есте сақтау, бақылампаздық; өзгермелі табиғи факторларды бағалау және көре алу қабілеті; әдетте іс-әрекет нәтижесі ұзақ уақыт барысында пайда болады, сондықтан да маман шыдамдылықты, төзімділікті меңгеруі қажет; ұжымнан тыс, кейде қолайсыз ауа-райында жұмыс істеуге дайын болуы керек.

2. «Адам – Техника» типіндегі мамандыққа көптеген өнер-кәсіптік және құрылыс мамандарын (болат қорытушы, құюшы, ұста, тас өңдеуші, электр, токарь, слесарь, электрик, фрезеровщик, сылақшы, ағаш шебершісі, тігінші, инженер т.б.) және транспорттық салада қызмет етушілер кіреді.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: қозғалыстың жақсы координациясы, яғни, дәл көру, есту, вибрациялық және кинететикалық қабылдау; дамыған педагогикалық және творчестволық ойлау және қиял; зейінді ауыстыра және шоғырландыра алу ептілігі; бақылампаздық.

3. «Адам – Белгілер жүйесі» типіндегі мамандыққа ақпаратты өңдеудің түрлі формаларын кіргізуге болады. Бұл тіл жүйесіндегі (библиограф, натариус, лингвист, тарихшы, филолог, философ, әдебиетші және т.б.) абстрактілі-математикалық (статистик, математик, кассир, бухгалтер, экономист, метеоролог және т.б.) белгілерді өңдеу тәсілдері және жүйелері (программист, ЭВМ операторы және т.б.) жұмыстары.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: жақсы оперативті және механикалық ес; белгілік (знаковый) материалдарға зейіннің ұзақ уақыт бойы шоғырландыра алу қабілеті; зейінді жақсы бөлу және ауыстыра алу; қабылдаудың дәлдігі, шартты белгілерде тұрғандарды көре алу ептілігі, шыдамдылық, логикалық ойлау.

4. «Адам – Көркем бейне» типіндегі мамандық – өнер, көркем мәдениет. Мұнда бейнелік шығармаларды (архитектор, суретші, дизайнер, мүсінші, т.б.), материалдарды көркемдік өңдеу (гравер, модельер, зергер және т.б.), көркем ойын-сауық құру (композитор,

музыкант-орындаушы, вокалист, дирижер, биші, балетмейстер, актер, режиссер, оператор) кіреді.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: дамыған, көріп қабылдау; бақылампаздық; көрнекі-бейнелі ойлау; шығармашылық қиял; адамдарға эмоционалды әсер етудің психологиялық заңдарын бөлу.

5. «Адам – Адам» типіндегі мамандықтың негізгі мазмұны қарым-қатынас. Бұл жерде адамдармен қарым-қатынас ұстай алу және орната білу керек. Мұнда педагогикалық мамандар (мұғалім, тәрбиеші, жаттықтырушы, оқытушы), әділет облысы (арбитр, юрискеңесші, милиционер, ізкесуші, прокурор, адвокат), мәдени-ағарту жұмысы (кітапханашы, экскурсовод, гид-аудармашы, тілші), қызмет көрсету сферасы (сатушы, официант, шаштаразшы және т.б.) кіреді. Медициналық мамандар (санитар, фельдшер, медбике, дәрігер).

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: қарым-қатынасқа ұмтылу; бейтаныс адамдармен байланысқа оңай түсе алу ептілігі; адамдармен жұмыс істеуде өзін тұрақты жақсы сезіну; өзін ұстай алу; эмоциясын тежей алу ептілігі; қоршаған ортаның және өзінің жүріс-тұрысын талдай алу ептілігі; басқа адамдардың көңіл-күйін және ниетін түсіну, адамдармен өзара қарым-қатынасты өрбіте алу қабілеті, олардың арасындағы келіспеушілікті шеше алу ептілігі, ойша өзін басқа адамдардың орнына қоя алу, тыңдай алу, басқа адамның пікірін ескеру; түрлі адамдармен ортақ тіл табыса білу қабілеті.

### Сұрақнама: «Ата-ана мен баланың өзара қатынасы»

Мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағылардың ата-аналарына арналған сұрақнама нұсқасы.

Нұсқау: келесі ой-пікірлерді мұқият оқып, таныса отырып, ойыңызға сәйкес деген келісу деңгейіңізді 5 ұпайлық жүйемен белгілеңіз. Жауап іс қағазында әр баланың пікірін бөлек бағалаңыз.

5 – күмәнсіз, иә (аса қатты келісуді білдіреді)

4 – жалпы келісемін

3 – иә немесе жоқ

2 – иә жауабына карағанда жоқ

– жоқ (тіптен келіспеу белгісі)

- Егер мен одан бір нәрсені талап етсем, мақсатыма міндетті түрде жетемін.
- Мен оны нашар қылықтары үшін үнемі жазалаймын.
- Әдетте қай киімін киетінін өзі шешеді.
- Менің баламды қараусыз қалдыруға болады.
- Ұлым (қызым) өзінде болып жатқан жаңалықтардың бәрін маған айтады.
- Мен оны өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайды деп ойлаймын.
- Мен оның бойынан жақсы қасиеттерінен гөрі кемшіліктерін жиі байқаймын.
- Үй тірлігін біз жиі бірігіп орындаймыз.
- Мен баламның денсаулығы үшін жиі мазасызданамын.
- Мен қойған талаптарымды соңына дейін қадағаламайтынды сеземін.
- Біздің отбасымызда үнемі қақтығыс болып тұрады.
- Мен оған қандай тәрбие берсем, ол да өз балаларына сондай қарағанын қалаймын.
- Ол менің өтінішімді бірнеше рет қайталантқызып барып орындайды.
- Мен оған сирек ренжимін.
- Мен оның барлық әрекеті мен қылықтарын бақылап отырамын.
- Ол үшін ең бастысы – мені тыңдау деп санаймын.
- Егер ол бақытсыздыққа ұшыраса, ең алдымен ол менімен бөліседі.
- Мен оның қызығушылығын қолдамаймын.
- Мен оны өзім ойлағандай ақылды, қабілетті деп санамаймын.
- Дұрыс жасамағанымды мойындап, оның алдынан кешірім сұрай аламын.
- Менің балама қорқынышты жағдай болып қалады деп жиі ойлаймын.
- Менің оған деген қатынасымда, мінез-құлқымды түсіну қиын.
- Отбасының басқа мүшелері кедергі келтірмегенде, менің баламның тәрбиесі анағұрлым жақсы болар еді.
- Маған біздің арамыздағы қарым-қатынас ұнайды.



• Оның достарының отбасына қарағанда, оның үйде орын-дайтын міндеттері көп.

- Мен оған кейде қол көтеремін.
- Егер ол қаламаса да, менің айтқанымды жасауға тура келеді.
- Мен оған не қажет екенін жақсы білемін.
- Мен балама үнемі аяушылық білдіремін.
- Мен оны түсінетін сияқтымын.
- Мен оның көп қасиетін өзгерткім келеді.
- Отбасында шешім қабылдағанда оның пікірі үнемі ескеріледі.
- Мен мазасыз әкемін (анамын) деп өзімді санаймын.
- Менің мінез-кұлқым ол үшін үнемі күтпеген жағдай туғы-

зады.

• Мен баламды жазалағанда менің жолдасым (әйелім, анам, т.б.) аса қаталдығымды жазғырады.

- Мен ұлымды (қызымды) дұрыс тәрбиелеудемін деп ойлаймын.
- Мен оған көп талап қоямын.
- Менің мінезім жұмсақ.

• Мен оған үйдің ауласында жалғыз қыдыруына рұқсат беремін.

• Мен оны өмірдегі қиындықтар мен жазымдардан сақтауға ұмтыламын.

• Менің кемшіліктерім мен әлсіздіктерімді байқағанын қаламаймын.

- Маған оның мінезі ұнайды.
- Мен оны ұсақ-түйекке бола сынға аламын.
- Мен оны бар ынтаммен тыңдаймын.
- Менің парызым – оны әртүрлі қауіптен сақтау деп санаймын.
- Менің жіберген қателіктерімді ол жасаса мен оны жазаламаймын.

• Отбасының басқа мүшелеріне баланы еріксіз қарсы қоятын кездерім болады.

- Мен онымен күнделікті қарым-қатынастан шаршаймын.
- Маған ол қаламаған істі еріксіз жасатуға тура келеді.
- Өзгелер бұл қылығы үшін жазалайды, ал мен оны кешіремін.
- Мен ол туралы бәрін білгім келеді: не туралы ойлайтыны, достарымен қандай қатынаста, т.б.

• Ол үйде бос уақытында немен айналысатынын өзі тандайды.

- Мен оған ең жақын адаммын деп ойлаймын.
- Мен оған әр уақытта көңілімнің толмағанын айтамын.
- Мен оның мінез-құлқын қолдаймын.
- Ол ойлап тапқан іске атсалысамын.
- Оның болашағын біз әрқалай елестетеміз.
- Бір нәрсе үшін оны жазғыратын да, мақтайтын да кезім болады.
- Мен оған бірнәрсе айтсам жолдасым (әйелім, апасы, т.б.) әдейі, керісінше басқаша айтатын кездері де болады.
- Оның менімен үнемі дәл қазіргідей катынаста болғанын қалаймын.

### ТІРКЕУ ҚАҒАЗЫ.

Ф.А.Ә. ----- жасы ----- білімі -----  
 Баланың аты-жөні ----- жасы-----

№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай
1		13		25		37		49	
2		14		26		38		50	
3		15		27		39		51	
4		16		28		40		52	
5		17		29		41		53	
6		18		30		42		54	
7		19		31		43		55	
8		20		32		44		56	
9		21		33		45		57	
10		22		34		46		58	
11		23		35		47		59	
12		24		36		48		60	

Нәтижені өңдеу мен талдау.

Сұрақнаманың үш түрі де келтірілген кесте бойынша өңделеді. Әр шкаладағы ұпайдың жалпы саны есептеледі мұнда, кері және тура мәндес пікірлерді ескеру қажет. Кері пікірлер ұпайларға келесі үлгімен беріледі.

Жауаптар 1 2 3 4 5

Ұпайлар 5 4 3 2 1

Іс қағаз кілтінде кері сұрақтар жұлдызшамен берілген. Үшінші және бесінші шкалалар 10 пікірден тұратындықтан арифметикалық ұпай саны бұл шкалаларда екіге бөлінеді. Сомасы

баға тіркеу іс қағазының соңғы бағанына қойылады. Жауап беру іс қағазының кейбір жолы бір шкалаға жатады. Мысалы: бірінші шкалаға 1, 13, 25, 37, 49 пікірлер қараса, 10 шкалаға: 12, 24, 36, 48, 60; 3 шкалаға: 3, 4, 15, 16, 27, 28, 39, 40, 51, 52, т.б.

Кіші мектеп оқушылары мен ата-аналарына арналған сұрақнаманың кілті.

№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	Барлығы
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										
9										
10										
11										
12										

Талап қоймау – талап қоя білу.

Жұмсақтық – қаталдық.

Дербестік – бақылау.

Эмоционалды арақашықтық – жақындық.

Қабылдамау – қабылдау.

Әріптестіктің болмауы – болуы.

Бала үшін қобалжу.

Салдарлы – салдарсыздық.

Отбасындағы тәрбие конфронтациясы.

Баламен (ата-анамен) қарым-қатынаста қанағаттану.

### Сұрақнама: «Ата-ана мен баланың өзара қатынасы»

Жеткіншектердің ата-анасына арналған нұсқасы.

Нұсқау: Келесі ой-пікірлерді мұқият оқып шығып, ойыңызға сәйкес келісу деңгейіңізді 5 ұпайлық жүйемен белгілеңіз. Жауап іс қағазында әр баланың пікірін бөлек бағалаңыз.



5 – күмәнсіз, иә (аса қатты келісуді білдіреді)

4 – жалпы келісемін

3 – иә немесе жоқ

2 – иә жауабына қарағанда жоқ

1 – жоқ (тіптен келіспеу)

- Егер мен баладан бір нәрсені талап етсем, максатыма міндетті түрде жетемін.
- Мен оны нашар қылықтары үшін үнемі жазалаймын.
- Ол маған қайда баратынын және қашан келетінін сирек айтады.
- Мен оны толығымен дербес адам деп санаймын.
- Ұлым (қызым) өзінде болып жатқан жаналықтардың бәрін маған айтады.
- Мен оны өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайды деп ойлаймын.
- Мен оның бойынан жақсы қасиеттерінен гөрі кемшіліктерін жиі байқаймын.
- Мен оған маңызды, қиын істерді жиі тапсырамын.
- Бізге ортақ келісімге келу қиын.
- Бұрын тыйым салынған нәрсеге рұқсат беретін кездерім болады.
- Ұлым (қызым) менің көзқарасымды үнемі ескереді.
- Мен оған қандай тәрбие берсем, ол да өз балаларына сондай қарағанын қалаймын.
- Мен не өтінсем де ол бірден орындайды.
- Мен оған сирек ренжимін.
- Мен оның барлық әрекеті мен қылықтарын бақылап отырамын.
- Ол үшін ең бастысы – мені тыңдау деп санаймын.
- Егер ол бақытсыздыққа ұшыраса, ең алдымен ол менімен бөліседі.
- Мен оның қызығушылығын қолдамаймын.
- Мен оны өзім қалағандай, ақылды, қабілетті деп санамаймын.
- Дұрыс жасамағанымды мойындап, оның алдынан кешірім сұрай аламын.
- Мен оның айтқанына жиі көнемін.

• Менің оған деген қарым-қатынасым арқылы, мінез-құлқымды түсіну қиын.

• Мен ол үшін беделді адаммын деп ойлаймын.

• Маған біздің арамыздағы қарым-қатынас ұнайды.

• Оның достарының отбасына қарағанда, оның үйде орындайтын міндеттері көп.

• Мен оған кейде қол көтеремін.

• Егер ол қаламаса да, менің айтқанымды жасауға тура келеді.

• Мен оған не қажет екенін жақсы білемін.

• Мен балама үнемі аяушылық білдіремін.

• Мен оны түсінетін сияқтымын.

• Мен оның көп қасиетін өзгерткім келеді.

• Отбасында шешім қабылдағанда оның пікірі үнемі ескеріледі.

• Мен оның ұсыныстарымен, ойларымен үнемі келісемін.

• Менің мінез-құлқым ол үшін үнемі күтпеген жағдай туғызады.

• Ол үшін мен үнемі үлгі боламын.

• Мен ұлымды (қызымды) дұрыс тәрбиелеудемін деп ойлаймын.

• Мен оған көп талап қоямын.

• Менің мінезім жұмсақ.

• Мен оған келгісі келген уақытта келуіне рұқсат етемін.

• Мен оны өмірдегі қиындықтар мен жазымдардан сақтауға ұмтыламын.

• Менің кемшіліктерім мен әлсіздіктерімді байқағанын қаламаймын.

• Маған оның мінезі ұнайды.

• Мен оны ұсақ-түйекке бола сынға аламын.

• Мен оны бар ынтамен тыңдаймын.

• Мен онымен көптеген мәселемен келіспеймін.

• Менің жіберген қателіктерімді ол жасаса мен оны жазаламаймын.

• Ол менің көптеген көзқарастарымды қолдайды.

• Мен онымен жалған күнделікті қарым-қатынастан шаршаймын.

• Маған ол қаламаған істі еріксіз жасатуға тура келеді.

• Өзгелер бұл қылығы үшін жазалайды, ал мен оны кешіремін.

• Мен ол туралы бәрін білгім келеді: не туралы ойлайтынын, достарымен қандай қатынаста, т.б.

- Ол кіммен дос боларын менімен ақылдаспайды.
- Мен оған ең жақын адаммын деп ойлаймын.
- Мен оған әр уақытта көңілімнің толмағанын айтамын.
- Мен оның мінез-құлқын қолдаймын.
- Ол ойлап тапқан іске атсалысамын.
- Оның болашағы туралы біз әрқалай елестетеміз.
- Бір нәрсе үшін мен жазғыратын да мақтайтын да кезім болады.
- Ол маған ұқсағысы келеді деп ойлаймын.
- Оның менімен үнемі дәл қазіргідей қатынаста болғанын қалаймын.

### **Жеткіншектер мен олардың ата-анасына арналған сұрақнама кілті.**

- Жұмсақтық – қаталдық
- Дербестік – бақылау
- Эмоционалды арақашықтық – жақындық
- Қабылдамау – қабылдау
- Талап қоймау – талап қоя білу
- Әріптестіктің болмауы – әріптестіктің болуы
- Келіспеушілік – келісім
- Салдарлы – салдарсыздық
- Ата-ана беделі
- Баламен (ата-анамен) қарым-қатынаста қанағаттану.

№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	№	Ұпай	Барлығы
1		13	***	25		37		49		1
2		14	***	26		38	***	50	***	2
3	***	15		27		39	***	51		3/2
4	***	16		28		40		52	***	
5		17		29		41	***	53		4
6	***	18	***	30		42		54	***	5/2
7	***	19	***	31	***	43	***	55		
8		20		32		44		56		6
9	***	21		33		45		57	***	7



10	***	22	***	34	***	46	***	58	***	8
11		23		35		47		59		9
12		24		36		48	***	60		10

## 6. «Отбасылық қобалжуды анықтау» сұрақнамасы.

Әдістеменің авторы Э.Г. Эйдемеллер және В. Юстицкис (2000).

Әдістеменің мақсаты: Индивидтің жалпы қобалжуын зерттеу, оның отбасына деген көзқарасы және отбасының оны қалай қабылдайтынын анықтау. «Отбасылық қобалжу» дегенде отбасының бір мүшесі үшін, қалған мүшесі бейсанада қобалжиды, бірақ өздері саналы түсінбей, оны қабылдамайды.

Әдістеменің мазмұны: Отбасы мүшелері жеке отырып сұрақнаманы толтырады. Нұсқау: «Сіздерге ұсынылып отырған сұрақнама мазмұны отбасындағы, үйдегі көңіл-күйді білдіреді. Сұрақтар нөмірленген және оған қоса әдістеме іс-қағазы да нөмірленген». Сұрақнаманы оқи отырып егер, сол сөзбен келіссеніз, онда сол нөмірді дөңгелетіңіз, келіспесеніз онда нөмірді сызып тастаңыз, кейбір сұраққа жауап беруге қиналсаңыз онда сұрақ (?) белгісін қойып отырыңыз. Қиналатын сұрақтар үшеуден көп болмауы қажет. Есте ұстанаңыздар, бұл сұрақнама үйдегі көңіл-күйді білдіреді. Сұрақнамада «дұрыс» және «дұрыс емес» жауап болмайды, бұл тек сіздің «сезіміңіз».

### Сұрақнама мәтіні

- Білемін, маған отбасы мүшелері жиі риза емес, көңілдері толмайды.
- Сеземін, қалай істесем де бәрібір менің айтқанымдай болмайды.
- Мен көп нәрсені орындауға үлгермей жүрмін.
- Отбасында болатын келеңсіз жағдайға, неге екенін білмеймін барлық уақытта мен кінәлі болып шығамын.
- Мен өзімді жиі әлсіз сезінемін.
- Отбасында мен көп күйгелектенемін.
- Үйге келгенде өзімді икемсіз және ыңғайсыз сезінемін.
- Отбасының кейбір мүшелері мені ақымақ деп ойлайды.
- Үйде болған кезімде, барлық уақытта мен бір нәрсені уайымдаймын.
- Отбасы мүшелерінен жиі дағдарыс көзқарасын сезінемін.

- Үйге келе жатқанда, мен жоқ кезде қандай жағдай болды екен деп қорқамын.
- Үйде жүргенде мен бәрін істеп үлгеруім керек – деп сезінемін
- Үйде көп жағдайда өзімді артық (бөтен) сезінемін.
- Үйде сондай күрделі жағдай, қимылға келуге менде ешқандай күш болмайды.
- Үйде көп жағдайда мен, өзімді ұстап тоқтатып отыруым қажет.
- Егер де мен жоқ болып кетсем, онда мені ешкім іздемейтін сияқты.
- Үйге келе жатқанда, орындайтын жұмысымды жоспарлап келемін, ал үйге кіргеннен кейін тіпті басқа жұмысқа ауысып кетемін.
- Отбасылық жағдайымды ойласам болды, мен қобалжи бастаймын.
- Отбасы мүшелері кейбір кездері мен үшін ұялатын сияқты.
- Көп уақытта барлық тірлікті жақсы орындағым келеді, ал нәтижесінде бәрі керісінше нашар шығады.
- Маған үйде көп нәрсе ұнамайды, мен оны жасырын ұстап көрсеткім келмейді.

### «Отбасылық социограмма» тесті

Мақсаты: Жағдайды «қазір осы жерде» бірер минутта анықтауға болатын жедел диагностика. Субъекті отбасы коммуникациясына қалай түседі, тұлғааралық қатынастағы хал-ақуалы, оны тура және жанама түрінде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс түрі, суретті, телімелі әдіске жатады.

Әдістеменің өтілуі: Зерттелушіге жауап беру іс-қағазы беріледі, онда шеңбер сызылған диаметрі 110 мм тұрады. Нұсқауды түсіндіру. Қағазда бірнеше шеңбер сызылған. Сол шеңберге алдымен өзіңді «Мен» және отбасы мүшелерін дөңгелекпен белгілеңіз. Әр дөңгелекке аттарын жазып қойыңыз. Отбасы мүшелері бір-бірімен кеңеспей жеке дара толтыруды өтіну.

Нәтижесін шығару белгілері:

- Шеңбер ішіне енген отбасы мүшелері.
- Дөңгелектің көлемі.
- Дөңгелектердің бір-біріне қалай орналасуы.
- Арақашықтығы.

Бірінші белгі бойынша бағалау: отбасы мүшелерін қатар қойып шынайы өмірмен салыстыру. Отбасы мүшелері бірімен қақтығыста жүрсе, ол шеңберге кірмей қалады немесе бір жануарға теңей салады.

Екінші белгі бойынша дөңгелектің көлеміне назар саламыз, егер үлкен шеңбер жаққа салынса, ол адамның өзіндік бағалауы жоғары, ал дәл ортасына өзін немесе жақын адамын салса дарашыл тұлға бағытында. Ал төмен жағына салынса, өзіндік бағалауы төмен.

Үшінші белгіде дөңгелектердің орналасу тәртібіне көңіл бөлеміз. Кім-кіммен жақын, маңызды орында деген сұрақтарға жауап аламыз. Шеңбердің ішінде орналасуы баскамен салыстырғанда үлкен шеңберде болса, зерттелуші көзқарасында ол маңызды адам қатарына жатады.

Төртінші белгіде бір-бірінің үстіне салып, жаза берсе, отбасында дұрыс қатынастың болмауы туралы немесе өзара шекара жоқтығынан хабар береді. Отбасындағы өзара қатынас мұқият назар салып талдауды қажет етеді.

### **А. Яновтың біріншілік терапиясы.**

Артур Янов – американдық психолог, 60-жылдардың аяғында «біріншілік терапияның» негізін салушы, Лос-Анжелестегі біріншілік терапия институтында қызмет еткен.

Біріншілік терапияның негізінде балалық шақта пайда болған және есею процесімен қатар бұрынғы қанағаттанбаған қажеттіліктер невроздар мен психоздарға әкелетіні туралы тұжырымдама жасаған. А. Янов бұл жарақаттарды біріншілік деп атайды. Олар адамда қобалжу түрінде сақталады немесе психологиялық қорғаныс механизмдерінде трансформаланады. Біріншілік жарақаттар және қанағаттанбаған қажеттіліктер әр адам өтетін шынайы даму кезеңдерінен өтуге кедергі келтіреді, шынайы болуға жол бермейді, адамның өз сезіміне қалыпты баруға бөгет болады. Біріншілік жарақатпен байланысты қобалжулар психосоматикалық ауруларға әкелуі мүмкін.

Біріншілік терапия бойынша адам біріншілік жарақатты қайта басынан өткізу керек, оны туғызатын ситуацияға қайта оралып, айқайлаудың көмегімен одан босатылуы тиіс. Біріншілік



терапияның мақсаты барлық «шынайы емес жағдайлардан құтылу. Ол адамдарды кинайды, алкоголь, наркотиктерді, шылым шегуге итереді, яғни адам ішкі күйзелісінен құтылатын жол іздеп, алдамшы, уақытша босауға еліктейді. Терапия осылардан толық айықтырады. Осы регрессивті және невротикалық реакциялар адамды өткен өмірмен өмір сүруге, өзгермеуге, өмірді басқаша қабылдамауға итермелейді. Мұндай адамның әрекеті мен сөздері неврозбен негізделген, себебі бұрын өткен қандай да бір ситуацияда пайда болған сезімнен ол босатылмаған. Біріншілік терапия негізінде бұрынғы жарақаттардан туындаған сезім және сезінулерді идентифицирлеу, оларды келтіру және терапевтік өзгерістерді сезіну үшін қажет.

Біріншілік терапияны әр жастағы клиенттерді емдеуде қолданады: жасөспірімдер, сонымен қатар ересектерді емдеуде де. Психотерапияның бірінші фазасы шамамен үш аптаға созылады және осы аралықта мектепке немесе жұмысқа баруға болмайды. Емдеу курсы аса қарқынды – пациентпен күнделікті үшсағаттан жұмыс істейді. Үшінші апта аяқталғаннан кейін клиент біріншілік терапевтік топ жұмысына қосылады, ол 8-12 ай аралығында аптасына 2-3 реттен кездесуден тұрады.

Біріншілік терапияның жақсы жоспарланған процесі арнайы біліктілігі бар психотерапевпен бірлесе отырып клиенттің мәселесін талқылаудан басталады. Психотерапевтік сабақтар барысында ескі ойлар, реніштер және жарақаттар ашылады. Психотерапевт клиенттің басынан өткен сәттерді қайта еске түсіреді. Бұл кезеңдегі негізгі міндет біртіндеп психологиялық қорғанысты әлсірету. Клиент психотерапевтік топпен жұмысқа кіріскенде оның мәселесін талқылау жалғаса береді; мұнда ол топтың басқа мүшелерімен түрлі қарым-қатынасқа түседі. Клиент туғаннан бергі ерте балалық оқиғаларды еске түсіреді. Бұл кездегі психотерапевтің міндеті – клиентті сезімін аударатын нақты сол жайтты іздеуге итермелеу.

Топтық психотерапия терең тыныс алуға үйретумен байланысты, ол адамдарды невроздық дем алудан айығып, алғашқы уайымға жақындауға көмектеседі. Психотерапевт сонымен қатар қорғаныс механизмдерінің бірі болып табылатын сөйлеу мәнерін де өзгертумен жұмыс істейді. Осы және басқа да тәсілдердің

максаты – адамды біріншілік уайымға жақындату және сол кезде сезінген сезімдерді білдіруге мүмкіндік беру.

Біріншілік терапия курсы өткен клиенттер бұрынғы уайымдардан айығып, өмірлік ситуациялармен жақсы күресе бастайды. Олардың әрекеттері мағыналы бола бастайды және «шынайы» болады. Біріншілік терапиядан өткендер өздерінің эмоционалды және дене жағдайларын кез келген ситуацияда нақты бағалай бастайды.

А. Яновтың «шынайы болу» ол уайым, депрессия, фобилерден бос болу, шынайы өмір сүру деп түсіндірген болатын.

### **Ұжымның әлеуметтік-психологиялық қалпын анықтайтын «Жедел-әдістеме»**

Әдістеменің авторлары О.С. Михалюк және А.Ю. Шальто.

Тәжірибеде көрсеткендей, психологиялық қалыпты зерттеу екі мақсатты көздейді:

- Топ арасындағы психологиялық қалып ерекшелігін, қарым-қатынас болжамын (гипотезасын) жасауды және заңдылықтарды анықтайды.

- Ұжымдағы психологиялық қалыптың дамуына нақты тұжырымдар даярлайды.

Егер бірінші жағдай бойынша ұжымдағы психологиялық қалыпты анықтау болса, онда алдымен әрбір іс-шараның ұжымға қалай әсер ететінін үзіліс жасай отырып, бақылау қажеттігі туындайды, ал екінші мәселені шешу үшін әрбір жағдайға арнайы әдістеме құруды ойластыру қажет.

Авторлардың түсіндіруінше, психологиялық қалыптың әлеуметтік жағдайы, ол ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасын толығымен анықтауға көмектеседі.

Әдістеме арқылы когнитивті, эмоционалды және мінез-құлықтық қатынасты анықтауға болады.

Эмоционалды құрамды анықтауда жағымды көрсеткіштер арқылы «ұнамды – ұнамсыз», «жағымды – жағымсыз» түсініктерді анықтайды.

Мінез-құлықтық құрамды анықтауда ұжымда бірге жұмыс жасауды қалау немесе қаламау», «ұжым мүшелері жұмыстан

тыс уақытта бірге қарым-қатынаста болу немесе болмау» көрсеткіштерін анықтайды.

Когнитивті құрамды анықтауда «ұжым мүшелері бір-бірінің қасиеттерін білу» болып табылады.

### Тест материалы

**Нұсқау:** «Сізді, ұжымыңызда қалыптасқан психологиялық ахуалды байқауға қатысуыңызды сұранамыз».

Ұсынылған сұрақтарға жауап беру үшін:

а) жауаптың нұсқаларын зейін қойып оқып шығыңыз;

ә) сіздің пікіріңізге сәйкес бір жауапты таңдаңыз;

б) сіздің таңдаған жауабыңызға қарама-қарсы тор көзге «+» белгісін қойыңыз.

Төменде келтірілген тұжырымдардың қайсысы сіздің пікіріңізбен сәйкес, таңдау бойынша өз келісіміңізді белгілеңіз?

Біздің ұжымның басым көпшілігі жақсы, тартымды адамдар	
Біздің ұжымда әр түрлі адамдар бар	
Біздің ұжымда жағымсыздау адамдар көп	

Сіз, ұжым мүшелері бір-біріне жақын тұрса жақсы болар еді деп есептейсіз бе?

Әрине, жоқ	
«Ия»-дан гөрі «жоқ» деп жауап беремін	
«Білмеймін» ол туралы ойланбаппын	
«Ия» әрине	

Қалай ойлайсыз, толық мінездеме бере аласыз ба?

	Ия	Мүмкін	Білмеймін, ойланбаппын	Жоқ шығар	Жоқ
Ұжым мүшелерінің көпшілігінің іскерлік қасиетіне					
Ұжым мүшелерінің көпшілігінің жеке қасиеттеріне					

Төменде келтірілген шкалаға назар аударыңыз, 1 саны Сізге өте ұнайтын ұжымды сипаттайды, 9 саны Сізге өте ұнамайтын ұжымды сипаттайды. Ал Сіз өз ұжымыңызды қай торкөзге орналастырасыз?



1	2	3	4	5	6	7	8	9

Егер де демалыс күндердің бірін ұжым мүшелерімен бірге өткізу мүмкіндігі туындаса, сіз қандай ойда боласыз?

Толығымен келісемін	
Білмеймін, ол туралы ойланған жоқпын	
Мен тіпті келіспеймін	

Сіз, ұжым мүшелерінде кімдер қарым-қатынасқа іскерлік мәселелер бойынша түсетіндігі жайында жеткілікті сенімді айта аласыз?

Жоқ, айта алмаймын	
Айта алмаймын, бұл туралы ойланған емеспін	
Ия, айта аламын	

Сіздің ұжымыңызда қандай атмосфера (ахуал) басым?

Төменде келтірілген шкала бойынша 1 саны қалыпты емес, сыйластық-жолдастық төмен деңгейдегі атмосфераны көрсетеді, ал 9 саны керісінше өзара көмек, өзара түсіністік басым атмосфераны береді. Өз ұжымыңызды қай торкөзге орналастырасыз?

1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қалай ойлайсыз, егер сіз зейнетке шықсаңыз немесе белгілі бір себептермен ұзақ уақыт жұмыста болмасаңыз, өз ұжымыңыздың мүшелерімен кездесуді қалар ма едіңіз?

Ия, әрине	
Жоқ-тан гөрі ия	
Жауап беруге қиналамын	
Ия-дан гөрі жоқ	
Әрине жоқ	

*Нәтижені өңдеу*

Әдістемені қолдану арқылы алынған қорытынды қалыпқа келтірілген. Әрбір адамның ұжымға әртүрлі қатынасы жеке қорытындыланады.

Әрбір құрам өзіне қатысты үш сұрақтың жауабының жалпы қорытындысы арқылы анықталады:

жағымды баға (егер үш сұраққа жағымды жауап берілсе немесе екі жағымды Жауап және үшіншісі кез келген басқа белгідегі жауап);

жағымсыз баға (үш жағымсыз жауап немесе екі жағымсыз, ал үшіншісі кез келген басқа белгідегі жауап).

Анықталмаған, қарама-қарсы мағыналы баға (үш жауап та анық емес мағынада, екі анық емес мағынадағы және үшіншісі кез келген белгідегі жауап, бір анық емес және қалған екеуі әр түрлі белгідегі жауап).

Нәтижеге сай алынған жауаптарды бір кестеге біріктіру қажет.

Зерттелушілер	Эмоционалды құрам	Когнитивті құрам	Мінез-құлықтық құрамы
1			
2			
3			
...			
...			
№			

Осы кестенің әр жолағында үш: +;0 белгілерінің бірі тұруы қажет. Келесі кезеңде әр құрамды өңдеу арқылы ортақ баға шығарылады. Мысалы: эмоционалды құрам.

$$\bar{X} = \frac{Z(+)-Z(-)}{n}$$

бұл жерде  $Z(+)$  – қатардағы жағымды жауаптар саны

$Z(-)$  – қатардағы жағымсыз жауаптар саны.

$n$  – зерттелушілер саны.

Кез келген құрамға шығарылған ортақ баға  $-1; +1$  аралығында болады. Бұл аралық теңдей үш бөлікке бөлінеді:

$-1$ -ден  $-0,33$ -ке дейін,  $-0,33$ -тен  $+0,33$ -ке дейін,  $+0,33$ -тен  $+1$ -ге дейін.

Бірінші интервал – жағымсыз, екінші интервал – анықталмаған, үшінші интервал – жағымды қатынасты білдіреді.

Әрбір құрамның орташа көрсеткіші бойынша қарым-қатынас келесі тұжырымдарға бөлінеді: толығымен жағымды; жағымды; толығымен жағымсыз; жағымсыз; анықталмаған.

Сұрақ парағындағы 1,4 және 7 сұрақтары эмоционалды құрамды, 2, 5, 8 сұрақтары – мінез-құлықтық құрамды, 3, 6 сұрақтары когнитивті құрамды береді. 3 сұрақта екі тұжырымға бөлек жауаптар беріледі. Зерттеуге 5–10 минут уақыт беріледі. Нәтижені өңдеудің қарапайымдылығы оны тез қорытындылауға мүмкіндік береді.



## ГЛОССАРИЙ

**Психодиагностика** (психо... және diagnostikos – айырып тануға қабілетті) – адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы.

**Диагноз** – грек тілінен (diagnosis) аударғанда «тану» дегенді білдіреді.

**Диагностика** – зерттеу процесі немесе объект туралы толық ақпарат алудың жалпы тәсілі.

**Сенім** (лат. Veritas, verus – ақиқат, шындық) – діндегі басты дүниетанымдық ұстаным және белгілі бір қағидаларды (догматтарды) қалтқысыз қабылдауға және соларға сай өмір сүруге бағытталған психологиялық нұсқама.

**Акцентуация** – бұл орта есеппен айтқанда, белгілі бір ерекшеліктерінің дәрежесінің күшеюі.

**Авторитарлық** (латын тілінен autoritas – әсер, билік) – әрекеттегі және қарым-қатынастағы серіктестерін барынша өзінің әсерімен басқаруға тырысушылықты бейнелейтін, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мінездемесі.

**Агрессия** (латын тілінен aggredi – шабуылдау) – адамдар тобына немесе басқа бір адамға шығын әкелетін, физикалық немесе психологиялық шығын әкелуге бағытталған, жеке тұлғаның немесе ұжымның әрекеті.

**Адаптация** – сырттан тұрақты әсер еткен тітіркендіргіштерге түйсіну мүшелерінің бейімделуі.

**Зейін** – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады.

**Менталитет** ұғымы кейіннен ғана енген және шетел термині сияқты естіледі. Шетел ғылымында бұл термин қолданылмайды екен. Менталитет француз сөзінен аударғанда – руханилық деген мағына береді.

**Ойлау** – адам осының негізінде заттар мен шындық құбылыстардың елеулі белгілерін бейнелендіреді, олардың арасында болатын түрлі байланыстарды ашатын психикалық процесс.

**Сыртқы сөйлеу** – адаммен әңгіме не түрлі техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау.

**Жазбаша сөйлеуде** тілдік қатынас мәтін арқылы жанама болады. Жазбаша сөйлеудің ауызшаға қарағанда мазмұны жинақы келеді.

**Мәселе** (грек тілінен *problema* – міндет, тапсырма) – дайын жауап болмағандықтан, оған жауап табу үшін ізденуді, зерттеуді талап ететін теориялық немесе практикалық сұрақ.

**Мәселелік жағдай** – бұл субъектінің мәселемен кездесуіндегі психологиялық жағдайы, ол туған қиындықты шешуге көмектесетін жаңа әрекет тәсілдері немесе жаңа білімді игеруді талап ететін практикалық немесе танымдық міндетті шешу болып табылады.

**Мағыналық барьер** (француз тілінен *barriere* – бөгет, кедергі) – бір құбылыстың мәнін әр түрлі түсінудің нәтижесінде пайда болған адамдар арасындағы түсінбеушілік.

**Конфликт** (латын тілінен *conflictus* – қақтығыс) – қарама-қарсы бағыттағы оппоненттердің, субъектілердің максаттарының, көзқарастарының, бағыттарының қақтығысы.

**Конфликтік жағдай** – ұжымдағы ситуацияның қайшылығының күшейген шегі.

**Тәртіптегі ауытқушылық** – қоғамның моралдік, құқықтық талаптарына қарсы топтағы тұлғаның немесе тұлғалардың әрекетінің ұйымдаспаған түрі.

**Мағыналық кедергі** – қарым-қатынастағы серіктеске айтылған бұйрық, өтініш, талаптың мазмұнының сай келмеуінен олардың өзара түсінуіне және өзара әрекеттесуіне кедергі болып табылады.

**Тұлғаның құндылық бағыты** – өмірлік максаттарды жүзеге асыруда негізгі құрал ретінде тұлғамен бөлінетін әлеуметтік құндылықтар, ол осының негізінде тұлғаның әлеуметтік тәртібін реттейтін маңызды қызмет ретінде күшке енеді.

**Мінез** – әр адамның өзіне, басқа адамға, қоршаған ортаға қарым-қатынасын және беретін бағасын айтады.

**Темперамент** – әр адамның ойлау өрісінің, сезім көрінісінің, қимыл әрекетінің п.б. жылдамдығы әрі оның қуатын айтады.

**Сөйлеу** – адам ойының мазмұнын сыртқа дыбыс арқылы немесе графикалық белгілер арқылы жеткізілу жолын айтады.

**Тіл** – қарым-қатынас қызметі атынан белгілер жүйесі және ой қаруы.

**Ойлау** – қоршаған өмірдегі заттар мен құбылыстың бір-біріне ұқсас немесе айырмашылық ерекшелігін қарастыра отырып, жалпы заңдылығын ұғым ретінде қарастыру жолы.

**Психология** – адамның жан дүниесінің қырлары мен сырларын зерттейтін ғылым. Сонымен қатар адамды жануарлармен салыстыра отырып зерттейді. Бірақ бұл психология ғылымының мазмұны деп есептелмейді.

**Психотерапия** – өткеннің, қазіргінің және болашақтың тәртіптілігі,

ішкі үйлесімділік пен коршағандармен үйлесімділікке кол жеткізудің психологиялық процесі.

**Психологияның негізгі мазмұны** – адамның психикалық еріктігін, іс әрекетінің құпия жақтарын және оның мәнін зерттейді және адамның психологиялық ерекшелігін, іс-әрекетінің құпия жақтарын және оның мәнін зерттейді.

**Социометриялық әдіс** – әлеуметтік өлшемі әдісі.

**Көңіл-күй деп** – біршама бәсең, бірақ ұзаққа созылатын және көтеріңкі не басыңқы эмоциялық жағдайлар.

**Құмарлық** – бұл ұзақ, тұрақты әрі терең сезім. Көп жағдайда бұл жеке бастың жағдайы ретінде көрініс табады. Құмарлық адамның қызығушылығынан бір іс-әрекетке ерекше талпынысынан туады.

**Қақтығыс** (лат. тілінен *conflictus* – соғылысу) – жекелеген индивидтерді, өзара тұлғалық немесе тұлғааралық, адамдар тобы арасындағы ұшқыр эмоционалды бастан кешулермен байланысты карама-карсы бағытталған, бір-бірімен үйлеспейтін бағыттардың соғылысуы.

**Сурдопсихология** – есту мүшесі кем балалардың, саңыраулардың, мылқаулардың психологиясын бір жүйеге келтіріп, оқытып тәрбиелеу мәселесімен шұғылданады.

**Типлопсихология** – нашар көретіндердің, соқырлардың, су қараңғылар психологиясын зерттейді.

**Авторитет** – беделді (лат. *autoritas* – әсер ету, билік) – 1) индивидтің өзінің жағдайы, қызметі, статусы және тағы басқаға негізделген әсер етуі; 2) бірлескен әрекеттегі индивидтің жауапты шешім қабылдауындағы құқының мойындалуы.

**Тұлғаның белсенділігі** – адамның әлемге байланысты қоғамдық өзгерістерді жасай алу қабілеті, ол материалдық және рухани мәдениеттің байлығына негізделеді, шығармашылықта, еркін күресте, қарым-қатынаста байқалады; тұлға белсенділігінің интеграциялық сипаты – адамның өмірлік белсенді жағдайы, ол идеялық принципалдықпен, реттілікпен өзінің көзқарастарын, іс пен сөздің бірлігін қорғауымен байқалады.

**Альтруизм** (лат. *alter* – басқа) – тұлғаның құндылықтық бағыттылық жүйесі, онда моральдік бағаның критерийі мен мотивінің ортасы басқа адамның немесе әлеуметтік қауымның қызығушылықтары жатады.

**Өзара байланыс** (психологияда) – объектілердің (субъектілердің) өзара байланыс процесі, ол өзара тәртіп пен байланысты жасайды.

**Жеке тұлға** (ағылшын тіліндегі – *personality*) латын тіліндегі – «persona» деген сөзден шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмаларындағы театр көріністерінде әртістер киетін масканы аңғартты. Соған орай, басынан-ақ, «жеке тұлға» түсінігіне адам арнайы өмірлік рөлдерді ойнаған сәттерде индивидуалдылыққа кол жеткізетін сыртқы әлеуметті бейне қосылған, яғни айналасындағыларға бағытталған қоғамдық бет әлпет.



**Тұлғааралық байланыстар** – 1) кең мағынада – екі немесе бірнеше адамдардың кездейсоқ немесе әдейіленген, жеке немесе жалпылық, әрекеттік немесе қысқа мерзімдік, вербальді немесе вербальді емес тұлғалық қарым-қатынас, нәтижесінде өзара әрекеттер, қарым-қатынастар, жағдайлар, тәртіптер өзгереді; 2) тар мағынада – өзара реттелген индивидуальды әрекеттер, циклдік байланыстағы себептерге байланысты, оның барысында қатысушылардың барлығының әрекеті бір уақытта басқалардың әрекетіне стимул да, реакция да бола алады.

**Әсер ету** (психологияда) – индивидтің қарым-қатынас барысында басқа адамның әрекетін, құндылығын жасамақ болғанын, түсініктерін, бағасын және тағы басқаларын өзгерту процесі мен нәтижесі.

**Енгізу** – енгізуге арналған қабылдау деңгейі, белгіленген субъективті енгізу қарым-қатынасына түсуге және бас июге дайындығы.

**Достық** – тұрақты, индивидуальды-тандамалы тұлғааралық қатынастың түрі, мұнда қатысушылар өзара байланған, үйренген, өзара жауап сезімдерді және бас июді күтетін жағдайдың күшеюі.

**Роль** (әлеуметтік психологияда) (франц. *role*) – тұлғаның әлеуметтік функциясы; қабылданған нормаларға сәйкес адамдардың қауымдастықтағы, тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі статустарына немесе позициясына байланысты әрекеті.

**Топтық нормалар** (лат. *norma* – басқарушы бас, нақты жазбалар, үлгі) – әрбір шынайы функцияланатын қауымның шығарған тәртіп пен талаптың барысы және аталған топтың мүшелерінің өзара байланысты, қарым-қатынасын реттеудегі маңызды рөлдік құрал.

**Проекция** (лат. *projectio* – алға тастау) – индивидке бей-жай елесті сыртқы дүниеге біржакты теңейтін психикалық процестің көрінісі.

**Тест** (ағылшынша *test* – тексеру) тұлғаның белгілі бір психологиялық құрамының даму деңгейін, білімін анықтауға көмектесетін тапсырмалар жүйесі.

**Экспрессивтілік** (лат. *expressio* – көрсету) – эмоциялық күйді көрсете алу.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анастаси А. Психологическое тестирование. – Т. 1, 2. – М., 1982.
2. Выготский Л.С. Собрание сочинений. В 6 т. – М., 1984.
3. Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М. Словарь-справочник по психодиагностике. – СПб., 1999.
4. Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика. – СПб., 2003.
5. Кабанов М.И., Личко А.Е. Методы психодиагностики и коррекции в клинике. – Л.: Медицина, 1983.
6. Мальников В.М., Ямпольский Л.Т. Введение в экспериментальную психологию личности. – М., 1985.
7. Соколова Е.Т. Проективные методы исследования личности. – М., 1980.
8. Альманах психологических тестов. – М., 1996.
9. Абрамова Г.С. Практическая психология. – Екатеринбург, 1998.
10. Мижериков В.А., Ермоленко М.Н. Введение в педагогическую деятельность. – М., 2002.
11. Никитина Н.Н., Кислинская Н.В. Введение в педагогическую деятельность. – М., 2004.
12. Рувинский Л.И. Мамандыкка кіріспе. – Алматы, 1991.
13. Урунбасарова Ә.А. Этика преподавателя. – Алматы, 2004.
14. Чернакозов И.И. Профессиональная этика учителя. – Алматы, 1988.
15. Коломинский Я.Я. Человек: психология. – М., 1986.
16. Кан-Калик В.А. Грамматика общения. – М., 1995.
17. Карманова Ж.А. Курс лекций по дисциплине «Психология младшего школьника»: спец. 050103 «Педагогика и психология». – Караганда: Карагандинский гос. ун-т. – 2006.
18. Кузнецова С. Развитие одаренности младших школьников: электронный учеб. – Караганда: Инновационно-технолог. центр, 2007.
19. Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы. – Алматы, 1987.
20. Психология современного подростка/ под ред. Д.И. Фельдштейна. – М., 1995.
22. Практические занятия по детской психологии / Г.А. Урунтаева и др. – Алматы, 1995.
23. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога. Книга 1-2. – М., 2001.
24. Райс Филип. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб., 2000.
25. Слостенин В.А. Психология и педагогика. – М., 2004.
26. Сабирова Р.Ш. Некоторые аспекты социально-психологического климата в коллективе. – Караганда, 2002.

## ТЕСТІК СҰРАҚТАР

### 1. Тұлғаның дамуына әсер ететін жетекші факторлар:

- A) Жалпылау
- B) Өзін-өзі тәрбиелеу
- C) Орта, тәрбие, тұқымқуалаушылық
- D) Отбасы
- E) Жолдастары

### 2. Төменгі мектеп жасындағы зейін:

- A) Әдеттенбеген
- B) Әдетті
- C) Эпизодтық
- D) Күштеп
- E) Жаңғалақтық

### 3. Даму – бұл:

- A) Ескіні жою және жаңаның пайда болуы
- B) Уақыт ішінде әр қилы факторлардың ықпалымен жүзеге асатын адам ағзасындағы сандық және сапалық өзгерістер
- C) Өмір мен қызмет процесі барысында жүзеге асатын адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қалыптасуы
- D) Сандық өзгерістердің адам ағзасында жинақталуы
- E) Алдын ала көзделген сапалық қасиеттердің адамдарда қалыптасуының белгілі бір мақсатқа бағытталған процесі

### 4. Ата-анадан балаға тұқымқуалаушылық арқылы беріледі:

- A) Нышан, адамның жеке қабілетін дамытудың қызметі
- B) Мінез-құлық белгілері
- C) Әртүрлі іс-әрекетке қабілеті
- D) Ойлау қабілеті
- E) Адамдарға қарым-қатынас

### 5. 5-8 сынып оқушыларының қарым-қатынасына әсер етушілер:

- A) Ата-аналар пікірі
- B) Оқытушының пікірі
- C) Өзінің пікірі
- D) Ұжымның пікірі
- E) Жолдастарының пікірі

### 6. Жоғары сынып оқушыларының бір нәрсеге қарым-қатынасының қалыптасуына көбірек әсер ететін пікір:

- A) Өз пікірі



- В) Жолдастарының пікірі
- С) Оқытушы пікірі
- Д) Ата-ананың пікірі
- Е) Ұжымның пікірі

7. Оқушылардың мінез-құлық және іс-әрекетін ынталандыру әдісіне жататындар:

- А) Жаттығу
- В) Мадақтау
- С) Үлгі
- Д) Сынып сағаты
- Е) Диспут

8. Оқушылардың ақиқатқа көзін жеткізудің шынайы көріністері:

- А) Пікірталасқа қатысуы
- В) Сабақтағы жауабы
- С) Оқушылардың іс-әрекетке араласуы
- Д) Жиналыста сөйлеуі
- Е) Искерлік ойындарға араласуы

9. Тәрбиені бекіту көмегімен жүріс-тұрысты қалыптастыратын жүйе ретінде тәрбие моделінің әртүрлілігі ..... болып табылады.

- А) Социетарлы
- В) Технократты
- С) Прагматикалық
- Д) Антропоцентрикалық
- Е) Гуманистік

10. Қоршаған ортадағы адамдардың өзара қарым-қатынасымен, әлеуметтік тәсілдерімен, қоғам құрылымындағы тұлға ерекшеліктерін қамтыған бағыттарды ..... қолдаған.

- А) Биогенетикалық
- В) Социогенетикалық
- С) Психогенетикалық
- Д) Екі факторлы
- Е) Прогматикалық

11. Тұлғаның «Мен – концепциясының» басты авторы:

- А) В.С. Агапов
- В) К. Роджерс
- С) Э. Бернс
- Д) В.В. Столин
- Е) З. Фрейд

**12. Оқушылардың ғылыми көзқарасының жоғары деңгейде қалыптасуына мүмкіндік береді:**

- A) Бағдарламаланған
- B) Дәстүрлі
- C) Мәселелік
- D) Догматикалық
- E) Технологиялық

**13. Бірлікке жетуді талап ететін және оған қатысты барлық компоненттері мен факторын құрайтын қағиданың мәні:**

- A) Табиғи бейнелі
- B) Ақпаратталған
- C) Демократизациялы
- D) Тұтасталған
- E) Мәдени бейнелі

**14. Мына анықтамаға тұлғаның қандай рөлі бәрінен бұрын сәйкес келеді: сыртқы жағдайдың өзгерісіне сәйкес өзін реттеп «үнемі жаңа білімдерді игеріп, дағдыларымен бірге дамытатын адамның бұл рөлі»:**

- A) Үздіксіз оқитын тұлға
- B) Мәдениеттің дамуына үнемі қатынасушы
- C) Жоғары білімді жұмысшы
- D) Жетілетін тұлға
- E) Ақпараттанған тұлға

**15. Мына анықтамаға тұлғаның қандай рөлі бәрінен бұрын сәйкес келеді: «Бұл рөлде қоғам мен тұлғаны қалыптастыратын мәдениеттің маңызды аспектілерін жан-жақты түсінетін және бағалай білетін, мәдени және шығармашылық іс-әрекетке қатысатын адам».**

- A) Жетілетін тұлға
- B) Жоғары білімді жұмысшы
- C) Мәдениеттің дамуына үнемі қатынасушы
- D) Үздіксіз оқитын тұлға
- E) Ақпараттанған тұлға

**16. Жалпы және арнайы бөлімдерімен қатар, ғылымдағы техниканы тез меңгеретін; аналитиканың ойлауымен, әлеуметтік-психологияның біліктілік мәселелерімен сипатталатын – бұл:**

- A) Тұлға
- B) Азамат
- C) Маман
- D) Қайраткер
- E) Студент

**17. Психологиялық диагностиканың негізгі принциптері:**

- A) Табиғи, нақтылық, психологиялық
- B) Нақтылық, айналадағы ақиқат дүниемен адамның өзара әрекетін трансформациялау, индивидуалды
- C) Индивидуальды, коршаған ортаны сезу
- D) Нақтылық, жекеленген орта
- E) Айналадағы ақиқат дүниемен адамның өзара әрекеті, психологиялық

**18. Адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы ретіндегі ғылым:**

- A) Педагогикалық диагностика
- B) Педагогикалық психология
- C) Психологиялық диагностика
- D) Психология тарихы
- E) Жас ерекшелік психологиясы

**19. Дүниетанымның қызметіне төмендегі ұсынылған қызметтердің қайсысы жатпайды:**

- A) Экономикалық
- B) Тәрбиелік
- C) Ағартушылық
- D) Дамытушылық
- E) Ұйымдастырушылық

**20. Дамуды қамтамасыз етудегі ішкі факторлардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамның тәжірибелерінің тәсілдерін менгеретін процесс:**

- A) Өзін-өзі оқыту
- B) Өзін-өзі тәрбиелеу
- C) Өзін-өзі білімдендіру
- D) Өзін-өзі реттеу
- E) Өзіндік стимуляция

**21. Өзіндік дамуға бағытталған ұрпақтан-ұрпаққа жетелеу тәжірибесіндегі өзін-өзі ұйымдастырудың сыртқы жүйесі:**

- A) Өзін-өзі білімдендіру
- B) Өзін-өзі оқыту
- C) Өзін-өзі тәрбиелеу
- D) Өзін-өзі реттеу
- E) Өзіндік стимуляция



**22. Қысқа мезетте бөлініп, өз-өзіне жасалынған бұл әдістің өзін-өзі тәрбиелеу қалай аталады:**

- A) Өзін-өзі сендіру
- B) Өзін-өзі бақылау
- C) Өзін-өзі көндіру
- D) Өзіндік бұйрық
- E) Өзін-өзі бекіту

**23. «Мектептегі оқуға қабілетін» зерттеу әдістемесі кімнің есімімен байланысты:**

- A) Г. Вицлаг
- B) Д.Б. Эльконин
- C) Л.С. Выготский
- D) Л.А. Венгер
- E) Н.Ф. Талызина

**24. Жеке тұлға қалыптастыру дегеніміз:**

- A) Адам ағзасындағы сандық өзгерістер процесі мен нәтижесі
- B) Әр түрлі жағдайлардың адамдардың саналы қызметіне тәуелсіз түрде ықпал етуі
- C) Нақты тәрбиелеу міндеттеріне бағытталған тәрбиелеу жұмыстары процесі мен нәтижесі
- D) Барлық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және т.с.с. ықпалымен адамның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасуы
- E) Игерілген білімдер негізінде практикалық және теориялық әрекеттерді саналы және өз бетінше орындауға дайындық

**25. Тұлғаның дамуына әсер ететін жетекші факторлар:**

- A) Орта, тәрбие, тұқымқуалаушылық
- B) Өзін-өзі тәрбиелеу
- C) Жалпылау
- D) Отбасы
- E) Жолдастары

**26. Ата-аналардың мынадай қасиеттері балаларына беріледі:**

- A) Әлеуметтік тәжірибе
- B) Жүйке жүйесінің типтері, темперамент, көзінің түсі
- C) Интеллектуалдық іс-әрекеттің ерекшеліктері
- D) Адамгершілік сапалары
- E) Моральдік қасиеттер

**27. Тұлға санасын қалыптастыру әдістері:**

- A) Жаттығулар, үйрету, талап ету, тапсырма беру, тәрбиелік жағдайларды тапсыру

- В) Жарыс, ынталандыру, жазалау
- С) Тәжірибелер, жаттығулар, оқу өндірістік еңбек
- Д) Әңгіме, түсіндіру, дәріс, эстетикалық әңгіме, иландыру, пікірталас, мысал келтіру
- Е) Иллюстрация, демонстрация, оқушыларды бақылау

### 28. Акселерация –

- А) Балалық және жасөспірімдік жастағы балалардың физиологиялық және психологиялық жылдам дамуы
- В) Жеке тұлғаның алдына қойған мақсатқа жетудегі табандылық көрсетуі
- С) Жеке тұлғаның белсенді іс-әрекет процесі
- Д) Адамның өзіндік жеке дара дамуы
- Е) Ой-өрісінің дамуы

### 29. Жеке тұлға дамуының негізгі қозғаушы күші:

- А) Тәрбие принципі
- В) Қарама-қайшылық
- С) Тәрбие әдісі
- Д) Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі
- Е) Тұқымқуалаушылық

### 30. Жеке басты қалыптастыру және дамыту шарттары негізінен:

- А) Жеке адамның тұқым қуалаушылық және биологиялық ерекшеліктеріне
- В) Ата-аналарының қалауы мен материалдық жағдайларына
- С) Тәрбиенің жалпы бағыты мен мазмұнына
- Д) Оқу мекемелеріне байланысты
- Е) Тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта және тәрбиеге

### 31. Психодиагностика ғылым ретінде қай ғылым саласында бастапқы орынға ие:

- А) Психология
- В) Тарих
- С) Педагогика
- Д) Психиатрия
- Е) Әлеуметтік психология

### 32. Бірінші дүниежүзлік соғыс қарсаңында топтық тест қай елде дүниеге келді:

- А) АҚШ
- В) Ресей
- С) Испания

- D) Рим
- E) Греция

### 33. Педагогикалық диагноз:

- A) Оқушының қабілетін, мінезіндегі ауытқуларды, оқу барысында кездесуі мүмкін қиындықтарды, мектеп бағдарламасын игеруі туралы мәліметтерді негізінде, оның оқу іс-әрекеттерін бақылау және нәтижелерін талдау арқылы қойылады
- B) Жеке тұлғаның даралық-психологиялық ерекшеліктерінің мәнін сипаттау
- C) Мектеп бағдарламасын игеруі туралы мәліметтерді жою
- D) Қалыпты күйдегі, сондай-ақ патологиядағы даралық-психологиялық айырмашылықтарды анықтау
- E) Оқушының қабілетін, жеке тұлғаның ерекшеліктері туралы

### 34. Тұлғаның дамуындағы негізгі басты идеялар:

- A) Тәрбие мақсатының реализм идеясы
- B) Ересек адамдармен бірлесу идеясы
- C) Тәрбие бағыттарының дербес идеясы
- D) Тәрбие бағыттарының ұжымдық идеясы
- E) Бәрі дұрыс

### 35. Балалық шақта қоршаған орта шындығын игеруге бағытталған іс-әрекет түрі:

- A) Оқу
- B) Еңбек
- C) Ойын
- D) Әңгіме
- E) Түрткі

### 36. Танымға деген ұмтылыста көрінетін жоғарғы сезім:

- A) Қызығушылық
- B) Ақыл-ой
- C) Табандылық
- D) Адамгершілік
- E) Эстетикалық

### 37. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыруға болады:

- A) Дәстүрлік емес оқу әдістерін пайдалану арқылы
- B) Дәстүрлік оқу әдістерін пайдалану арқылы
- C) Сабақта сұрақтардың санын көбейту арқылы
- D) Тек ауызша сұрау әдістері арқылы
- E) Жазалау әдісі арқылы



**38. Жас ерекшелік педагогикасына қатыстылар:**

- A) Еңбек педагогикасы
- B) Арнаулы педагогика
- C) Сәбилер педагогикасы, мектеп педагогикасы, жоғарғы мектеп педагогикасы
- D) Этнопедагогика
- E) Салыстырмалы педагогика

**39. Тұлғаның әлеуметтік дамуының құралы не болып табылады:**

- A) Мәдени көңіл көтеретін орындарға бару
- B) Ұжым
- C) Теледидар көру
- D) Жалғыз қалу
- E) Кітап оқу

**40. Оқушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанымен табиғи жағдайда таныстыру қай әдіске жатады:**

- A) Иллюстрация
- B) Бакылау
- C) Демонстрация
- D) Зертханалық
- E) Жаттығу әдісі

**41. Алғашқы психологиялық тестер қандай кітаптарда енгізілген:**

- A) Библия, сот
- B) Сот, психологиялық
- C) Библия, педагогикалық, әдеби
- D) Сот, педагогикалық, психологиялық
- E) Әдеби, өнер, библия, сот

**42. Педоцентристік жүйеде оқытудағы белсенді іс-әрекет иесі:**

- A) Мұғалім
- B) Көрнекілік әдістері
- C) Шәкірт
- D) Бөгде адам
- E) Мұғалім және оқушы

**43. Диагностикалық тексерулерде нақты емес стимул ретінде пайдалану қандай психодиагностикалық әдістің мәнді белгілері болып табылады:**

- A) Тест
- B) Сұрақ
- C) Проективті техника
- D) Өнімнің іс-әрекетін талдау

Е) Байкау

**44. Алғаш рет әрекет тестісін ұсынған ғалым:**

- А) А.А. Бодалев
- В) Бине
- С) Э. Сеген
- Д) В.В. Столина
- Е) К.М. Гуревич

**45. Диагноз түрлері:**

- А) Нышандық немесе эмпириялық, этнологиялық, типологиялық
- В) Эмпириялық, өзіндік, дәстүрлі
- С) Типологиялық, дәстүрлі, еңбектік
- Д) Дәстүрлі, типологиялық, этнологиялық
- Е) Нышандық, өзіндік, еңбектік

**46. Жеке тұлғаның дамып, қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар:**

- А) Тәрбие
- В) Тұқымқуалаушылық
- С) Орта
- Д) Қоғамның сұранысы
- Е) Заман ағымы

**47. Ұжымдық таным іс-әрекетінің түрлеріне жатпайды:**

- А) Оқушының топтық іс-әрекеті
- В) Микротоптармен жұмыс
- С) Оқушының сабақтағы жауабы
- Д) Іскерлік ойын
- Е) Проблемалық жағдайды бірлесе шешу

**48. Адамның оқытудан, жалпы және кәсіптік дайындығынан сон білім, дағды, іскерлік, қабілеттің жылжу дәрежесін бағалау үшін берілген тесттер:**

- А) Арнайы қабілет тесттері
- В) Интеллект тесттері
- С) Жетістік тесттері
- Д) Жағдайлық тесттері
- Е) Жеке бас тесттері

**49. Адамның өзін қоршаған әлемдегі орнын, функциясын, не үшін жаралғанын түсінуі және оның функционалды жетілу үрдісі деген:**

- А) Институционализациялау

- B) Тәрбиелену
- C) Бұзылу
- D) Білім алу
- E) Қалыптастыру

**50. Тұлға санасын қалыптастыру әдістері:**

- A) Жаттығулар, үйрету, талап ету, тапсырма беру, тәрбиелік жағдайларды тапсыру
- B) Әңгіме, түсіндіру, дәріс, эстетикалық әңгіме, иландыру, пікірталас, мысал келтіру
- C) Жарыс, ынталандыру, жазалау
- D) Тәжірибелер, жаттығулар, оқу-өндірістік еңбек
- E) Иллюстрация, демонстрация, оқушыларды бақылау

Сұрақ номері	Дұрыс жауабы (A, B, C, D, E)	Сұрақ номері	Дұрыс жауабы (A, B, C, D, E)	Сұрақ номері	Дұрыс жауабы (A, B, C, D, E)
1	C	22	D	43	C
2	A	23	A	44	C
3	B	24	D	45	A
4	A	25	A	46	A
5	E	26	B	47	C
6	A	27	D	48	C
7	C	28	A	49	E
8	A	29	B	50	A
9	D	30	E		
10	A	31	D		
11	B	32	A		
12	A	33	A		
13	D	34	A		
14	A	35	C		
15	C	36	B		
16	A	37	A		
17	B	38	C		
18	C	39	A		
19	A	40	C		
20	B	41	A		
21	A	42	C		



## ҚОСЫМШАЛАР

*1-қосымша*

### Педагог-психолог маманның диагностикалық іс-әрекетінің үлгі жоспары

Айлары	Іс-әрекет түрлері		
	Диагностика	Консультация	Профилактика
1	2	3	4
Қыркүйек	<p>1. Мектептегі оқуға әзірлікті жеке диагностикалау (1 сынып).</p> <p>2. «Шындықты анықтау» тәрбиелік шараларының кезеңін өткізуді психологиялық қамсыздандыру және диагностикалық көмек (сыныптық ұжымды және топтық жұмылу деңгейін зерттеу) (5-10 сыныптар).</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p> <p>2. Педагогтарға сыныптық ұжымды және топтық жұмылу деңгейін зерттеулер нәтижелері бойынша кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топтық әңгімелер.</p>
Қазан	<p>1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сыныптар).</p> <p>2. Балалардың наркопосттар жұмысы шеңберіндегі салауатты өмірге қатынасына алғашқы диагностика.</p> <p>3. Оқушы тұлғасының өзін-өзі бағалауына диагностика.</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p> <p>2. Балалардың салауатты өмір салтына қатынасын зерттеу нәтижелері бойынша педагогтарға кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме жүргізу.</p> <p>2. Кікілжіндік жағдайлардың алдын-алу (оқушылардың өзін-өзі бағалауын диагностикалау нәтижесі бойынша).</p>

Караша	<p>1. Оқушылар тұлғасын жеке диагностикалау (5-10 сынып).</p> <p>2. Тұлғалық-бағдарлық оқытудың оқушылардың психологиялық жағдайына әсерін алғашқы зерттеу.</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.</p> <p>2. «Мұғалімдер мен мектеп психологының өзара іс-әрекеті мектептегі эксперименттік жұмыстың табыстылық факторы» тақырыбындағы мұғалімдер мен әкімшілікке арналған семинарларды ұйымдастыру және өткізу.</p>
Желтоқсан	<p>1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сыныптар).</p> <p>2. Оқушының танымдық сферасын зерттеу (интеллектуалды даму және жұмыс қабілеттілік деңгейі).</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p> <p>2. Интеллектуалды даму және жұмыс қабілеттілік мәселелер бойынша кеңес.</p> <p>3. Жас сынып жетекшілеріне түрлі психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.</p> <p>2. «Жас сынып мектебі» жұмысын психологиялық қамсыздандыру.</p> <p>3. Оқушылардың жастық психологиялық ерекшеліктері мәселелері бойынша сынып жетекшілері алдында сөйлеу.</p>

Қаңтар	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Жас сынып жетекшілерінің тұлғалық ерекшеліктеріне диагностика.	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.
Ақпан	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Оқушының көңіл-күйі сферасын зерттеу (жағдайлық және жеке алаңдаушылық деңгейі).	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес. 2. Педагогтар мен ата-аналарға оқушылардың психологиялық мәселелері бойынша (оқушылардың психологиялық жағдайының қолайлылық деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша).	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу. 2. Оқушылар мен педагогтарда келеңсіз көңіл-күйді бастан кешірудің және психологиялық жағдайлардың алдын алу.
Сәуір	1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып). 2. Балалардың наркопосттар жұмысы шеңберіндегі қатынасы екінші диагностика.	1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес. 2. Педагогтарға, оқушылар мен ата-аналарға салауатты өмір салтындағы мәселелер бойынша кеңес.	1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу. 2. 5-10 сынып оқушыларымен шылым шегушілер мен нашакорлар мәселелері туралы әңгіме.



Мамыр	<p>1. Оқушы тұлғасына жеке диагностика (5-10 сынып).</p> <p>2. Балалардың интеллектуалды және мәдени дамуының мониторингі.</p> <p>3. Тұлғалық-бағдарлық оқытудың оқушылардың психологиялық жағдайына әсерін екінші зерттеу.</p>	<p>1. Оқушылар мен ата-аналарға ағымдағы кеңес.</p> <p>2. Педагогтарға, оқушылар мен ата-аналарға интеллектуалды және мәдени даму мәселелері бойынша кеңес.</p>	<p>1. Ата-аналар, педагогтар және оқушылармен көкейкесті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жеке және топпен әңгіме өткізу.</p> <p>2. Педагогикалық кеңесте тұлғалық-бағдарлық оқытуды гимназияға енгізу жөніндегі эксперимент нәтижелері бойынша сөйлеу.</p>
-------	---	---	--

2-қосымша

### Практикалық (семинар) сабақтарының тақырыптар тізімі

- Психодиагностиканың ғылыми негізі.
- 1901 жылдан 1920 жылдың аяғына дейінгі психодиагностиканың даму жолдары.
- 1930-1960 жылдар арасындағы психодиагностиканың даму жолы.
- 1960-1990 жылдар арасындағы психодиагностиканың даму жолы.
- Білім жүйесіндегі тест түрлері.
- Тесттердің мазмұны.
- Шығармашылық қабілет мәселелері.
- Интеллектуалды даму критерийлері.
- Жеке қасиеттер психодиагностикасының бағыттары.
- Жеке тұлға типологиялары.
- Темперамент теориясы, типтері және мазмұны.
- Жеке және эмоционалды ерік-жігер сфералардың бұзылуы.
- Психодиагностика және психологиялық түзетулер.

### Лабораториялық сабақтардың тақырыптар тізімі

- Жеке және арнаулы қабілеттердің көрінісі.
- Интеллектуалды даму жолының диагностикасы.
- Жеке тұлға қабілеттерінің даму жолының көрінісі.

- Жеке адамның кәсіби бағытылығы.
- Таным процесінің диагностикасы.
- Креативті ойлау әрекетінің диагностикасы.
- Тұлға аралық қатынастардың диагностикасы.
- Проективті әдіс.
- Психокоррекциялық жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері.
- Психикалық бұзылуларға ие жеке адамды диагностикалау.

3-қосымша

## Студенттің өзіндік жұмыс тапсырмалары

№ Тақырып №	Тапсырмалар	Мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Бақылау формасы	Тапсыру мерзімі	Жоғарғы балл
№ 1	Баланың мектепке психологиялық дайындығын диагностикалау әдістерін талдаңыз.	Баланың мектепке психологиялық дайындығын диагностикалау тұрғысынан анықтау.	Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М. Словарь-справочник по психодиагностике. СПб., 1999.	жазбаша	1 апта	2
№ 2	Клиникада психодиагностика әдістері (С.Я. Рубенштейн).	Клиникада психодиагностика әдістері бойынша сұрақтар тізімін жасау.	Диагностика психодиагностического развития/ под. ред. И.Шванцары – Прага, 1978.	жазбаша	2 апта	2
№ 3	ММРІ әдістемесі.	ММРІ әдістемесін өзіндік тұрғыдан түсіндіру.	Кабанов М.И., Личко А.Е. Методы психодиагностики и коррекции в клинике. – Л., 1983.	жазбаша	3 апта	2
№ 4	Дифференциалды-диагностикалық сұрақтама (ДДО).	Дифференциалды-диагностикалық сұрақтаманың (ДДО) басым бағыттарына назар аудару.	Диагностика психодиагностического развития/ под. ред. И.Шванцары – Прага, 1978.	жазбаша	4 апта.	2
№ 5	«Кәсіптік таңдау» Хохланд сұрақтамасы.	«Кәсіптік таңдау» Хохланд сұрақтамасы зерттеу әдістерін топтастыра отырып, бір жүйеге келтіру.	Методы педагогических исследований / под ред. А.И.Пискунова, Г.В.Воробьева/ - М., 1979.	жазбаша, кесте жасау	5 апта.	2
№ 6	Люшердің көп түсті тесті.	Люшердің көп түсті тестіне байланысты маманның бейнесін көрсету.	Анастаси А. Психологическое тестирование. Т. 1, 2 – М., 1982.	жазбаша	6 апта.	2
№ 7	Д. Векслер шкаласы.	Д. Векслер шкаласына мән беріп, талдаңыз.	Блейхер В.М. Клиническая патопсихология. – Ташкент, 1976.	жазбаша	7 апта.	2
№ 8	Р. Амтхауэрдің интеллект структурасын анықтау тесті.	Р. Амтхауэрдің интеллект структурасын анықтау тестіне жауап беру.	Общая психодиагностика./ под. ред. Бодалева А.А., Столин В.В. – М., 2003.	жазбаша	8 апта.	2

№ 9	Дж. Гильфордтын шығармашылык ойлауды анықтау тесті.	Дж. Гильфордтын шығармашылык ойлауды анықтау тестіне мән бере отырып интерпритация жасанғыз.	1. Соколова Е.Т. Проективные методы исследования личности. – М., 1980. 2. Степанов С.С. Психология в лицах. – М., 2001.	жазбаша	9 апта.	2
№ 10	Социометриялык әдістер.	Социометриялык әдістерін зерттеп қағазға түсірініз.	Кабанов М.И., Личко А.Е. Методы психодиагностики и коррекции в клинике. – Л.: Медицина, 1983.	жазбаша	10 апта.	2
№ 11	«Мінез акцентуациясы» Шмишек сұрақтамасы.	«Мінез акцентуациясы» Шмишек сұрақтамасына мән берініз.	Мальников В.М., Ямпольский Л.Т. Введение в экспериментальную психологию личности. – М., 1985.	жазбаша	11 апта.	2
№ 12	Томас сұрақтамасы.	Томас сұрақтамасы әдісі қандай жағдайларда пайдаланылатынын дәлелденіз.	Общая психодиагностика / под ред. Бодалева А.А., Столин В.В. – М., 2003.	жазбаша	12 апта	2
№ 13	Фрустрацияны анықтауға арналған (Розенвейг) әдістемесі.	Фрустрацияны анықтауға арналған (Розенвейг) әдістемесі.	Психодиагностика и школа / под ред. Гуревича К.М. – Таллин, 1980.	жазбаша	13 апта.	2
№ 14	«Үй-ағаш-адам» әдістемесі.	«Үй-ағаш-адам» әдістемесіне сипаттама берініз.	Мальников В.М., Ямпольский Л.Т. Введение в экспериментальную психологию личности. – М., 1985.	жазбаша сурет салу	14 апта	2
№ 15	«Жанұя» әдістемесі.	«Жанұя» әдістемесінің мазмұнын айқындау.	Методы педагогических исследований / под ред. А.И. Пискунова, Г.В. Воробьева/ – М., 1979.	жазбаша	15 апта	2



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<b>1-бөлім. ПСИХОДИАГНОСТИКАҒА КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
1.1. Психодиагностика түсінігі және курстың мазмұны мен міндеттері.....	6
1.2. Психологиялық-педагогикалық диагностиканың психология салаларымен байланысы .....	11
1.3. Педагог-психолог қызметі және оның психодиагностикадағы орны.....	14
<b>2-бөлім. ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ .....</b>	<b>28</b>
2.1. Психодиагностиканың эксперименталды психология саласында құрылуы .....	28
2.2. Психологиялық тестілеудің шығуы. Тесті құру технологиясы мен психодиагностиканың негізгі инструменті. Тесттің түрлері. Проективті әдістер, модельдер, ұғымдар.....	33
<b>3-бөлім. ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАНЫМАЛ ТҮРЛЕРІ .....</b>	<b>40</b>
3.1. Психодиагностикалық әдістердің анықталу түсінігі .....	40
3.2. Сауалнама әдістердің анықтамасы .....	50
<b>4-бөлім. ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫ .....</b>	<b>52</b>
4.1. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың диагностикасы.....	52
4.2. Жалпы және арнаулы қабілет диагностикасы.....	58
4.3. Интеллектуалды дамудың психологиялық-педагогикалық диагностикасы.....	63
4.4. Өзіндік бағалау, мінез, эмоция, ерік-жігер сферасы, тұлғааралық қатынастар диагностикасы.....	66
<b>5-бөлім. КӘСІБИ ПСИХОДИАГНОСТИКА .....</b>	<b>76</b>
5.1. Кәсіби таңдау мен кәсіби бағытталудағы психодиагностика .....	76
5.2. Психодиагностиканың этикалық және кәсіби нормалары.....	89
Диагностикалық әдістемелердің жүргізілу үлгілері.....	93
Глоссарий.....	120
Пайдаланылған әдебиеттер .....	124
Тесттік сұрақтар .....	125
Қосымшалар .....	135

*Оқу басылымы*

*Ұлмекен Болатқызы Төлешова*

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЖЕКЕ АДАМ ДИАГНОСТИКАСЫ**

*Оқу құралы*

Редакторы *Агила Шуриева*

Компьютерде беттеген *Сәуде Сарпекова*

Мұқабасын көркемдеген *Ринат Сқақов*

**ИБ №5778**

Басуға 25.04.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1/16</sup>. Көлемі 8,75 б.т.

Оффсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4449.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.



•ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ,  
БАСПАСЫ